

---

# **ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ**

---

**альманах**

**№1 (45) / 2017**



**ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ**

## альманах

Қазақстан  
Республикасының  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігінде тіркеліп,  
№ 516-ж куәлігі берілген  
(14.06.2004)

**Бас редактор**  
Қонысбай Әбіл

### **Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт  
министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-  
саяси жұмыс комитеті

### **Редакциялық алқа**

#### **Қуаныш Асыллов**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және  
спорт министрлігі  
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс  
комитетінің төрағасы

#### **Өмірзақ Айтбайұлы**

ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық «Қазақ тілі»  
қоғамының президенті

#### **Қойшығара Салғараұлы**

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы

#### **Сұлтан Оразалинов**

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген  
қайраткері, жазушы

#### **Асылы Осман**

«Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің  
төрайымы

#### **Дихан Қамзабекұлы**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің проректоры, ҚР ҰҒА  
корреспондент мүшесі

#### **Дос Көшім**

«Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы



**ҚУАНЫШ АСЫЛОВ**

*Қазақстан Республикасы*

*Мәдениет және спорт министрлігі*

*Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси*

*жұмыс комитетінің төрағасы*

## **Рухани жаңғыру – келелі істің бастауы**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы барша отандастарымыздың рухани өркендеуіне жаңа тыныс дарытып, мемлекетіміздің әлемдік өркениеттегі өзіндік тұғырын анықтауында бағдаршам арқылы анық.

Елбасының бастамасымен қолға алынып, жүзеге асырылған «Мәдени мұра», «Халық – тарих толқынында» атты іргелі де кешенді бағдарламалар халқымызды рухани кемелденудің дәуір талабындағы жаңа сапалық биігіне көтеріп келеді. Әлем елдерінің мұрағаттарында тұмшаланып жатқан сан ғасырлық мұрамызбен қайта қауышу, зерттеп зерделенуіндегі соны қадамдармен тарихи жадымыз жанданды, рухани көкжиегіміз кеңейді. Тереңге тамыр тартатын тарихи жәдігерлерімізбен қайта табысуымыз арқылы сонау бір қысымға толы қытымыр жылдары жаншылған рухымыз асқақтап, ұлттық «меніміз» аспандай түсті. Соның барысында ұлы даланы бағзы замандардан бері мекен етіп келе жатқан халқымыздың төлтума тарихы мен мәдениеті, әдебиеті мен өнері азат ел ұрпағының азаматтық толысуының құнарлы мәйегіне айналды.

Қазіргі тасқыны алабөтен ғаламдасу дәуірінде тарихи санамызды жаңғырта отырып, ұлттық бірегейлігіміздің өзіндік болмыс-бітімін сақтап қалуда атқарылар келелі істер аз емес. Жоғарыда аталған мақалада ұлттық сана, бәсекеге қабілеттілік, ұлттық бірегейлік сынды жоталы мәселелерге баса назар аударылған.

Халқымыздың бәсекеге қабілетті болуына қажетті жолдарды нұсқаған Елбасы «Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды, екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі бола-



тын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек» деп рухани жаңғырудың болашақ бағдарындағы басым бағыттарын айқындап отыр.

Тарих тағылымынан тәлім алған елдің санасы тұнық парасатты тұлғасы білімін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Бізге заманауи озық технологияға иек артқан, зияткерлік ізденісімен өзін де, елін де өрге сүйрейтін елшіл жастар қажет. Білімнің салтанат құруын осы тұрғыдан ұғынғанымыз абзал. Сондықтан Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы қоғамдық ілгерлеудің басты алғышарты екенін баса көрсеткен Мемлекет басшысы «Сол себепті, тарихтың ащы сабағын түсініп қана қоймай, өзіміз күнде көріп жүрген қазіргі құбылыстардан ой түйіп, болашақтың беталысына қарап, пайым жасай білу де айрықша маңызды» деп түйеді.

Тарих толқынының не бір ауыр сынағынан өткен ұлтымыздың жаһандану дәуіріндегі жасампаздығына екпін жасалған мақалада барша отандастарымыз үшін іргелі мәселелер күн тәртібіне қойылды. Олардың Қазақстан тәуелсіздігін нығайтып, рухани тұғырын бекітудегі тарихи мән-мағынасы ерен. Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру, «Туған жер» бағдарламасы, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі

100 жаңа оқулық», «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» кешенді жобалары мызғымас алпауыт мемлекеттер қатарында болудың рухани ұстанымын айқындап берді.

Жаңа тұрпаттағы өркениетті ел болуға қажетті рухани алғышарттар кешенді түрде негізделген мақалада Елбасы «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» деп, 2017 жылдың аяғына дейін қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау, 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісу қажеттігін атап көрсетті. Демек, барша-мыз елдік істе ұйысып, кемел жұмыстың қолдаушысы болуымыз қажет. Түрлі саладағы білікті мамандар мемлекеттік маңызы ерен жобалар аясында атқарылар шараларға қал-қадірінше үлес қосса, алынбайтын қамал жоқ екенін дәлелдеген болар едік.

Рухани жаңғыру – қастерлі міндет. Ол-кіндік кескен жеріңді қадірлеуден бастау алатын отаншылдық рух. Ұлан ғайыр даламызды ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғаған ата-бабаларымыз үрім-бұтағына киелі топырағымызды қастерлеуді аманаттады. Сан ұрпақ аманатқа қиянат жасамай, парызына адалдық танытып келді. Туған ел мен жерге деген перзенттік тағзым – Отан анамызға деген тағзым деп білуіміз керек. Ендігі кезекте өскен



өлкенің тауы мен тасын қадірлейтін ұрпақ ауылын көркейтуден, кетігі болып қаланудан шет қалмауы шарт. Олай болса, «Туған жер» бағдарламасының өміршеңдігі іс пен сөздің үйлесімінде екенін естен шығармағанымыз абзал.

«Өлкетану» жұмыстарын жандандырумен қатар гуманитарлық бағытта білім алатын студенттердің жер-су атаулары, ел мен жер қорғауда ерлікпен жер жастанған баһадүр тұлғалардың тағылымды ғұмырынан сыр шертетін аңыздар мен ғибратты әңгімелерді жүйелі жинаудағы игі дәстүр қайта жаңғыртылса дұрыс болар еді. «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобаларындағы келелі істер өміршеңдігі осы сипаттағы ізденістермен аясын ұлғайтары сөзсіз.

Рухани жаңғыру – ұлттық жасампаздық қайнары. ХХІ ғасырдағы ғаламдық жаһандану процесінде елдік қасиеттерден суарылған ерен мінездегі ұлттық болмысқа ие болудың рухани негіздерін айқындап берген Елбасының бағдарламалық мақаласы барша қазақстандықтардың рухани кемелділік бастауларын санада жаңғыртуымен құнды. Ол баршамыздың бойымыздағы отаншылдық қасиет пен елшілдік ұстанымды еселеуге, ұлттық ұйысудағы міндеттерімізді тереңнен ұғынуымызға ой салары хақ. Ең бастысы, тәу етер тәуелсіздігімізді сақтап, оның рухани ұстындарын бекіте түсуде атқарылар істеріміз еңселі, әрі сәтті боларына сенімдімін.



**МАҒРИПА ЕСКЕЕВА**

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры,  
филология ғылымдарының докторы*

## **Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінің тілдік ерекшеліктері**

Түбі бір түркі тілі

Түркі тілдерінің мындаған жылдарды қамтитын мазмұндық және тұлғалық құрылымының өзгеру, даму шеңберінде қалыптасқан глоттохронологиялық өріс аясындағы лексикалық қабаттар тіл мен тіл иесі – этностар арасындағы көпқатпарлы, көпвекторлы қатынасты сипаттайтын лингво-ақпараттық дерек болып табылатындықтан қазіргі түркі тілдерінің көнетүркілік қабатын құрайтын Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілін құрылымдық және антропологиялық парадигмалардың сабақтастығына құрылған аралық қағидалар негізінде зерделеп, көнетүркілік лингвоиндикаторлардың «жалпытүркілік ұйыстырушылық» әлеуетін ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу бүгінгі түркітану ғылымының басты талабы.

Жалпытүркілік тектілден өрбіп, өзара тоғысу, қайта ыдырау тәрізді тілдік үдерістерді бірнеше мәрте басынан өткізген, өзіндік ерекшеліктерімен, бітім-болмысымен сараланатын түркі тілдерінің қалыптасу жолын, өзара туыстық деңгейін анықтаудың негізгі арқауы болып отырған VI-IX ғғ. түркі жазба мұралары тілінің зерттеліп келе жатқанына ғасырдан астам уақыт өтсе де түркі тілдері жүйесіндегі тарихи-генеалогиялық орны біржақты қарастырылып, жалпытүркілік ортақ жәдігер тілінің батыс қыпшақтілдеріне қатыс-дәрежесі күңгірт қалып келеді.

Көне жазба мұралар тілінің лексикалық құрамы, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық, синтаксистік құрылымы, стильдік ерекшелігі, қолданысы қазіргі түркі тілдерінен де көрініс тауып отыруы тек табиғи-генеалогиялық сабақтастықты ғана көрсетіп қоймайды, түркі халықтары арасындағы рухани-мәдени ықпалдастықтың артуына, бүгінгі ұрпақтың жалпытүркілік



ортақ мүдденің мәнін түсінуіне ықпал етеді. Бұл көне түркі жазба мұралары тілін зерттеуді үздіксіз жалғастырудың қажеттілігін көрсетеді.

Қазіргі түркі тілдерінің негізгі лексикалық қоры, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық құрылымы, синтаксистік конструкциясы көне түркі тілінің жалпы лексика-грамматикалық жүйесімен сәйкес келуі, көне тілдің ерекше белгілері қазіргі тілдердің тек біреуінен ғана емес, әр топтағы бірнеше тілдерден көрініс беруі кезінде өзіндік диалектілік ерекшеліктері бар жалпы түркілік ортақ жазба әдеби тіл қолданыста болғанының куәсі. Сондай-ақ әрбір мемлекеттік деңгейдегі тайпалық бірлестіктердегі саны жағынан басым топтардың немесе билеуші тайпалардың тілі де басымдыққа ие болатынын естен шығармау керек. Соған орай, көне түркілердің қазіргі мұрагерлерінің көне түркі жазба ескерткіштеріне қатысы қаншалықты дәрежеде, үлес-салмағы қандай деген мәселелердің туындауы да заңды. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде көне түркі тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық құрылымын дәлме-дәл қайталайтын бірде-бір тіл жоқ. Тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, бұл – табиғи-лингвистикалық заңдылық. Сондықтан көне түркі елінің ортақ әдеби тіліне арқау болған тайпа тілін немесе диалектісін анықтау көне жазба мұралар тілін қазіргі түркі тілдерімен бірден жеке-дара салыстыру негізінде емес, сол дәуірлерде өмір сүріп, Түркі қағанатының құрамында болған көне тайпаларға тікелей қатысы бар қазіргі түркі тілдерінің макротоптарын құрайтын бірнеше тілдер деректері негізінде қарастырса нәтижелі болмақ.

«Ескерткіш тілін зерттеудің көп жолының тиімді де нәтижелі бір жолы – ол түбі бір түркі тілінің түбіріне тереңірек үңілу» [1, 297], Орхон-Енисей, Талас көне түркі жазбаларының тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің тұлғалық ерекшеліктерін анықтау аталған тілдердің дыбыстық жүйесін, морфологиялық құрылысы мен семантикалық құрылымын тереңірек тани түсуге жол ашады.

VI-IX ғасыр ескерткіштері тіліндегі бір буынды түбірлер мен түбір негіздерде қыпшақтық белгілердің молынан сақталуы, сол белгілердің қазіргі қыпшақ тобындағы түркі тілдерінде бірде әдеби тілде, бірде диалектілік ерекшеліктерде үнемі қайталанып отыруы, «түрк», «қыпшақ» атауларының синонимдес мәнде жұмсалу мүмкіндігі жайлы болжамның ақиқатқа жақындығын, көне жәдігерлер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінің тығыз байланысын білдіреді. Тіл дамуындағы мираскерлік сабақтастық адам ағзасындағы, қанындағы генетикалық жалғастықпен пара-пар жүретін феномендік құбылыс. Сондықтан жалпы түркі жұртшылығына ортақ Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінен қазіргі қыпшақ тілдер тобына кіретін тілдердің де алар үлесі ауқымды болмақ.



Кезінде Қыпшақ бірлестігінің құрамында болған, қазір қыпшақ тобына жататын тілдерде сөйлейтін халықтардың тілі ескі қыпшақ тілінің басты ерекшеліктерін сақтап қалғанымен, олардың этникалық құрылымын, этнос ретінде қалыптасу жолын тек көне қыпшақ тайпасымен байланыстыруға болмайды. Қыпшақ бірлестігі құрамындағы бірнеше түркі тайпаларының тілдері өзара тоғысып көне қыпшақ тілінің ортақ әдеби жазба тілін қалыптастырса, онымен қатар халықтың ауызекі сөйлеу тілі де қолданыста болғанына қыпшақ ескерткіштер тіліндегі диалектілік ерекшеліктері дәлел бола алады. Бұл қыпшақ тобындағы тілдердің негізгі стереотиптері қыпшақ бірлестігіне дейін-ақ қалыптасқанының айғағы. Қыпшақ тобындағы тілдерде сөйлеуші этностардың барлығының да көне қыпшақ тіліне белгілі бір дәрежеде қатысы бар, кейбір тілдер о бастан қыпшақтық негізде қалыптасса, енді бір тобының қыпшақтық сипаты кейін басымдыққа ие болған тілдер [2, 70]. Қыпшақ тілдерінде сөйлейтін этностар тілінде оғыз, қарлұқ, бұлғар тілдерінің элементтерінің сақталып отыруы түркі халықтары тілінің қалыптасуы күрделі де қайшылықты лингво-этникалық даму жолынан өткенін білдіреді.

Орхон, Енисей, Талас жазбаларында 350-дей ғана бір буынды түбір морфемалар (түбірлер мен түбір-негіздер) қолданылған. Көне мұралар тіліндегі түбір морфемалар көлемінің қазіргі түркі тілдеріндегі түбір морфемаларға қарағанда ықшам болуы, біріншіден, көне жәдігерлердің әлі толық оқылып болмауына; екіншіден, жекелеген авторлар мен бедізшілердің сөз қолданысына, тіл байлығына, дара стиліне байланысты болса; үшіншіден, арада өткен 1300-1400 жылдық тіл дамуының табиғи заңдылығы да ықпал еткені белгілі. Көне жазбалар тілінде сақталған түбір морфемалардың сандық көрсеткіші шағын болса да, көне тілдің басты ерекшеліктерін, түбір сөздер мен түбір-негіздер жиынтығының сұлбасын, тұтас лексикалық жүйенің даму бағытын анықтауға мүмкіндік береді, әрі қазіргі түркі тілдеріндегі түбір морфемалардың лексикалық қорды дамытудағы орнын, сөзжасамдық әлеуетінің ауқымын көрсетеді.

Орта түркі жазба мұраларының тілін талдау нәтижелері оғыз, қыпшақ тілдері сараланып шыққанға дейін жалпытүркілік қыпшақ-оғыздық, оғыз-қыпшақтық жағдайдың орныққанын көрсетіп бергені белгілі. Орта түркі дәуірінің алдындағы көне түркі жазба ескерткіштері тілі мен орта түркі дәуірінен кейінгі дәуірде қолданылып жүрген қазіргі қыпшақ, оғыз тілдері деректері де қыпшақ ⇔ оғыз тіл бірлестігінің іздері сақталғанын көрсетеді.

Оғыз және қыпшақ тілдерінің дербестік сипатқа ие болуы тұстас бір тілдің екіге жарылуы нәтижесінде емес, бұрыннан өздеріне тән мүддесін қорғау ыңғайында, яғни өздеріне тән белгілерді сақтап қалу ыңғайында қалыптасқанын байқаймыз. Орта ғасырдағы оғыз-қыпшақтық аралас тілдік



жүйедегі қыпшақ тілдерінің дербестік сапасының айқындала бастауы бір ғасыр шеңберінде ғана қалыптасқан құбылыс емес түркі тілдері дамуының алғашқы кезеңдерінде-ақ оғыздық немесе қыпшақтық белгілердің сілемдері қолданыста болуы әрі олардың арасында дифференциациялық және интеграциялық процестердің кезең-кезеңімен бірнеше мәрте қайталануы да мүмкін. Сондықтан көне түркі дәуірі мен орта ғасыр дәуіріндегі түркі жазба әдеби тілі арасындағы сабақтастық та аралас тілдік жүйе арқылы айқындалады [3,60].

Моносиллабтар құрамындағы анлаут  $q, k, t, s, \check{c}, \check{s}$  дыбыстарының толық сақталуы; анлаут ұяң  $b$  фонемасының кеңінен қолданылуы; кей жағдайда анлаут  $b \approx m$  корреляциясының екі нұсқасының да қатар кездесуі; ауслаут  $q, k, t, s, \check{c}, \check{s}$  дыбыстарының сақталуы; ауслаут  $t \approx d, s \approx \check{s}, \check{c} \approx \check{s}$  фоно-корреляттарының; анлаут дауысты  $a \approx o, u \approx o, \ddot{u} \approx \ddot{o}, e \approx i$  фоно-корреляттарының қолданылуы ескерткіштер тілінің қыпшақ-оғыздық сипатын бейнелейді. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде қыпшақтық бояудың айқындығын ескерткіштер мен қыпшақ тілдері моносиллабтар құрамындағы фоно-корреляттардың көк түркілер тілінен де, қазіргі қыпшақ тілдерінен де орын алуы нақтылай түседі. Бұл - көне жәдігерлер иесі тілі мен қазіргі қыпшақ тілдері арасындағы тығыз мирасқорлық сабақтастықтың көрінісі.

VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есім негізді түбір морфемалар жаңа сөз тудырудағы белсенді қолданысымен ерекшеленеді, олардың қатарын бірінші дәрежелі түбір морфемалар мен екінші, үшінші дәрежелі (түбір-негіздерден) түбір негіздер құрайды. Етістіктердің түбір (негізі) тұлғасы мен императив тұлғалардың ара-жігі диахрониялық зерттеу нәтижелерінен айқын аңғарылады. Синхрониялық тұрғыдан етістіктің түбір-негіздері мен бұйрық формасының статикалық күйі сәйкес келгенімен, морфемдік талдау әдістері негізінде синхрониялық түбірлердің құрамынан тарихи түбір морфема мен қосымша морфемаларды бөліп алуға болады; осы қосымша форманттар кезінде бұйрық мәнін берген; тілдің даму үдерістеріне сәйкес түбір мен қосымшалар кірігіп, тұлғалық өзгерістерге түсіп, түбір мағынасы күгірттеніп екінші дәрежелі түбір-негізге айналған. Бұл барлық түркі түбірлерінің архетиптерін есім немесе етістік түрінде жіктеуге келмейтінін, бастапқы түбірлердің көпшілігі есім  $\rightarrow$  етістік мәнді синкретикалық мазмұнға негізделгенін сипаттайды.

Кез келген тілдік жүйедегі карама-қарсы мәндегі жұптарды лексика-семантикалық тұрғыдан топтастыру да белгілі бір шарттылыққа негізделеді. Көне түркі тіліндегі түбір морфемалар семасындағы оппозициялар идеялық белгілеріне орай бір-бірімен тығыз сабақтастықта дамып, тілдік әлемдегі жүйелі кешенге айналған. Гомогенді түбір морфемалар мазмұнындағы



оппозициялық коннекторлардың шарттылық сипатының астарында идеялық-мазмұндық сабақтастықтың іздері сақталады. Тіл дамуының бастапқы кезеңдерінен бастау алатын мұндай құбылыстар өте сирек ұшырасатын, лексикалық дамудың ежелгі қалып-бейнесінің сілемдері ғана. VI-IX ғасырлардағы көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі мұндай реликт белгілер – сөздердің морфологиялық құрылымының негізі – түбір морфемалардың полисемиялық, синонимиялық, антонимиялық табиғаты V, CV, VC моделді тарихи түбір морфемалардан көрініс береді.

Ескерткіштер тілінің қыпшақтық белгілері қосымша морфемалардың құрылымдық-мағыналық ерекшеліктерінен де айқын көрініс береді. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі сөзжасам, тұлғажасам қосымшалары қазіргі қазақ тілінде негізінен сақталған. Кейбір тұлғалық өзгерістері түркі тілдеріне тән фонетика-фонологиялық заңдылықтар шеңберінде айқындалады. Фонетика-фонологиялық, фоно-морфологиялық және фоно-семантикалық процестерді қамтитын грамматикалық даму барысында күрделі және жалаң қосымша морфемалардың тұлғалық-мазмұндық деривациясының түрлі бағытта, әртүрлі деңгейде жүруі гомогенді қосымшалардың байланыстарының көмескіленуіне алып келіп, синхронды тұрғыдан гетерогенді сипат дарытады. Бұл түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың барлық тобына, сөзжасам жүйесіне де, сөзтүрленім мен тұлғажасамға да тән құбылыс. Түркі тілдеріндегі барлық қосымшалардың дербес лексемалармен байланысы синхронды тұрғыда айқын аңғарылмаса да, қосымшалар құрамындағы дыбыстардың идеялық мазмұнын сол дыбыстар қолданылатын дербес лексемалардың архимазмұнынан тыс қарауға болмайды. Түркі тілдеріндегі омонимиялық қосымша морфемалардың шығу тегі, қолданысы жайлы әртүрлі көзқарастардың айтылуы да олардың күрделі табиғатына байланысты. Қосымша морфемалардың дербес лексема түріндегі архетиптері өзінің полисемиялық сапасын сақтай отырып, грамматикализациялануы да ықтимал. Қосымша морфемалардың тұлғалық және мағыналық, функционалдық сипатының өзгерістері жалпы тілдің даму эволюциясымен бірге жүріп отырады. Қосымшалардың эволюциялық дамуы олардың тұлғалық өзгерістері, мағыналық тұрақтылығы немесе өзгергіштігі, көп функционалдылығы немесе бір ғана қызметте қолданылуы, тұлғалық және семантикалық жағынан саралануы, жүйеленуі тәрізді күрделі процестерді қамтиды. Алғашқы қосымшалардың да тұлғалық өзгерістерге түсу мүмкіндігінің шектеулігіне орай бір форманттың бірнеше грамматикалық мәнде немесе бірнеше лексикалық (егістік – есім) мәнде қолданылуы мүмкін. Бұл құбылыс түбір сөздердің семантикалық дамуында ерекше орын алғандығы белгілі, әрі қосымша морфемалардың бір кездері толық мағыналы



дербес сөз болғандығын қолдайтын зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, синкретизм құбылысының қосымша морфемаларды да қамту мүмкіндігінің жоғарылығына көз жеткіземіз.

Ескерткіштер тілінде кейбір қосымшалар жиі қолданылса, енді бірі өте сирек кездесуіне байланысты өнімді/өнімсіз аффикстер түрінде жіктеу дәстүрі қалыптасқан [4]. VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары тіліндегі қосымша морфемаларды өнімді және өнімсіз деп жіктеуді шарттылыққа негізделеді. Бізге жеткен жазба ескерткіш мәтіндерінің ауқымы көне түркілік лексикалық қорды толық қамти алмайды, сондықтан қосымша морфема қызметіндегі тұлғаның бір рет болса да тілдік қолданыста болуы маңызды.

Арада өткен 1400-1500 жыл көлеміндегі тарихи даму барысына сәйкес қалыптасқан кейбір дыбыстық өзгерістер көрініс бергенімен, жалпы алғанда, қыпшақ тобындағы қазақ тілінің морфологиялық құрылымы YI-IX ғасырлардағы көне түркі тілінің морфологиялық құрылымына сәйкес келеді, базалық лексиканы құрайтын түбір морфемалар, қосымша морфемалардың мәні мен қызметі негізінен сақталған [5, 302].

YI-IX ғасырдағы түркі тілдерінің негізгі сипатын, лексикалық құрамының, фонетика-фонологиялық жүйесі мен морфологиялық-грамматикалық құрылымының, синтаксистік құрылысының ерекшеліктерін танытатын көне түркі жазба тілі орта ғасыр түркі жазба тілімен ұласып жатқан қыпшақ-тоғыздық аралас тілдік жүйенің бастапқы хронологиялық кезеңінің, ерте орта ғасыр дәуірінің көрінісі.

### Әдебиеттер:

1. Қайдар Ә. Көне түркі жазба ескерткіштері кімге ортақ, кімге тән? // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. – Алматы: Ғылым, 2001. – Б. 297-298.
2. Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 360 б.
3. Гаджиева Н.З. О некоторых трудных вопросах методики изучения истории тюркских языков // *Turcologica*, 1986. – Ленинград: Наука, 1986. - С. 70-76.
4. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX вв. – Ленинград: Наука, 1980. – 256 с.
5. Түймебаев Ж., Ескеева М. Көне түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі. – Астана: ProsperPrint, 2013. – 336 б.



**ГҮЛЗАТ РАЕВА**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты*

## Түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктері

Түркологиялық әдебиеттерде ғылыми тартыс, дау-дамай тудырған мәселелердің бірі сөз басындағы дауыссыздардың табиғаты жөнінде болып, тілшілер түркі сөздерінің бас шенінде қатаң дауыссыздар қолданылды ма, әлде ұяң дауыссыздар қолданылды ма деген сұрақтарды анықтауда әртүрлі тұжырымды теориялық пікірлерін ортаға салды.

Осы айтылған ой-пікірлерді жинақтап, үш топқа жіктеуге болады. Бірінші топтағы ғалымдар түркі тілдерінде ұяң да, қатаң да дауыссыздар жарысып қолданылған деген пікірді жақтаушы Х.Педерсен, В.И.Иллич-Свитыч, К.Менгес сынды ғалымдар еді. Н.Н.Поппе көзқарасын қолдаушы екінші топтағы тілшілер пратүрік тілінде ұяң дауыссыздардың ішінде бір ғана «б» дауыссызы болған деген ойды қоштайды [1,172]. Ғалым М.Рясяненің пайымдауынша ежелгі көне түркі сөз басында ғ, к, т және с дауыссыздары кездеседі. Ал үшінші топтағы ғалымдар ежелгі ата түркі тілінде сөз басы ұяң дауыссыздармен айтылған деген тұжырымға қарсы көзқарастарын білдірген В.В.Радлов, А.М.Щербак, Э.Тенишев, Б.А.Серебренников, Н.В.Гаджиева, Г.А.Абдуллаев сынды ғалымдар еді.

В.Радлов шығыс топқа енетін тілдердегі ұяң дауыссыздарды қатаңдардың варианты деп қараған. Бұл көзқарас ұйғыр текстерін транскрипциялауға септігін тигізген. Ал ғалым М.Томсен «Құдатғу біліктегі» римфаларды зерттей отырып, ескеріштер тіліндегі ұяңдар мен қатаңдардың айырмашылығы барлығын байқаған. Көне ұйғыр мұрағаттарындағы дауыссыздар жүйесін зерттеген Э.Д.Тенишев ұйғыр жазуларында сақталған Турфан және Гуаньсу ұйғырларының тілі қатаңдар мен ұяңдар ажыратпаған, сондықтан сары ұйғыр тіліндегі қатаң дауыссыздар көне құбылыс деген қорытындыға келеді.

Сонымен қатар прибалтика, фин, об-угор, мари, ненец, чуваш, хакас



тілдерінде сөз басы *б, д, з, ж, з* тәрізді ұяң дауыссыздардан басталмауы қатаң дауыссыздардың жалғамалы тілдерге ғана тән екендігін көрсетеді.

Түркі сөздерінің бас шенінде *л, р, н* сонаттарының кездеспеуі түркі тілдерінің сөз басында тек қатаң дауыссыздарының айтылғандығының қосымша бір дәлелі болмақ.

Ал көрнекті ғалым А.М.Щербак түркі тілдеріндегі дауыссыздар – сөз басында қатаң – ұяң болып жіктелген деген пікірге өз көзқарасын білдіреді. Тілшінің пайымдауынша сөз басы бүкіл хабар жинақталған, ең күшті орын. Сондықтан дауыссыздардың сапалық ерекшелігі (қатаңдық – ұяңдық/ күшті – әлсіздік) диалекті аралық және ішкі диалектілік бір фонеманың әр түрлі алафондарынан қалыптасқан. Бұл сәйкестіктердің фонологиялық маңызы болмаған [2,95].

Қатандардың ұяңдану себебін бірқатар ғалымдар бірінші буынға түскен екпін қызметімен байланыстырады. Г.И.Рамстедт, ф.Абдуллаевтың көзқарастары бойынша сөз басындағы қатандардың әлсіреуіне түбірдегі ашық дауыстылардан кейін орналасқан (*тағ, дағ, тау*) ұяң дауыссыздар әсер еткен. Біртіндеп бұл ықпал қысаң дауыстылы түбірлерге және соңы қатаң дауыссыздардан (*пич – бич*) тұратын буындарға да жайылған.

Кейінгі түркологтар М.Томанов, Б.Сағындықұлы, С.Омарбеков, А.Аманжолов, К.Мұсаев, А.Байжолов, Г.Сапарова еңбектерінде ежелгі түркі сөз басы қатаң дауыссыздармен басталып, дыбысталғандағыдан нақтылы тіл фактілері арқылы дәлелденді.

Дыбыс құрылымындағы қатаң дауыссыздардың ұяңдануы тілдің тарихи дамуының бір саласы. Бұл межеде бірқатар мысалы, алтай, чуваш, хакас, сары ұйғыр тілдері сөз басында қатандарды сақтап қалды. Енді бір топ түркі тілдері ұяң дауыссыздарды жаппай қабылдаса қыпшақ тобындағы тілдерде ұяңдар мен қатандар жарысып қолданылып жүр. Бұл ерекшелік әлі де жеке түркі тілдерімен диалектілерінде орын алып келеді.

Түркі тілдеріндегі дауыссыздардың қатаң – ұяң болып сөз басында ажыратылып түркі тілдерін топқа бөліп, жіктеуде негізгі белгі болды.

Тілші, ғалымдардың түркі дауыссыздары олардың сөз басындағы қолданысы жөніндегі ой, тұжырымдары қазіргі түркі тілдерін бір-бірімен салыстырып, диалектілерін салғастыра зерттеп, көне жазба мұрағаттар тілінің декертері мен сабақтастыра сипаттаудан, олардың өзара қатынасын пайымдаудан туған. Түбір сөздерде жуанды-жіңішкелі дауыстылар мен қатар дауыссыздар да еркін алмасады. Мысалы:

чув.т. *путана* – қаз.т. *бөдене* (*у~ө, а~е, п~б*)

як.т. *сыты* – қаз.т. *жіті* (*ы~і, с~ж*)

чув.т. *кун* – түркм.т. *гүн* (*у~ө, к~г*).



Бірқатар жуанды – жіңішкелі түбірлерде дауыссыздар талғаммен тіркеседі. Жуан түбірлерде қатаң дауыссыздар айтылса, жіңішке түбірлерде ұяң дауыссыздар орнығады. Бұл тұжырым жарыспалы варианттардың аясындағы  $n\sim b$ ,  $q\sim k$ ,  $z\sim z$ ,  $m\sim d$  сәйкестіктерін салыстырудан нақтыланады.

Қазіргі түркі тілдерінде жиі кездесетін жарыспалы түбірлердің бір тобы  $n \sim b$  еріндік, шұғыл дауыссыздарының түбір сөздердегі алмасуынан қалыптасқандары. А.М.Щербак бұл сәйкестіктердің себебін әуел баста олардың бір дыбыстан пайда болғандығынан деп есептейді [2,73].

Түркі тілдері  $n \sim b$  дауыссыздарын сөз басында қолдануына қарай белгілі бір жүйелі топтарға бөлінбейді. Чуваш, хакас, якут, сары ұйғыр тілдерінде сөздің басқы шенінде қатаң «п» айтылса, өзге түркі тілдерінде сөз басында айтылатын «п» дауыссызы араб, парсы тілдерінен сіңіскен сөздерге тән. Түркі тілдеріндегі *пеш, пақыр, перде, пәс, падиша, пайда, палуан, пана, пешмент, паранжы, парасат, парақ, парша, пенде, періште* тағы басқа  $p$  – мен айтылатын сөздер – араб, парсы кірмелері. Кірме сөздердің түркі тілдеріндегі аса ықпалды заң сингармонизмге бағынып бірде жуан, бірде жіңішке дыбысталуы қатаң  $p$ -мен басталып айтылатын араб, парсы сөздерінің түркі тілдеріндегі жарыспалы варианттарын қалыптастырады. Мысалы, қатаң  $p$  мынадай жуанды-жіңішкелі жарыспалы түбірлерде еркін алмасады:

өзб.қырғ.т. *парда* – қаз.қ.қалп., *ойр*, құм.т. *перде*, башқ. тат.т. *пәрдә*.

Ұйғ.шор, қырғ, алт, құм.т. *пайғамбар* – башқ.тат, ұйғ.т. – *пәйгәмбәр*.

Араб, парсы тілінен енген варианттарда әр түрлі дауысты дыбыстардың алмасуы болмаса сөз басындағы қатаң «п» өзгеріске түспеген. Осы ерекшелікті ескере отырып, ғалым Ф.Абдуллаев кірме сөздер түркі тілдеріне ұяңдану кезеңінен бұрын еңсе керек деген пікір айтқан еді [3,60]. Ал бастапқы қатаң «п» -ның ұяңданған варианттары қазіргі түркі тілдері мен диалектілерінде жарысып қолданылып жүр. Қазақ тілінде *палуан – балуан, парақ – барақ, пәле – бәле, пәтуә - бәтуә*, ал әдеби тілімізде *пал, бал, бата, бәйге, базына*, сөздері диалектілерде *пал, пата, пәйге, пазына*, башқ. диал. Пазар /базар, пайрам/ байрам, *пиштә /биштә/*, алт.диал. бек /пик, бәли/ пәли, қ.қалп. диалект. пал / бал, пәс/ бәс, қырғ.диал. бешене – пешене, пайда – байда, пұл – бул жарыспалы варианттары бар.

Араб, парсы сөздерінің түркі тілдерінде бірде жуан, бірде жіңішке дыбысталуы жарыспалы варианттар аясында  $n \sim b$  сәйкестігін тудырады. Мысалы:

өзб.т. пала – қаз., қ.қалп.т. пәле / бәле

қырғ.т. патша – қаз.т. бата / бәте

қырғ.,өзбек.,түркім.т. палан – қаз, ұйғ.т. бәлен

чув.т. парк – қаз., қ.қалп.т. берік

чув.шор.т. паян – тат., башқ.т. бәян.



Көпшілік түркі тілдеріндегі аталған сәйкестіктерді салыстыру қатаң «п» жуан түбірлерде, ұяң «б» жіңішке түбірлерде айтылатындығын аңғартады. Кірме сөздерге тән варианттардағы  $n \sim b$  сәйкестігі тіліміздегі қатандардың ұяңдану кезеңінде қалыптасса керек. Себебі, орта ғасырлардан бастап қолданылған араб әліппесінде бұл екеуіне ортақ бір ғана таңба болған. Арабтың өзінде  $p$  мен  $b$  ажыратылмаған.

Жуанды-жіңішкелі жарыспалы түбірлердегі  $n \sim b$  дауыссыздарының алмасуын түсіндіріп беру өте күрделі. әр түрлі дауысты дыбыстар сәйкестерінің қамтылуы мен  $p$ -ның  $b$ -ға ұяңдануы кезеңін қамту, осы мәселелерге байланысты барлық сауалдарға жауап беру оңай емес. Қиындықтардың үлкен бір себебі, сөз басында  $b$  – ны айтатын тілдердің саны әлдеқайда көп. Осы топқа оғыз тобындағы тілдермен қатар қыпшақ тобындағы тілдер де, Сібір мен Шығысқа орналасқан тілдерді де, көне түркі, көне ұйғыр, көне қыпшақ тілдерін де, сондай-ақ қарлұқ тобындағы тілдерді де жатқызуға болады. Мысалы, хакас тіліндегі *пар, пулут, пас, палық*, якут тіліндегі *бар, булут, бас*, балық сөздеріне сәйкес келеді. Бұл фактілер көршілес орналасқан этногенездік жағынан бір-біріне қабысып жатқан екі тілде де аталған дыбыстарды қолдану тұрғысынан үлкен айырмашылығы бар екендігін көрсетеді.

Жуан түбірлі сөздердің  $b$  – мен басталып айтылуы жарыспалы варианттарда да кездеседі. Мысалы: түркі тілдеріне ортақ «пісу, жетілу» мағынасын білдіретін сөз алтай, тува, қырғыз, тофалар тілінде *быш*, түркімен, түрік тілдерінде *биш*, ал қатаң варианттары қазақ тілінде – *пыс – пис*, өзбек тілінде *пиш*, чуваш тілінде *пис*. Осы сөздің тіліміздегі тағы бір мағынасы «кесу, пішу». Оның дыбыстық варианттары қазақ тілінде *пиш*, татар тілінде *печаргә*, алтай диалектілерінде *пыш*, якут тілінде *быс*.

Мысалдардан аңғарылатындай «б» ұяң дауыссызы жуанды-жіңішкелі түбірлерде де сөз басында айтылып, қатаң  $p$ -мен жарысып қолданылады. Әрқайсысы өз алдына варианттар қалыптастырған. Дегенмен, көне мұрағаттар тілінде сөз басында қатаң  $p$  өзінің ұяң вариантына қарағанда өте жиі айтылған. Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде сөз басында ұяң  $b$  дыбысының қолданылуын профессор М.Томанов былай деп түсіндіреді: «Тарихқа белгісіз түркі сөздері қатаң дыбыстардан басталып, екпін бірінші буынға түсті (сөздің өзі де бір буынды еді). Тілдің даму барысында сөз құрамының күрделенілуіне байланысты бірінші буынды бұрынғыдан күштірек айту қажеттігі туды. Өйткені негізгі ой мен негізгі хабар бірінші буын арқылы беріледі. Сөз құрамының күрделенілуіне байланысты екпін сөз соңына қарай жылжыды да, бірінші буын кейінгі буындардың сапасын айқындаушы міндетіне ие болды. Соңғы жағдай басқы дыбыстың да, бірінші буынның да естілуін күшейту қажеттігін арттыра түсті. Мұндай міндетті



атқаруға қатаң дауыссыздар қолайлы емес еді. Осындай тілдік қажеттіліктен барып, сөз басының ұяңдануы, яғни дауыс қатысы бар дыбыстарды қолдану жүйесі қалыптасты» [4,63].

*n ~ б ~ м* дыбыстық алмасулары жарыспалы варианттарда мынадай сөздерде кездеседі:

сар.ұйғ.т. печин, орх.ес. пичин, қыпш.т.мешін,  
оғыз. т. бөжин

хак.т. пис, тат.т. мич, қырғ.т. меш, тат.т. бараб.диал. миц, қаз,қ.қалп.т. пеш.

Түркі тілдеріне тән жуанды-жіңішкелі түбірлерде *n ~ б ~ м* сәйкестіктерінен гөрі *n ~ б* сәйкестігі кең тараған. Аталған белгі мұрын жолды, еріндік *m* дауыссызы *p* дыбысының аллафоны ретінде түркі тілдерінде кейінірек орныққан дыбыс екендігін аңғартады.

Қыпшақ тілдерінің арасында сөз басында қатаң *p*-ны біршама тұрақты қолданатын тіл – қарақалпақ тілі. Қарақалпақ тіліндегі *пит* «*совершиться, заканчиваться*», *питик* «*сплошной не имеющих отверстие*», *питим* «*согласие, перемирие*» сөздері өзге оғыз, қарлұқ, қыпшақ тобындағы тілдерде *b* –мен айтылады. Чуваш тілінде *пит* (*em*), сары ұйғыр тілінде *пум* / *пұт* (*em*) қатаң варианттары кездеседі. Қазақ тіліндегі варианты *bit*.

Тілдегі өзгеріс атаулының қайсысы да тілдің құрамын немесе бүкіл тілдер тобын қамти бермейтіндігі белгілі. Сондай ерекшелік сөз басында *p* –ның бірде жуан, бірде жіңішке түбірлерде айтылуы, мысалы:

алтай диал., тат.чалқ.диал. пышкы «сбивалка» - қ.қалп.т. піскі, қаз.т. піспек.

сар.ұйғ.т. пыз «колоть» - қаз.т. піс қ.қалп.т. пиш «кроить, холостить», «взбивать» - қаз.т. піш, піс.

Жоғарыда әр түрлі дыбыстардың алмасуы болмаса, екі варианттың басқы шенінде қатаң «*p*» сақталған. Енді бірде құмық диалектіндегі пычан сөзі қазақ тілінде ұяңданбай «пішен» түрінде дыбысталса, башқұр тіліндегі ұяң варианты бесән, құмық тілінде *бичен* сөздерімен айтылады.

Жарыспалы түбірлердегі *n ~ б* сәйкестіктерін салыстыра келіп *p*-ның ұяңдану жолын мынадай кезеңдерге бөлуге болады:

- қатаң *p* сөз басында тұрақты қолданылады;
- *p* –ның *b* –ға «ұяңдану» процесі мен «тілдің жылжу» процесінің тоғысуы;
- жуанды – қатаң, жіңішкелі – ұяң түбірлердің қалыптасып, осы сәйкестіктердің түркі тілдері мен диалектілерінде одан әрі дамуы.

### Әдебиеттер:

1. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. - Москва: Наука, 1984.



2. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. - Ленинград, 1970.
3. Абдуллаев Ф.А. Фонетика хорезмских говоров: Опыт монографического описания огузского и кипчакского наречий узбекского языка. - Ташкент: Фан, 1967.
4. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988.



**БАЙЫНҚОЛ ҚАЛИҰЛЫ**

*Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, филология ғылымдарының доктор*

## Қазақ терминдері қандай болу керек?!

Термин сөздер – аяғын аспаннан салбыратып түскен, «қасиетті», «құдіретті» сөздер емес. Олардың әдеттегі халықтық сөздерден еш айырмашылықтары жоқ. Жалғыз-ақ айырмашылығы бар, ол - әлгі термин сөздердің арнайы, ерекше мағынада, яғни белгілі бір ғылыми ұғымды білдіретіндігі және терминдердің тек белгілі бір ғылыми терминдер жүйесінде ғана термин бола алатындығында.

Мысалға «жер» сөзін алып көрелік.

Егер бұл сөзді халық тіліндегідей «жерге түсті», «жер басты», «жерде отыр» деген сияқты айтылыстардағы мағыналарда қолдансақ, онда ол – халықтық сөз, яғни термин емес. Ал осы сөзді («жер» сөзін) – «Күнді айналып жүретін, шар тәрізді, тіршілік көзі бар планета», - деген ұғымда қолдансақ, онда ол – термин. «Жер» сөзі термин ретінде физикалық география немесе геология ғылымдарында қолданылады.

Халық тіліндегі «жер» сөзінің мағынасы біреу емес, бірнешеу. Олар: 1) Жер шарының үстіңгі қабаты, сыртқы қыртысы; құрлық (Мыс.: Ұшақ *жерге* түсті); 2) Бір елдің меншікті территориясы (Қазақстанның жері); 3) Ел, жұрт, ауыл; мекен (Өскен *жерім* – Алматы); 4) Жай, орын (Жол бойында қонатын *жер* табылады); 5) ауыс. Уақыт, кез, мезгіл, мезет (Айтатын *жерде* үндемей қалу – ұят), т.б. /1: 4, 90-91/.

Ал осы «жер» сөзі термин ретінде қолданылса, онда ол тек бір-ақ мағынада жұмсалынған болар еді. Өйткені терминге бір мағыналық тән. Терминдердің көбінесе ғылыми еңбектерде, терминологиялық сөздіктерде ғана қолданылатындығы сондықтан. Терминнің мағынасын мамандар ғана түсінеді.

Кейбір тілші ғалымдар: «Терминдер де көп мағыналы бола алады», - дегенді айтады / 2: 19/. Бұл пікір дұрыс емес. Өйткені бір ғылым саласындағы



терминдерде тек бір-ақ мағына болады. Ол – сол нақтылы бір мағынасымен ғана термин. Есесіне бір терминнің әртүрлі ғылым саласында ұшыраса беруі мүмкін.

Мысалға орыс тіліндегі «ассимиляция» терминін алалық.

«Ассимиляция» латынның *assimilatio* деген сөзі. Оның мағынасы – «өзіне бейімдеу, ұқсату» дегенді білдіреді. Бұл сөз этнография ғылымында да, тіл білімі (немесе тілтаным) ғылымында да, биология ғылымында да кеңінен қолданылады. Бұлардың білдіретін мағыналары да әр басқа.

Айталық, тіл біліміндегі «ассимиляция» термині – «бір дыбыстың екінші дыбысқа тигізетін ықпалы, әсері» дегенді білдірсе, этнография ғылымындағы «ассимиляция» термині – «бір халықтың екінші халыққа сіңісіп кетуі» дегенді аңғартады /3: 1, 382/. Ал биология ғылымында «ассимиляция» термині – «басқа заттарды өз денесіне сіңіріп алуды» білдіреді /4: 48/.

Бұларды бір терминнің («ассимиляция» сөзінің) үш түрлі мағынасы деп ұқпау керек. Олар – жеке-жеке терминдер, яғни омоним сөздер. Жеке-жеке сөздер (омонимдер) болғандықтан бұлардың лексика-семантикалық тіркестері де әртүрлі.

Егер алдыңғы терминнің «прогрессивті ассимиляция», «регрессивті ассимиляция» деген сияқты тіркестері болса, «екі халықтың бір-біріне сіңісіп кетуі» деген мағынадағы екінші терминнің «ерікті (табиғи) ассимиляция», «еріксіз (еріктен тыс, зорлықты) ассимиляция» деген тіркестері бар.

Сыртқы тұлғалары жағынан болмаса, ішкі мағыналары жағынан «ассимиляция» сөзі мен «ықпал», «сіңісу», «сіңіру» сөздерінің ешқандай айырмашылықтары жоқ. Ендеше «халықаралық терминдерді аударуға болмайды» дегенді қойып, жоғарғы үш «ассимиляцияның» бірін – ықпал, екіншісін – *сіңісу*, үшіншісін – *сіңіру* деп аударып алсақ, онда «әр ұлт өз тілінің терминдерін ұлттық негізде өздері жасап алу» деген сол болған болар еді. Өйткені терминология дегеннің өзі – лексиканың саналы түрде реттелініп, жүйеленіп тұратын өзгермелі саласы.

Нағыз терминдер көп мағыналылықтан аулақ болатыны сияқты, олар әр уақыт экспрессивтіктен, эмоционалдықтан да ада болады. Себебі олар – ғылыми ұғымдардың атаулары. Ғылым болса, ол дәлдікті, нақтылықты сүйеді. Ал жалпы халықтық сөздер көп мағыналылықтан, экспрессивтіктен, эмоционалдықтан қашпайды. Термин мен термин емес сөздердің бір-бірінен басты айырмашылықтары да осында. Басқаша айтсақ, олардың айырмашылықтары – жалпы халықтық сөздердің бейтараптығы мен терминдердің ғылыми ұғымдарды білдіретіндігі.

Термин сөздердің термин емес сөздерге ауысуы өте сирек кездесетін құбылыс (Мыс., *компьютер*, *аккумулятор*, *термометр*, т.б.). Ал бұған керісінше, термин емес сөздердің термин сөздерге ауысуы жиі байқалатын



нәрсе. Оған тілімізде мысалдар көп. Айталық, *түбір* (корень), *жұрнақ* (суффикс), *кіріс*, *шығыс*, *жапырақ* т.б.

Қазақ тілінде «жапырақ» сөзі қазір жалпыхалықтық сөз ретінде де, термин сөз ретінде де қолданылады. Ол сөздің жалпыхалықтық мағынасы – «өсімдіктің өзі жалпақ, өзі жасыл түсті мүшесі» дегенді, ал терминдік мағынасы – «жоғары сатыдағы өсімдіктердің (төменгі сатыдағы өсімдіктердің емес) бойындағы фотосинтез процесі жүретін, өзіне көмірқышқыл газын сіңіріп алып, оттегін бөліп шығаратын вегетативті мүшесі» дегенді білдіреді.

Бұл екі мағынаны шатастыруға да болады, шатастырмауға да болады. Шатастыруға болатын себебі – екеуі де, сайып келгенде, «өсімдіктің бір мүшесі» деген жалпы ұғымды білдіреді. Шатастыруға болмайтын себебі – бұл термин және термин емес екі сөздің мән-мағыналары екі түрлі. Бірі (халықтық сөз) жалпылай алынған тар, таяз мағынада, екіншісі (термин сөз) ғылыми ұғымды білдіретін кең, терең мағынада қолданылады.

Бұл сияқты «екі жақты» сөздер ертеде халықтық қарапайым сөздер болған. Кейіннен ғылымның дамуына, зерттелінуіне, оның қазақша сөйленуіне байланысты олар өздерінің халықтық мағынасының үстіне басқаша ғылыми мағына (ұғым) үстеп, терминдердің қатарына өтті; терминдік жүк арқалайтын болды. Бұл біздің тілімізде ғана емес, басқа халықтардың тілінде болып тұратын құбылыс.

Терминдерге экспрессия, эмоция тән емес дедік. Бұл – шындық. Осы қағиданы теріске шығарғысы келген кейбіреулер анатомия ғылымындағы *тілшік* (язычок), *қалташық*, *айналшық* деген сияқты, техникадағы *жүрекше*, *жұдырықша*, *құлақша* деген сияқты терминдерді мысалға келтіріп, «бұлар **-шық/-шік**, **-ша/-ше** кішірейткіш жұрнақтары арқылы жасалып тұр. Кішірейткіш жұрнақтар түбірге экспрессивтік, эмоциялық мән үстейтіндігі белгілі. Олай болса, бұл мысалдар жоғарғы пікірге қайшы келмей ме?» - деген сұрақ қойғысы келеді /5/.

Жауап берейін: Қайшы келмейді. Өйткені тілшік, жұдырықша деген терминдердің құрамындағы **-шік**, **-ша** кішірейткіш жұрнақтары әлгі сөздер жалпыхалықтық сөздерден терминдік сөздерге қалай ауысты, солай олар өздерінің кішірейткіштік мәнінен айырылып қалады. Басқаша айтсақ, **-шік**, **-ша** қосымшалары өздерінің экспрессивтік (кішірейткіштік) мәнін түбір сөздерге қосылып, туынды сөз жасаған кезінде, яғни екінші номинация кезінде ғана анық, айқын атқарып, ал ол туынды сөздер бір тілдік жүйеден (халықтық тілден: кіші тіл, кіші жұдырық) екінші тілдік жүйеге (терминологияға) ауысқан кезінде олар өздерінің экспрессивтік мәнін жоғалтып алады. Сөйтеді де, **-шік**, **-ша** қосымшалары туынды сөздің жалпы дыбыстық құрамымен астасып, сіңісіп кетеді. Соның нәтижесінде қосымша



өзінің морфологиялық қызметінен айырылып, түбірге қосылып кетеді де, нақтылы бір ғылыми ұғымның атауын ғана білдіреді. Біз *тілшік* (анат.) деп – көмейдің үстіңгі жағындағы өсіндіні, ал *жұдырықша* (техн.) деп – техниканың белгілі бір бөлшегін ғана ұғамыз.

Бұл жерде жалпыхалықтық *жұдырық*, *тіл* сөздерін *жұдырықша*, *тілшік* деген термин сөздермен салыстыруға келмейтінін, егер салыстыру керек болса, *жұдырық*, *тіл* деген жалпыхалықтық сөздерді «кішірек жұдырық», «кішірек тіл» деген мағынадағы *жұдырықша*, *тілшік* деп аталатын жалпыхалықтық (экспрессивтік) сөздермен салыстырып, олардың бірінің «кәдімгі жұдырық», «кәдімгі тіл» екендіктерін, екіншілерінің – «кішкене келген жұдырық», «кішкене келген тіл» екендіктерін зерделеуге болатындығын айта кетпеске болмайды. Бұл соңғы сөздер: «*жұдырықша* – кішірек келген жұдырық, *тілшік* – кішірек келген тіл» кішірейткіш жұрнақтар арқылы жасалған эспрессивті сөздер. Ал ғылыми мәндегі *жұдырықша*, *тілшік* сөздері – экспрессивті сөздер емес. Олар – белгілі бір ғылым саласына қатысты нақтылы заттың, нақтылы ұғымның атаулары болып табылатын, біртұтас морфемалы терминдер. Ол терминдердің туындылығы әлгі сөздер терминге айналып кеткеннен кейін мүлде ұмытылған.

Жалпыхалықтық сөздің терминге айналуы оның лексикалық мағынасын ғана өзгертіп қоймайды [Мыс.: *тілшік* (жалпыхалықтық сөз) – кішірек тіл; *тілшік* (анат. термин) – көмейдің үстіңгі жағындағы өсінді], сонымен бірге, ол (термин) өзінің лексика-грамматикалық, синтаксистік мағыналарын да өзгертеді. Мәселен, жалпыхалықтық *тілшік* сөзі «мынауың тіл емес, тілшік қой» деген тәрізді тіркесімде айтылып, кішірейткіш мәнде жұмсалынатын болса, термин мәніндегі *тілшік* сөзі: «Ң фонемасы *тілшіктің* төмен түсіп, ауыз жолын кептеп тұрғандықтан, фонетикалық ауа мұрыннан шығады» /6: 252/ деген тәрізді мәтінде ұшырасып, белгілі бір анатомиялық мүшенің атауы ретінде жұмсалынады.

Орыс тіл білімінде бір ғана ұғымды білдіретін «лингвистика» дегеннен басқа «языкознание» және «языковедение» деген екі түрлі термин бар екендігі белгілі. Берер мағыналары жағынан бұлардың бір-бірінен ешқандай айырмашылықтары жоқ. Солай бола тұрса да, орыс ғалымдары бұл соңғы екі терминді саралауға тырысады. Осы тұрғыда белгілі ғалым А.А.Реформатский былай депті: «...Совершенно казалось бы равноценные термины *языкознание* и *языковедение* все-таки не равноценны; второй из них удобно окружен параллельными терминами: *языковедческий*, *языковед*, *языковедные вопросы* и т.п., тогда как первый не имеет такого окружения» /7: 113/.

«Термин бір-ақ түрпетті (вариантты) болу керек» деген талапқа қарамастан орыс тілінің жоғарғы екі терминін біздің қазақ ғалымдары бірін – *тіл*



*білімі* (языкознание), екіншісін – *тілтаным* (языковедение) деп аударып алып жүр; осылай қолданылады да. Егер бұларға А.А.Реформатскийдың талғам-талабы тұрғысынан қарасақ, қазақтың *тіл білімі* деген терминіне қарағанда *тілтаным* деген термині әлде қайда қолайлырақ екендігін жоққа шығаруға болмайды. Өйткені *тілтаным* терминінен *тілтаным+дық*, *тілтаным+шы* деген сияқты туынды сөздер жасалынса, *тіл білімі* терминінен мұндай туынды сөздер (тіл білім+дік, тіл білімі+ші) жасалынбайды.

Сондықтан болар, біз *языковед* деген терминнің қазақша баламасын «тіл білімі» «тілтаным» түбірлерінен емес, «тіл» (язык) түбірінен шығарып, *тіл+ші* деп айтып та, жазып та жүрміз. Бұл сөз «корреспондент» деген сөздің баламасы – *тілші* деген сөзбен жарыса қолданылып (омонимдік қатар түзеп), аздаған қолайсыздық туғызады (Бұл соңғы талап, яғни «терминнің сөзжасам қабілеті» деген талап – терминге қойылатын төртінші талап болып есептелінеді - Б.Қ.).

Неге екенін қайдам, осы күнде кейбір мамандар: «Терминдер халықаралық болады. Оларды аудармай сол күйінде алу керек», - деген жаңсақ ереже тауып алды да, сол пікірлерінен қайтпауға тырысады. Шетел сөздерін сол күйінде алу, сол күйінде қолдану – қазақ тілін жетілдіру, дамыту емес, оны құрту екендігін олар түсінгісі келмейді, түсінбейді. Мұндай пікірдегі адамдар бірлі-жарым болса бір сәрі ғой, бірақ олардың саны бұл күнде аз болмай тұр.

«Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болады. Өз еркіміз өзімізде, егемендігіміз қолымызда болып отырған қазіргі заманда өзге де ерікті елдер сияқты өз тіліміздің төл терминдерін өзіміз жасап алайық» - десен, әлгі жаңсақ «теория-мен» қаруланған «оқымыстылар» ер-тоқымын бауырына алып, жатып кеп тулайды. Ел жиналған жерге барып, өз ойын дәлелдеген болып сөз сөйлейді; газет-журналдарға мақала жазады.

Қарапайым көпшілік халық қайдан білсін, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты деген атағы бар біреулер «қазақша сөздер термин бола алмайды, тек латынша, грекше немесе ағылшынша, орысша сөздер ғана термин болады», - деп, білгішсініп жатса, оған, әрине, халық сенеді. Сөйтеді де, қазақша термин жасауды қояды. Орыс тілінде қанша термин бар, соның бәрін бөтелке қабылдаушы (приемщик) секілді даяр күйінде қабылдай береді. Нәтижесінде қазақ тілін дамыту орнына орыс тілін дамытып, әлгі жаппай қабылданған орысша терминдер мерезшөп (повилика) шырмауығы секілді тілімізді бүтіндей шырмап алып, оның қорегін де, нәрін де – бәрін де сора бастайды. Сөйтеді де, айдың, күннің аманында жайнап, жайқалып тұрған тілімізді біртіндеп солдырып, аздырып тынады. Ақыры одан қай күні айырылып қалғанымызды өзіміз де сезбей қаламыз.

Мен бұл сөздерді жайдан-жай айтып отырған жоқпын. Кейбір термин-



шілер: «Ғылыми терминдер көпшілік халықтарға ортақ болса, ол ғылымда меңгеру оңайға түседі. Халықаралық ғылыми конференцияларда ғалымдар бірін-бірі жақсы түсінеді», - деген уәж айтады.

Рас, тіл білімінде терминдердің халықаралығы деген мәселе бар. Бірақ бұл мәселеге тоқталмас бұрын, алдымен «терминнің халықаралығы оның сыртқы тұлғасында ма, жоқ, ішкі мазмұнында ма?» - деген мәселенің басын ашып алғанымыз жөн.

Бірден дұрыс жауабын айталық: Терминдердің халықаралығы (интернационалдығы) – олардың сыртқы тұлғаларында емес, ішкі мазмұндарында. Яғни терминдер ішкі мазмұны, мағынасы, мәні жағынан халықаралық болады да, ал сыртқы тұлғасы жағынан олар – ұлттық болады. Әр ұлттың сөздері өздерінің тұлғалары, құрылымы, грамматикалық құрылысы жағынан ерекшеленеді. Әсіресе ұлттық сөздердің ең басты белгісі – ондағы дыбыстардың тіркесімінен анық байқалады.

Өздеріңіз ойлап көріңіздерші, *кровать* сөзі қазақша ма, жоқ, кереует сөзі қазақша ма? Әрине, кереует сөзі қазақша, ал *кровать* сөзі қазақша емес. Өйткені *орыстың* *кровать* сөзінің басында, екі дауыссыз дыбыс (кр) қатар тұр. Бұл – қазақ тіліне жат құбылыс. Сондай-ақ, ол сөзде (*кровать*) жіңішке дыбыстар (к, ть) мен жуан дыбыстар (о, а) араласып келген. Бұл да қазақ тіліне жат. Ең ақырында *кровать* сөзінде қазақ тілінде жоқ **в, ть** дыбыстары кездеседі.

Ал *кереует* сөзі – қазақша. Онда қазақ тіліне тән заңдылықтардың бәрі, атап айтқанда, бір сөзде өңкей жуан не өңкей жіңішке дыбыстардың бірыңғай келуі (үндестік заңы) немесе сөз ішінде бір дауыссыз дыбыс пен бір дауысты дыбыстың алмасып отыруы деген сияқты заңдылықтардың бәрі түгел сақталған.

Болмаса *жад* (память) терминін алыңыз. Бұл қазақ сөзі делінгенімен ол қазақша емес. Қазақ тілінде сөздер **б, д, г, ғ** дыбыстарына аяқталмайды. Ал аяқтала қалса, олар **п, т, к, қ** қатандарына ауысып кетеді. Мысалы: баб>баптар, завод>зауыт, т.б. Сондықтан арабтың *жад* сөзіне **ы** қысаңын қосып (*жад+ы*) айтсақ қана немесе сөз соңындағы **д** дыбысын түсіріп, оның орнына **т** дыбысын қойып айтсақ қана ол қазақша болады. *Жады* сөзін түрлендіріп көрелік: *жады+лар* (жад+тар емес), *жады+ның* (жад+тың емес), *жады+сы* (жад+ы емес), т.б.

Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды: Тіліміздегі орысша терминдердің бәрін қазақшаламаған күннің өзінде олардың біразын жоғарыда айтқанымыздай өз тіліміздің заңдылығына бағындырып, мәселен, авторды – *антыр*, алфавитті – *аллабит*, адресі – *әдіріс*, паспортты – *паспырт*, осьті – *өс* деуімізге болар ма еді?!

Әрине, болар еді. Бірақ оған біздің білімпаздығымыз, ұстанымпаздығымыз



(принципшілдігіміз), әрі беріден кейін ұлттық намысымыз жетіспейді.

Егер біраз терминдерді жоғарыда айтқандай өзгерткен болсақ, біріншіден, тіліміздің өз заңдылығын сақтай отырып, оны басқа тілдердің сөздерімен (терминдерімен) байыта, толықтыра түскен болар едік. Екіншіден, халықаралық терминдерден де іргемізді аулақ салмай, оларды да өз пайдамызға жаратқан болар едік. Үшіншіден, ұлттық тіліміздің өзіндік ерекшелігі мен өзіне тән жүйелілігін жоғалтпаған болар едік. Төртіншіден, халықаралық терминдердің халықаралықтық қасиетін сақтаған болар едік.

Міне, біздің терминге байланысты ұғым-түсінігіміз, ой-түйгендеріміздің кейбіреулері осындай.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-10 том. – Алматы. 1974 – 1986.
2. Немченко В.Н. Полисемия научных терминов и ее отражение в терминологическом словаре // Термины в языке и речи. Горький. 1984. С. 16–23.
3. Қазақ Совет энциклопедиясы. 1–12 том. – Алматы, 1972 – 1978.
4. Мұсақұлов Т. Орысша–қазақша түсіндірмелі биологиялық сөздік. 1– том. – Алматы, 1959.
5. Егемен Қазақстан. –1993. – 12 қазан.
6. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1962.
7. Реформатский А.А. Введение в языкознание. – Москва, 1967.



### **ҚУАТ САПАРОВ**

*Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық  
университетінің профессоры,  
география ғылымының докторы*

## **Сарыарқа топонимдерінің қалыптасу жолдары және этимологиясы**

Сарыарқа – Қазақстанның ірі физикалық-географиялық және табиғи-тарихи аймақтың бірі. Сарыарқа – халықтық атау. Сарыарқаға Қарағанды, Ақмола облыстарының жері толықтай, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарының аздаған бөлігі еніп жатыр. Сондықтан да жергілікті халық осы өңірді ежелден Сарыарқа, Арқа даласы деп атаған. Сарыарқа атауы «жер бетіндегі өсімдіктері күйгендіктен, сарғайып жататын кең де үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырка» ұғымын білдіреді [1, 231 - б].

М. Жұмабаевтың пікірінше, Сарыарқа біздің ұғымымыздағы Сарыарқа емес, одан әлдеқайда кең. Еділ, Жайық, Сыр, Ертіс, Жетісудың арасын алып жатқан Сарыарқаның ұлы мағынасына қайта оралуымыз керек [2, 61 - б].

Қазақстан аумағындағы орфографиялық нысандарға ат қоюдың өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, аласа таулы, ұсақ шоқылы жер бедерімен сипатталатын Сарыарқада салыстырмалы түрде биік тауларды ұлы (Ұлытау), сораң (Ақсораң), қарқара (Қарқаралы) деп ерекшелейді. Арқаның дала зонасында жатқан бөлігінде пішіні мен түсіне байланысты *Қаратау, Қоңыртау, Сарытау, Ұлытау, Ақтау, Ақдің, Ақбет, Қызылтау*, литологиясын негіздейтін *Көкшетау, Борлытау, Алтынтау* т.б. топонимдер көптеп кездеседі. Аласа таулы белдеуде биіктігі 1000-2000 метр болатын оқшау таулар басымырақ және күмбез тәрізді, қырқалы, жалды, төбелі жер бедері тән болады.

Сарыарқа жері сөз болса, көз алдымызға мидай жазық дала, төбелі шоқылары, аласа тауларымен ерекшеленген шежірелі Ұлытау, Қарқаралы, Қызыларай табиғаты өлеңдерде жырланған Көкшетау, Ерейментау, Баянаула, Қызылтау, Шыңғыстау елестейді. Павлодар облысының оңтүстік-батыс



бөлігі аласа таулы, ұсақ шоқылы төбелермен ажыратылатын Баянаула, Қызылтау таулары Қазақстанның ең ірі орфографиялық нысаны Сарыарқаға сұғына еніп жатыр. Сарыарқа 54°-46° с.е. және 66°-80° ш.б. аралықтарында орналасқан, жоғарыдан қарағанда шығысқа қарай жіңішкере, дұрыс емес трапеция пішіндес болып келеді [3, Б.28]. Арқаның шығыстағы шекарасы Балқаш көлінің солтүстік-шығыс шетінен Шаған, Аягөз өзендерінің және Ханшыңғыс, Шыңғыстау жоталарына дейін, батыстан шығысқа қарай 1200 км-ге созылып жатыр. Ені батысында – 900 км, шығысында – 400 км. Ауданы 1 млн. шаршы км-ге жуық аумақты алып жатыр [4, 1 б].

Сарыарқаның көне, яғни ортағасырлық формасы Арқа екенін тарихи деректер дәлелдеп отыр. Сарыарқа даласы ежелден мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы, құтты жер болған. «Сарыарқа, құттың емес, құттың жері», - деп бекер айтылмаған. С. Мұқановтың «Халық мұрасы» кітабында: «Қазақ даласының батысында Мұғалжар тауынан басталып, Сары Арқаны қуалай отырып, аяғы Батыс Сібірге тірелетін кең өлкеде жылқы малы көп өсірілген», - деген деректерді кездестіруге болады. «Арқа» сөзі орфографиялық термин ретінде, одан кейін топоним ретінде өте ертеде пайда болған [5, 59 - б].

С. Ремезовтың сызба картасында шығысында Сауыр, Тарбағатай таулары мен батысында Торғай ойпатына дейінгі аралықта созылып жатқан Сарыарқаның алып жоны «Арқа» деп көрсетілген [6, 121 - б]. Сондай-ақ Сарыарқаның Торғай, Есіл, Ертіс, Сарысу сияқты арналы өзендері де біршама дәл берілген.

Г.Ц. Медоев «Арқа» атауы «тау», «жота» деген түсініктен шыққан деп пайымдап, бұған Қазақстанның қатпарлы өлкесімен шектелген аласа таулы аймақты (Орталық Қазақстан бөлігі) жатқызады және оған Бетпақдала, Солтүстіктегі орманды далалы өлкелер (Батыс Сібір ойпаты) мен Торғай өңірі (Торғай қыраты) кірмейді деп қорытындыға келеді [7, 56 - б]. Бұл өте қате пікір еді. А.Н. Кононов қырғыздар мен қарақалпақтарда «Арқа» тұлғасы солтүстік мағынасында айтылады деп жазса [8, 74 - б], Ғ. Қоңқашбаев «жота түріндегі белгілі бір бағытта созылып жатқан ірі қырат, Орталық Қазақстанда суайрық ретінде» айтылады деп түсінік берген [9, 7. б]. Е. Қойшыбаевтың пікірінше, Сарыарқа сөзі кең жон, жалпақ үстірт, шексіз қырқа мағынасында айтылады.

1907 жылы Қазан қаласында М.Ж. Көпеевтің «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты құнды кітабы басылып шықты. «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегінде жер-су аттарының шығу тегіне тоқтала келе, жердің бабаларымыздан аманат болып жеткенін ескертеді. Бұл Сарыарқадағы жер аты – бәрі қазақтың ата-бабасының аттары екенін баяндай отырып, Алаш азаматтары мен көкірегі сергек ел ақылдыларына ой салады. Мәшһүр-Жүсіп: «... Бұл



қазақ иесіз жатқан жерге текке келіп ие болған жоқ. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, кеше қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек замандарында жаннан кешіп, сусын орнына қызыл қан ішіп, жаумен алысып, жатпен соғысып, күні-түні атысып, кара қанға батысып, шыбын жанын нысанаға байлап, не маңғаз сарбаздарды жау жолында оққа ұшырап өліп, сөйтіп алынған жер еді», – деп, Сарыарқадағы жерлердің киелілігі батырлардың ошағы және ерлік пен батырлықтың куәсі болуымен құнды екенін жазады. Сарыарқаның тарихын қысқа да болса сипаттай келе Мәшһүр-Жүсіп: «Күнбатысы – Сырдария, күншығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу өзені, солтүстігі – Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадымда тауарихларда «Дешт-қыпшақ» атанған» [10, Б.54], – деп Сарыарқаның ертеден халқымыздың қоныстанған жері екенін және оның кең байтақ екенін көрсетеді. Сарыарқа өңіріне қарасты Ұлытау, Көкшетау, Қарқаралы, Шыңғыстау, Баянаула мен Ерейментау киелі мекендер. Мәшһүр-Жүсіп Сарыарқаны жырлай отыра, Қазақстанның басқа да аумақтарын назардан тыс қалдырмаған. Жалпы Сарыарқаның тарихи-географиялық атау екені мәлім.

«Сарыарқа» топонимі А.С. Омарбекованың ғылыми-зерттеу жұмысында былай сипатталады: «Ұлытау-Торғай аймағы халықта «Сарыарқа», «Арқа» деп аталатын кеңістіктің батысында орналасқан. Бұл географиялық өңір Балқаштың солтүстігінен меридиан бағытымен орталық және Қазақстанның солтүстік бөлігін, оның шегарасы Батыс-Сібір жазығымен шектесіп жатыр. Қазақтың қатпарлы елі немесе Сарыарқа Торғай үстіртінен Тарбағатай таулы қыраты және Жайсаң ойысына дейін созылып жатыр», - деп жазады [11, 15. б]. Алып жонның өзендері екі жаққа ағады. Солтүстік қапталынан төгіле аққан Шар, Шаған, Ащысу, Түндік, Жарлы, Талды, Өлеңті, Шідерті, Сілеті, Есіл, Нұра, Құланөтпес, Терісаққан сияқты арналы өзендер маңдайын солтүстікке қаратқан. Ал енді осы өзендермен бастауы бір шыққан жері ортақ Аягөз, Бақанас, Тоқырауын, Былқылдақ, Қаратал, Қаршығалы, Жіңішке, Жәмші, Мойынты, Сарысу, Сарыкеңгір, Қаракеңгір сияқты жылғасы мол, суы тұщы өзендер кереғар бағытта, оңтүстікке қарай жамырай ағып жатыр. Арқа тауларында мүжілген жартастар мен қарайған құз қияларына дейін қатпар-қатпар қызғылт сары құм қайрақты тасты келеді [6, 123 - б].

Кезінде Л.Н. Гумилев жазған «Дешті Қыпшақ» тұсында қолданылған «Арқа» ұғымы ұшы-қиырсыз байтақ дала мағынасын қалыптастырса, «сары», «кең жон» жалпақ үстірт, (түске байланысты емес) мағынасы негізінде қалыптасқан атау деп білеміз. Қазақтың «Арқа (Сарыарқа)» ұғымы геологиялық немесе географиялық тәртіпке негізделмеген, ежелден қоныс тепкен көшпелілердің бағдарлау нәтижесінде қалыптасқан тарихи ұғым



ретінде қарастыруды жөн көрдік. Байтақ дала өзінің географиялық орналасуымен ғана Қазақстанның барлық өңірімен жалғасып жатқан жоқ, оның шежірелі тарихы да төңірегіне сұғына сабақтасып жатыр. Бұл жерлер, көбінесе, жазықты, белесті, қыратты, дөңесті, ойпатты, сай-салалы болып келеді. Кең жазықтардың ортасында онша биік емес таулар бой көтерген.

Сарыарқаның ең биік тауы – Қызыларай. Оның ең биік нүктесі – *Ақсораң (1565 м.)*. Одан солтүстікке қарай *Қарқаралы (1403 м.)*, *Кент (1460 м.)*, одан әрірек *Баянаула (1026 м.)*, *Қызылтау (1055 м.)*, шығысында *Шыңғыстау (1304 м.)* таулары жатыр. Бұл таулар жүйесі, негізінен, граниттерден тұрады. Солтүстік беткейлерінде қарағайлы орман өседі, оңтүстік беткейлері жалаңаш, құзды келеді. Тау етектерінде үгінді қорым тастар молынан кездеседі.

Сарыарқаның батыс бөлігінде тегіс және ойыс жерлер көп те, қалдық таулар мен шоқылар аз кездеседі. Көкшетау өңірінің жер бедерінің қалыптасуына ұзаққа созылған үгілумен бірге бор және неоген дәуірлерінің шөгінділері әсер еткен. Мұндағы ірі ойыс – Теңіз-Қорғалжын қазаншұңқыры Сарыарқаның батыс бөлігін екіге бөліп жатады. Оның солтүстік-батысында Көкшетау таулары (947 м шамасында) орналасқан. Олар палеозойдың әктастары, кварциттері мен профиттерінен түзілген. Олар ағын сулармен тілімделген. Таулар аралдық сипатқа ие болып, қазіргі заманғы тектоникалық қозғалыстардың әрекетінен тегістелу үстінде.

Абсолюттік биіктіктері 300-400 м аралығында. 500 метрден жоғары биіктіктер Көкшетау қыратының маңында кездеседі. Көкшетау қыратының ең биік нүктесі – Көкше шыңы – 947 м, Жалғызтау – 730 м, Жыланды – 665 м, Имантау – 661 м, Сандықтау – 626 м, Зеренді – 587 м. Таулар арасында сұлу көлдер бар. Олардың жағалауы мен тау беткейінде қарағайлы орман өседі [1, 232 - б].

Көкшетау тауларының ең биік нүктесі – Көкше шоқысы. Тау Көкшетау қыратының солтүстігінде, Бурабай ауданында орналасқан. Батысында оны Кіші Шабакты, солтүстігінде Үлкен Шабакты, шығысында Бурабай көлдері қоршап жатыр. Көкшенің абсолюттік биіктігі – 947 м., төңірегіндегі жазықтардың салыстырмалы биіктігі 600-700 м. ««Көк» сөзі «заңғар биік» немесе тіпті «аспан» мәніне сай келеді», – дейді Е. Қойшыбаев. Т. Жанұзақтың пікірі бойынша, Көкше (сын есім) атауының мағынасы: «бұл жердің көгеріп жатуына немесе алыстан көгеріп көрінуіне» байланысты қойылған.

Көкше тауларының оңтүстік-шығысында Ерейментау таулары орналасқан. Оның ең биік нүктесі Ақдің – 901 м. Кезінде атауы бұрмаланған *Ақдің (Ақдым)* шоқысы көне түркілік «дің» термині негізінде қалыптасқан. Ұлытау (биіктігі – 1134 м) – негізгі граниттен тұратын меридиан бағытындағы ірі антиклинордың қалдығы. Тау беткейлері кристалды тақтатастан, құмтастан,



аралас жыныстардан (конгломерат) тұрады. Олар шеткі аймақтары төменгі кайназойда әртүрлі саздан құралған дөңесті жазық болып келеді. Сарыарқаның ең басты ендік бағыттағы суайрығы Ұлытаудан басталады. Оны Арал мен Балқаш өзен алаптарының теңіз көлімен Ертіс өзені алаптары бөледі. Суайрық шығыс бөлігінде тау қырқасы арқылы өтіп, әрі қарай Тарбағатай тауларымен ұштасып жатыр [12, 29. б].

Ұлытау өңіріндегі Ұлытау, Кішітау (Бертағы, Кертағы) Арғанаты, Бұланты, Білеуті, Сарлық, Едігенің майлы жұрты, Кеңгір, т.с.с. атаулар ойымызды көне замандар қойнауына ұмтылдырады. Ұлытаудың ең биік нүктесі – *Ұлытау шоқысы (1133 м.)*, сол сияқты тарихи оқиғалардың куәсі болып саналатын Едіге (1064 м.), Жақсы Арғанаты (757 м.) тауларын атауға болады. Жезқазған, Ұлытау және Торғай жері – тарихи өңір, тарихи белгі-бедерлерге бай өңір. Өйткені бұл өңір қазақ этносының қалыптасу, даму, кемелдену оқиғаларының алып сахнасы болған. Жер қойнауына жасырынған тас дәуірінен, қола дәуірінен қалған белгілер, жер үстіне орналасқан мазарлар, балбал тастар, обалар, қорған, тұрақ орындары – сол тарихи оқиғалардың таңбалары. Талдысай, Сорқұдық, Милықұдық жерлері – ерте замандардағы кен өндіру ісінің ошағы. Алаша, Домбауыл, Жошы, Дүзен, Ерден, Қойлыбай, т.с.с. мазарлар – тарихи тұлғалар жайлы сыр шертер ескерткіштер. Теректі әулие – тастағы таңбалар мен суреттер галереясы [13, 6-8. б].

*Шыңғыстау* (Наймантау) жотасы (1304 м.) Сарыарқа төрінде орналасқан. Шыңғыс жалғызсырамасын дегендей, табиғат оның солтүстік-батысында Ханшыңғыс – 1152 м., Қосбастау – 1077 м., ал оңтүстік-шығысында Ақшатаудың ең биік нүктесі Қособашыңы (1304м.) әдейі апарып орналастырғандай көрінеді. Бұл тау жоталарының арасында Сарышоқы (1076 м.), Бұғылы (1061 м.), Жұмақ (1149 м.), Қоңыр-Сандықтас (1102 м.) таулары орналасқан.

*Ақшатау* жотасы облыстың оңтүстік-батысына қарай біртіндеп сатылай төмендеп, өзен аңғарлары тілімденіп, солтүстігінде Үлкен Күйкентай (836 м.), Қараүңгір (865 м.) таулары мен оңтүстік-батысында Қотанеміл (1089 м.), батысында Жорға (1084 м.) тауларына жалғасады [14, 1. б].

Жазықтық ландшафты жер бедері өзінің ерекшелігімен көз тартады. Сыртқы және ішкі күштердің әсерінен таңғаларлық үлгідегі жартастар, жақпарлы таулар, Қоңыр әулие, Үңгіртас үңгірлері пайда болған. Қасқабұлақ жотасынан солтүстік-батыста Шолтан биігі, Шыңғыс жақ бетте Ералы жазығы кесіліп жатыр. Ералы жазығының екінші шеті Кіші және Үлкен Ақшоқыға тіреледі. Қасқабұлақ жотасынан шығыста Байғабыл, Аралтөбе, Бөрлінің жоталары көрінсе, оңтүстік-шығысқа қарай Арқат таулары орналасқан. Шығысын Шет, батысын Шаған өзендері кесіп өтетін



Шыңғыстаудың бауырынан басқа да кішігірім өзендер Қос, Бұзау, Құндызды, Мұқыр, Тақыр, Қарауыл, Бөкенші, Көлденең, Қаражартас, т.б. өзендер ағып шығып, кең шалғындарға сіңіп құрғап кетеді [15,14. б].

Абыралы тауларының (1299 м.) шығысы мен түстігін Шыңғыстау, Қалмақ Емел, Өгізтау, Жорға, Темірші, Қарқаралы таулары көмкеріп жатса, терістігінде Баянаула (Қызылтау), Мыржық, Жалғызтау, Доғалаң, Дегелең тауларымен сан қилы, сан алуан биік шоқы, адыр, жазықты қамтиды. Тауларының шығысында (Семей к.э.) жатқан Жақсы Абыралы Жаман Абыралыдан биігірек, табиғи ерекшелігіне (Жаман сөзі кіші мәніндегі атау) байланысты анықтауыштар арқылы ажыратылады [15,15 - б].

Баянауланың негізгі тау жоталары *Ақбеттау, Жақсыаула, Жаманаула* деген 3 бөліктен тұрады. Тау өлкесі биік өркешті келген жоталардан, өзекті сайлармен бөлінген тау блоктарына және жоталарға қосарлана біткен жеке тау шоқыларынан құралады. Тау басының ең биіктері - Ақбет тауы – 1026 м., Өгелен тауы – 969 м., Шибет тауы – 728 м., Жасыбай – 804 м., Сарытау – 747 м., Жақсыаулаға кіреді. Ш.Уәлиханов көшпелі қырғыздар (қазақтар) туралы: Баянауыл (бұрмаланған атау, нақты тарихи атауы – Баянаула; моңғ. Баян-ола) – «Баян»-бай, «Ола» – тау, көрікті, берекелі тау мағынасында қарастырады. Жаманаула, керісінше, жалаңаш шоқылы тау мағынасына саяды. Баянауладан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан Қызылтаудың ең биік нүктесі – Әулие шыңы (1055 м.).

Қорыта келгенде, қазақтың географиялық атаулары Қазақстанның кең байтақ территориясының ерекшеліктерін (жер бедері, гидрография, жануарлар әлемі, климат, өсімдіктер мен топырақтар) бейнелеп қана қоймай, таңқаларлық дәлдікпен олардың өте ұсақ бөліктерін, ал кейде геологиялық құрылымдар мен пайдалы қазбалардың кездесетінін көрсетеді.

Біздің зерттеулерімізде, Сарыарқа топонимдер жүйесінің қалыптасу жолдары мен дамуының табиғи негіздері анықталды. Физикалық-географиялық, этнографиялық, экологиялық ақпарларға толы топонимдер жүйесінің жер бедерінің сипатын, ландшафт ерекшеліктерін нақты бейнелейтінін аңғардық.

Сарыарқаның тарихи-мәдени мұраларын қалпына келтіру, туристердің демалыс, саяхаттау жұмыстарын ұйымдастыратын туристік-рекреациялық және қызмет көрсету кешенін дамыту және экологиялық саяхаттар мен бағдарларды қалпына келтіруде топонимдердің рөлі айтарлықтай ерекше.

### Әдебиеттер:

1. Бейсенова Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы. Оқулық. – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2013. – 328 б.
2. Шәріп А. «Сарыарқа» атауы – Алаш бірлігі мен бүтіндігінің символы.



«Қазақ ономастикасы: басым бағыттар мен үлгілі үрдістер» республикалық конференциясының материалдары. – Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы. Астана, 2010. Б. 61-69.

3. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 б.

4. Қазақстан Республикасының физикалық картасы (масштабы 1:1500000). Алматы. «Ұлттық картографиялық-геодезиялық қоры» РМҚК, 2014. 1 б.

5. Керімбаев Е. Атаулар сыры. – Алматы: «Қазақстан», 1984. – 119 б.

6. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы: «Санат», 1997. – 464 б.

7. Медоев Г.Ц. Сары-Арка (К топонимике Казахстана) // Вестник АН Каз. ССР. 1948. №1(34). 56 с.

8. Кононов А.Н. Способы и термины определения стран света у тюркских народов Тюркологический сборник. – Москва, 1978. С. 72-89.

9. Конкашпаев Г.К. Казахские народные географические термины. Изв. АН КазССР. Серия географическая. Вып. 3. Алма-Ата, 1951. с. 3-47.

10. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары. 8 том. Павлодар, 2006. 276 б.

11. Омарбекова А.С. Социальное и природное в формировании топонимии Улытау-Торгайского региона. Автореф. дисс. на соискание уч.степени канд.геогр.наук. Алматы, 1999. с. 28.

12. Восточная Сарыарка. Каркаралинский регион в прошлом и настоящем. – Алматы. «Эверо», 2004, – 564 с., цв. илл. 88 с.

13. Ұлытау-Жезқазған өңірінің жер-су атаулары. – Алматы: Эверо, 2007. – 220 б.

14. Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық картасы (масштабы 1:1000000). – Алматы. ККК «Картография», 2003. 1 б.

15. Нәсенов Б. Абыралы-Сарыарқаның кіндігі. Т.1. – Новосибирск, 2002. – 488 б.



**КУЛАЙ ЖАҚСЫЛЫҚОВА**

*Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы*

## Мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту мәселесі

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі ұстанып отырған Тілдердің үштұғырлылығы саясатында мемлекеттік тілдің қызметіне басымдылық беріліп отырғаны баршаға мәлім. Сонымен байланысты көптілді тұлғаның мемлекеттік тілді меңгеруі оның біліктілік сапасын көтеріп қана қоймайды, қазақша ғылым тілін, ресми іскери қарым-қатынас тілін дамытып, толыққанды қызмет етуіне, сонымен байланысты қоғамның лингвистикалық интеллектуалдық әлеуетін арттыруға, елімізде адами капиталдың қалыптасып, жетілуіне өз үлесін қосады.

Бүгінгі күні мемлекеттік тілдің қоғамдағы қолданыс аясын кеңейту – мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігіне айналып отыр. Соған сәйкес мемлекеттік тіл саясатының басты бағыттары мен оны орындау барысында жүзеге асатын негізгі міндеттер айқындалған.

Соның бірі – мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді оқытып-үйрету курстарын ашуды кеңейту және оны оқытудың жаңа технологияларын тәжірибеге енгізу.

Еліміздің қоғамдық-әлеуметтік саласының барлық бағытында қызмет істейтін маман, Қазақстан азаматы, мемлекеттік тілді еркін меңгеріп, өмірдің кез-келген саласында, кәсіби бағытта өз ой-пікірлерін қазақша дұрыс, түсінікті жеткізіп, сауатты жаза білуі қажет. Осы жағдайға байланысты қазіргі уақытта мемлекеттік тілді жеделдете деңгейлеп оқытып үйрету ісі қолға алынып, оның оқу-әдістемелік кешені жасалуда. Мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту мақсаты – мемлекеттік тілді оқытып үйретуді дүниежүзілік еуропалық стандарттық үлгілерге жақындастыру.

Мемлекеттік тілді деңгейлеп үйрету курсы үйренушілердің кәсіби салада, өндіріс орындарында, ғылыми ортада қазақша сауатты сөйлеу әдебі мен



мәдениетінің деңгейін жетілдіруге бағытталған. Тәжірибеде мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту А2 деңгейіне сәйкес Жеткілікті деңгей; В1 деңгейіне сәйкес Базалық жеткілікті деңгей; В2 деңгейіне сәйкес Базалық стандартты деңгейді қамтиды.

Мемлекеттік тіл бойынша білімдерін тексеруге арналған диагностикалық тест және жеке сұхбаттасу жұмыстары нәтижесінде үйренушілер үш деңгейге бөлінеді. Мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту жүйесі деңгейлік тәсілді қолданатын Қазақстан Республикасының ұлттық стандартына сай жүргізіледі, соған байланысты курс төмендегідей деңгейлер бойынша іріктеледі:

- Жеткілікті деңгей, А2 деңгейіне сәйкес – «Жалпы қазақ тілі»
- Базалық жеткілікті деңгей, В1 деңгейіне сәйкес – «Академиялық қазақ тілі»
- Базалық стандартты деңгей, В2 деңгейіне сәйкес – «Іскерлік қазақ тілі»

«Жалпы қазақ тілі» – А2 деңгейіне сәйкес – курсты мемлекеттік тілді меңгеру талаптарына сай құрастырылып, өткізілген диагностикалық тест бойынша қазақ тілінен білім көрсеткіші А1 – А2 деңгейін көрсеткен үйренушілер оқиды. Бұл бөлімде грамматикалық және лексикалық материалдармен, сонымен қатар төрт түрлі сөйлеу әрекеттері: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым бойынша үйренушілердің білім, білік және дағды деңгейлерін одан әрі ұштауға қажетті жұмыс (сөз тіркестерімен сөйлем, сөйлеммен диалог, мәтін құрастыру және т.б.) жүйесін жүзеге асыру көзделеді.

«Академиялық қазақ тілі» В1 деңгейіне сәйкес – курс сөйлеу тілінің ерекше қырын, яғни ғылыми еңбектер мен мақалалардың, ғылым тілін меңгертуді көздейді. Оған абстрактылы сөздермен қатар ғылыми терминология, сөйлемнің күрделі құрылымдары, тілдің ғылыми публицистикалық стилі мен жазбалары тән. Академиялық қазақ тілі курсы үйренушілердің төрт түрлі сөйлеу әрекеті бойынша тілдік дағдыларын одан әрі жетілдірумен қатар, академиялық міндеттерге зейін қою, оларды талдап, сыни ой елегінен өткізу сияқты білігі мен дағдыларын дамытады. «Академиялық қазақ тілі» курсы келесідей негізгі бөлімдерді қамтиды:

Академиялық оқылым – іздеп оқу, ішінара қарап шығып оқу және мұқият оқу, оқығанын сыни ой елегінен өткізу; шолу, түйіндеме немесе эссе жазу үшін қазақ тіліндегі әдебиеттерді оқып, олардың ішінен өзіне қажетті ақпаратты табу, оған оны қабылдау және өзіне қажетті мәліметті конспектілеу сияқты білігі мен дағдысын дамытуға бағытталады.

Академиялық тыңдалым – алдына қойған мақсатқа жету үшін дәрісті тыңдау, тыңдағанын түсініп, қабылдау және өзіне қажетті мәліметті конспектілеу сияқты құзыреттілігін кешенді дамытуды көздейді.

Академиялық жазылым – ойын жинақтап жаза білу, мәтін құрастыру,



академиялық эссе, баяндама, мақала жаза білу сияқты академиялық жазба тілдік білігі мен дағдысын дамытуға бағытталады.

Академиялық айтылым (сөйлеу) – семинарлар мен іскери кездесулерге қатысып, академиялық және кәсіби бағыттағы тақырыптарда презентация немесе баяндама жасау, пайымдау, пікірталаластарда өз ойын ортаға салу сияқты құзыреттіліктерін кешенді дамытуды көздейді.

Академиялық сөздікқор – академиялық лексиканы жете меңгеріп, контекст бойынша арнайы лексиканы ажырата білу білігі мен дағдысын дамыту. Әр түрлі ғылыми еңбектерді оқу барысында арнайы ғылыми лексика мен терминологияны меңгеру арқылы сөздік қорын кеңейтуге бағытталады.

Курстың негізгі міндеттеріне үйренушілердің ауызша және жазбаша тілін ғылыми академиялық қырынан дамытуға арналған, оқу материалын конспектілеу, тақырып бойынша қажетті әдебиеттерді табу, ғылыми мәтіндерді оқып, оны мазмұнын есте сақтау және қайта мазмұндауға машықтандыру сияқты әр түрлі жұмыстар жатады.

«Іскерлік қазақ тілі» В2 деңгейіне сәйкес – қазақ тілі бойынша іскери қарым қатынасқа қажетті іскери кездесулерге дайындық, оны өткізу, презентация дайындау, іскери хат алмасу, келісімшартқа отыру және тағы басқа іскери, құқықтық құжаттарды құрастыру сияқты қатысымдық құзыреттілікті дамытады. Бұл курста үйренушілер іскери терминологияны меңгеріп, іс қағаздары мен іскери құжаттарды сауатты толтыру білігі мен дағдысын және сауатты дұрыс сөйлеу тілін жетілдіреді. Бұл курста, сонымен қатар, үйренушілерді мемлекеттік тілде іс қағаздары мен құжаттарды сауатты толтыру, жазу білігі мен дағдысына машықтандыруға да баса назар аударылады.

Республикада мемлекеттік тілді оқытып үйретуді ұйымдастыру ісінің осылай қарқынды қолға алынуы ғалым-әдіскерлер алдына оқыту мазмұнын, ұтымды оқу-әдістемелік кешенін жасау қажеттігі туралы мәселе қояды.

Ұсынып отырған мақалада мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту жүйесінің негізгісі болып саналатын оқу-әдістемелік кешенінің мазмұны туралы мәселе сөз болмақ.

Олай болса, қазіргі міндет тілді жаңа бағытта оқыту мазмұнын айқындап, оның оқу-әдістемелік кешенінің моделін жасау қажет.

Мемлекеттік тілді деңгейлік жүйемен оқытып, меңгерту ісінің соңғы нәтижесі оқу-әдістемелік кешеннің жасалу сапасына тікелей байланысты. Мемлекеттік тіл бойынша тіл үйренушілерге берілетін білім мазмұны оқу-әдістемелік кешінінде көрініс бермек.

Мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту жүйесіне арналған ОӘК құрамына негізгі оқулық, үйренуші дәптері, әдістемелік нұсқау, аудио-видеоматериал енеді. Және олар әр деңгейдің (қарапайым, негізгі, орта, ортадан жоғары,



жоғары, жетік) талабына сай жасалуы тиіс. Қазіргі уақытта республикада мемлекеттік тілді деңгейлік оқытуға арналған ОӘК біраз дайындалып, тәжірибеде жетістікпен қолданылып та жүр. Ол қуантарлық жай.

Оқу-әдістемелік кешеннің (ОӘК) сапасы оны құрастырушылардың әдістемелік шеберлігіне байланысты. Бірақ, соған қарамастан, тәжірибелі әдіскерлердің өзі ОӘК құрастыру барысында әлемдік әдістеме ілімінде қабылданған, ғылыми заңдылық, өлшем, ережелерді шарттарды басшылыққа алуы қажет. Сонымен қатар ОӘК тілді оқытып үйретудің қай деңгейіне, қандай мақсатта, қалай қолданылатынын және кімдерге арналатыны ескерілуі керек. Және қоғамдағы өзгерістерге сай ОӘК мазмұны әрдайым жаңартылып, толықтырылып, өзгертіліп отырғаны жөн.

Енді бұл жерде оқытушы мен тіл үйренуші еңбегінің негізгі құралы және оқу ақпаратының негізгі көзі болып табылатын оқу-әдістемелік кешеннің мазмұны мен құрылымы қандай шарттарға сай болғаны жөн деген сұрақ туады. Біріншіден, ол тіл үйренушінің мемлекеттік тілде белсенді қатынасқа түсуіне ықпал етсе, екіншіден, оның рухани, танымдық өресі кеңейіне мүмкіндік жасауы тиіс. Атап айтқанда, деңгейлеп оқыту жүйесіне негізделе жасалған оқу-әдістемелік кешеннің оқу үрдісіндегі рөлі мен орны келесі шарттарға сәйкес болуы тиіс: **ікемділігі, жүйелілігі, сабақтастығы, түсініктілігі, тиімділігі, өзектілігі, танымдылығы.**

**Оқу-әдістемелік кешеннің ікемділігі дегеніміз** – оның мазмұны қайта өңдеуге, өзгертуге ыңғайлы болуында. Әр оқу жылында тіл үйренушілердің жеке ерекшеліктерін, тілді меңгеру жағдайын ескеру негізінде оқу мазмұнын қайта өңдеп, өзгертіп отыру қажет. Бұл тіл үйренушілердің материалды есте сақтауын, оны түсінуін және нақтылы жағдайларда тәжірибеде қолдануын жеңілдетеді.

**ОӘК мазмұнының жүйелілігі** – оның барлық элементтерінің мазмұны логикалық байланыста болып, олар бірін-бірі толықтырып отыруында. Бұл тіл үйренушілерге тілді белгілі сабақтастықта оқытуға, олардың оқу және өзіндік жұмыс жасау дағдысын жүйелі түрде қалыптастыруға бейімдейді.

**ОӘК мазмұнының сабақтастығы** – оның құрамына енетін барлық элементтері, олардың мазмұны тілді оқытудың әр деңгейінде үйренушілердің игерген білімі мен іскерліктерінің өзара байланысуына, бірін-бірі толықтыруына бағытталуында. Бұл, бір жағынан, тіл үйренушілердің ертеректе игерген білімі мен іскерлігіне, екінші жағынан, алдыңғы деңгей бойынша игерген білімі мен іскерлігіне сүйену арқылы жүзеге асады. Яғни, білімнің түрлі көздерінен алынған деректерді өзара сабақтастықта бір жалпы тұтас жүйеге келтіруден тұрады.

**ОӘК түсініктілігі** – оның мазмұны тіл үйренушілер пайдалануға түсінікті, қолдану мүмкіндігі кең, ықшам, білім деңгейіне сай болуында.



**ОӘК тиімділігі** – оның мазмұнының тіл үйренушінің өз бетімен жұмыс жасауына, шығармашылық тапсырмаларды орындауға қолайлылығында тіл үйренуде ізденушілік іске төселуіне игі әсер етуінде.

**ОӘК мазмұнының өзектілігі** – оның құрамына енетін элементтердің: негізгі оқулық, дәптері т.б. құрылымы мен мазмұнының ортақ өзегі, басты сүйенетін кілті болуында. Яғни ОӘК құрамына енетін барлық элементтердің, олардың құрылымы мен мазмұнының қай-қайсы да мазмұнды да мәнді бола келіп, солардың ішінен біреуі жетекші рөл атқарады.

ОӘК мазмұны **танымдық бағытта** құрылуы тиіс. ОӘК, ең алдымен, Қазақстан Республикасында тұрғылықты тұрып жатқан, еліміздің орыс тілді азаматтарына, оның ішінде орыс тілді қазақтарға арналады. Сондықтан ОӘК барлық элементтерінің мазмұны ұлттық намыс және достық қарым-қатынас рухында қазақ халқының менталитетін танытып, оны тіл үйренушінің түсіну, қабылдау дағдысының қалыптасуына және қазақстандық ұлтжандылықты дамытуға бағытталғаны жөн. Сонымен қатар, тілді меңгеру барысында үйренуші тұлға қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдени құндылықтарын, оның басқа ұлттардың мәдени құндылықтарымен тығыз байланыста даму жолы туралы қосымша мәлімет алу арқылы өзінің ой-өрісін дамытып, таным жүйесін байытады. Бұл тілді оқытудың негізгі жетекші бағыты болып саналады.

Жалпы алғанда, ОӘК құрамына енетін барлық элементтеріне тән осы белгілері оның мәртебесі мен дәрежесін анықтайтын өз ара байланысқан және өзара сабақтасқан біртұтас жүйені құрауға мүмкіндік береді.

ОӘК – оқытушы мен тіл үйренушінің шығармашылық әрекетінің негізгі құралы. Атап айтқанда, ОӘК оқу мазмұны мен оны меңгеру технологиясын сипаттайтын, оқытушы мен үйренушіні біртұтас белсенді әрекетке жетелейтін құрал.

Мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту жүйесіне арналып жасалатын ОӘК-нің бұл белгілері оның негізгі қызметтерінде ашылады. Жалпы дидактикалық қызметтерді басшылыққа ала отырып, мемлекеттік тіл бойынша жасалатын оқу әдістемелік кешенінің (ОӘК) келесі қызметтерін бөліп көрсетуге болады: **ақпараттық, уәждік, қатысымдық, бақылаушылық, толеранттық** қатынасқа бейімдеу.

ОӘК ақпараттық қызметі – ғылыми тұрғыда сұрыпталып берілген оқу материалы, яғни лингвограмматикалық, лингвоелтанымдық білімді тіл арқылы меңгертуден тұрады. Өйткені тіл үйренушілер қазақша қарым-қатынасқа қажет әр алуан ақпараттарды тіл арқылы меңгере отырып, дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік алады.

ОӘК уәждік қызметі – оның құрамына енетін барлық элементтердің қызықты мазмұнында, тартымды тапсырмалар мен әр түрлі жаттығулардың



құрылымы арқылы жүзеге асады. ОӘК мазмұнында танымдық жаттығулар, проблемалық тапсырмалар мен интеллектуалдық материалдың үйлесімді берілуі тіл үйренушілердің мемлекеттік тілде қатынас жасау ынтасын оятатын құрал болып табылмақ.

ОӘК қатысымдық қызметі – тіл үйренушінің айтар ойын жүйелі жеткізуге дағдыландыратын, қазақша сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын, кез келген жағдайда сөз тауып, оны орынды қолдануға жетелейтін қатысымдық құзыретті дамытудан тұрады.

ОӘК уәждік қызметі – оның құрамына енетін барлық элементтердің қызықты мазмұнында, тартымды тапсырмалар мен әр түрлі жаттығулардың құрылымы арқылы жүзеге асады. ОӘК мазмұнында танымдық жаттығулар, проблемалық тапсырмалар мен интеллектуалдық материалдың үйлесімді берілуі тіл үйренушілердің мемлекеттік тілде қатынас жасау ынтасын оятатын құрал болып табылмақ.

ОӘК бақылаушылық қызметі – бақылау және бағалау жаттығулары арқылы кері байланыс механизмдерінің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз етуден тұрады. Яғни, үйренушіге өзінің білім деңгейін өзі бақылап, бағалап, түзетіп, толықтырып отыруына мүмкіндік беріледі. Мұндағы мақсат тіл үйренушінің тіл үйрену белсенділігін арттыру, өзіне деген сенімін күшейту, іздендіру, қызығушылығын арттыру.

ОӘК толеранттық қатынасқа бейімдеу қызметі оның барлық элементтерінің мазмұны жахандастыру үрдісінде тіл үйренушіге мемлекеттік тіл арқылы тіл иесі халықтың мәдени мұрасы мен бастауларын, сонымен бірге басқа ұлт пен ұлыс өкілдерінің рухани асыл қазыналарын, батыс өркениеті мен жалпы адамзаттық әлемдік өркениеттің баға жетпес байлықтарын тереңдете кіріктіре игерту арқылы ұлтаралық сыйласым, достық қарым-қатынасты бекіте түсуге бағытталуында.

Осылай әр деңгей бойынша өзара сабақтастықта жасалған ОӘК қолда бар басқа да қазақ тілі оқулықтарымен үйлесе отыра, деңгейлеп оқыту жүйесі талаптарына сай мемлекеттік тілді оқытуды жандандыруға мүмкіндік беретін ең негізгі жаңа үлгідегі тіл құралы болары даусыз. Бірақ оны тұлғаның тілді меңгеруге бағытталған белсенді еңбегі мен шынайы ниеті, ізденушілік, шығармашылық оқу әрекеті арқылы жандандырмаса, бұл оқу-әдістемелік кешен «өлі зат» күйінде қала берері де сөзсіз.

Ойымызды қорыта келе, деңгейлеп оқыту жүйесіне арналған ОӘК құрамына енетін әр элементтің (бағдарлама, негізгі оқулық, аудиовидеоматериалдары, әдістемелік нұсқау т.б.) құрылымы мен мазмұны жайындағы мәселенің өзі жеке-жеке жан-жақты қарастыруды қажет етеді және алдағы тағы бір ой-тұжырымдарға арқау болмақ демекпіз.



**АЙДОС ӘБДІХАЛЫҚОВ**

*Ұлттық тестілеу орталығы,  
Қазтест жүйесін жетілдіру жөніндегі  
басқарма басшысы*

## Ересек азаматтарға қазақ тілін оқыту әдіснамасын стандарттау және жүйелеу мәселесі: ҚАЗТЕСТ тәжірибесі, нәтижелер, статистика

Әдістеме аясы

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) мемлекеттік тілді меңгерудің басым бағытын іске асыру үшін мемлекеттік тілді меңгерген елдегі ересек тұрғындардың үлесін 2017 жылға қарай 80%-ға және 2020 жылға қарай 95%-ға арттыру міндеті қойылған. Аталған үлесті Қазақстанда азаматтардың мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ тапсырудың нәтижелері арқылы анықтау белгіленген. ҚАЗТЕСТ жүйесі 2006 жылдан бастау алады, 2008 жылдың 11 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен жүйені дамыту мен енгізу тұжырымдамасы қабылданды. Жүйенің негізгі бағыты күнделікті әлеуметтік ортада азаматтардың қазақ тілін қолдана білу дәрежесін анықтау, яғни қазақ тілінің функционалдық қолданысын бағалау. Тілдің күнделікті тұрмыста қолданылу дәрежесін бағалау арқылы тіл меңгерудің көлемін білу әлемде кең етек жайған. Атап айтсақ, ағылшын тілін білудің деңгейін анықтайтын IELTS – (Ағылшын тілінен халықаралық тестілеу жүйесі), TOEFL – (Шетел тілі ретінде ағылшын тілінен тест) жүйелері, орыс тілі бойынша ТРКИ – (Шетел тілі ретінде орыс тілінен тест) жүйесі және тағы басқа да жүйелер мен тестілеу бағдарламалары қолданыста. Барлығының негізгі бағыттары – тіл үйренушінің сол тілдердегі ақпараттарды тыңдап немесе естіп түсіну, оқи білу мен сол тілде жаза білу және ең маңыздысы сол тілде сөйлей білу қабілеттерін бағалау. Міне дәл осындай қағидамен құрылған ҚАЗТЕСТ жүйесі де Тыңдалым, Оқылым, Жазылым және Лексика-грамматикалық құрылымнан тұрады.



Мемлекеттік бағдарламада айтылған ересек тұрғындар кімдер? Қазақ мектебінде оқып, жоғары оқу орнын да қазақ тілінде тәмамдаған адамнан тағы да барып, күнделікте тұрмыста қазақ тілін қалай пайдаланасың деп сұрау ҚАЗТЕСТ мақсатына сәйкес келмейді. Оның орнына жастайынан қазақ тілінен өзге тілде білім алып, жоғары оқу орнын да орысша оқыған ересек азаматтар немесе шетелдерден көшіп келген азаматтардан мемлекеттік тілді қаншалықты меңгердіңіз деп сұрау орынды, өйткені күнделікті қатысым құралы ретінде де бұл азаматтар өзге тілді пайдаланады. Еліміздің Ата Заңында жазылған әрбір қазақстандықтың азаматтық парызы – ол мемлекеттік тілді – қазақ тілін білу болса, ол үшін мемлекетіміз барлық материалдық та, әдістемелік те, ұйымдастырушылық та, техникалық та жағдайларын жасап отыр. Сондықтан, қазақ тілін өз елінің мемлекеттік тілі ретінде өзінің атқаратын қызметінің көлемінде меңгеру саналы азаматтың рухани дәрежесін білдірсе керек.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру шаралары әрине, тек кешенді әрекеттерді орындағанда ғана іске асырылатыны белгілі. Соның бірі қазақ тілін оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен оны стандарттау. Бұл мәселе тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында негізгі міндет ретінде анықталған.

Қазақ тілін оқытудың әртүрлі әдістемелері болғанымен, әлі күнге дейін мектеп бағдарламасында өзге тілді мектептердегі қазақ тілі сабақтары тек грамматиканы жаттау мен бір сарынды жаттығуларды орындаумен шектеліп келеді. Осыдан барып, қазақ тілі пәнінен бестік алған оқушы ешқандай-да коммуникацияға дайын болмай шығады, яғни қазақ тілінде сөйлей алмайды. Әлемде тілді деңгейлеп оқытудың халықаралық тәжірибелері мен озық үлгілері қолданылып келеді. Оның мысалдарын қазіргі таңда әрбір білімді азамат біледі, мысалы Оксфорд, Кэмридж үлгілері негізіндегі оқулықтар, HeadWay, MacMillan үлігісіндегі және тағы да басқа баспалар мен жеке мамандардың әдістемелері.

Осы тәжірибелер нәтижесін көріп отырып, кейде таң қалып, неліктен осындай үлгілер бойынша тілді үйрету бұрыннан қолға алынбаған деген ой туындайды. Ендігі кезекте осындай тәжірибелер негізінде қазақ тілін екінші тіл немесе шетел тілі ретінде оқытуға арналған оқулықтар мен оқу құралдары әзірленіп отырса да, оларды пайдаланудың орнына сол баяғы пайдасы шамалы әдістемелер бойынша сөздерді жаттатып, грамматикалық ережелерді еске түсіруден арыға бармайтын ескі тәсілдер бойынша әлі күнге дейін оқытып келе жатқан мектептер мен оқу орындарына, оқытушыларға не амал. Өйткені баяғыдан әзірленіп қойған ескі бағдарламалары мен көнерген материалдарын тастап, жаңаны үйренуге уақыт керек, одан қалса, уәкілетті



орган өз бағдарламасы бойынша ғана оқытуды талап ететіндігін алға тартып, тағы да сол қазақ тілін меңгеру дәрежесі төмендеп жатыр. Бірақ, нәтиже жоқ болғандықтан сапа менеджменті бойынша оның дәрежесін көтеру үшін қандай да бір шаралар қарастырылуы керек емес пе? Сондықтан, бұл мәселе айналып келгенде, қазақ тілінің мәртебесіне келіп тірелетін болғандықтан, жаңа көзқарастар мен озық тәжірибелер нәтижелерін қолдана білу оқытушының шеберлігі болмақ.


Тілдерді дамыту мен қоғамдық-саяси жұмыстар комитетінің тапсырысы 2011-2012 жылдар аралығында бойынша үздіксіз білім беру моделі арқылы қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі негізінде қазақ тілін оқытуға арналған типтік оқу-әдістемелік кешен әзірленді. Қазақ тілін оқытудың әдіснамасы жетілдірілу мен стандарттау міндеті неліктен осы күнге дейін өзекті күйінде қалып тұр деген сұрақ туындайтыны анық. Осы уақытқа дейін қазақ тілін оқыту әдіснамасы стандартталмаған, немесе ол уақыт өте жетілдірілмей отырған деген тұжырым туындамауы керек. Ескі әдістеме – тілді меңгеру үшін тілдік құрылымдардың ережелерін жаттау, екі-үш шумақ өлең жолдарын жаттау, бір сарынды жаттығуларды орындаумен шектеледі. Осыдан келіп, нәтиже болмайды, яғни балалар қазақ тілінде сөйлемейді. Өйткені, ескі әдістеме сөйлеу әрекетінің тыңдап түсіну, оқып түсіну, жаза білу мен айта білу қабілеттерін тиімді қалыптастырмайды.

Орта мектеп қабырғасынан жоғары оқу орындарына келгенде практикалық қазақ тілі курстары тағы да екі жыл жалғасын табады. Бірақ тағы да сол баяғы типтік бағдарлама, грамматиканы жаттауға арналған жаттығулар мен тапсырмалар, нәтижесі белгілі!

Елбасының тапсырмасы – мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырудың бір парасы – ол әрбір өңірде қазақ тілін оқытудың орталықтарын ашу қажеттігі болатын. Осыған сәйкес барлық облыс орталықтарындағы ірі қалаларда барлығы 130-ға тарта мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылып, жұмыстарын бастаған еді. Оқыту орталықтарының негізгі тұтынушылары қазіргі таңда әртүрлі қызметтегі ересек азаматтар. Мәселе, бұл тіл үйренушілер өзінің барлық саналы өмірінде тек орыс тілін пайдаланған, яғни орыс тілді бала бақшасынан бастап, жоғары оқу орнын да орыс тілінде тәмамдап, күнделікті өмірде коммуникациялық қатынас құралы ретінде тек сол тілді пайдаланатын азаматтар туралы болып отыр. Мемлекеттік және азаматтық қызметшілер барлық мемлекеттік органдардың іс қағаздары мемлекеттік тілге көшуіне байланысты іс қағаздарын бірден қазақ тілінде рәсімдеуді үйренгісі келеді. Ал ресми қазақ тілін пайдалану дегеніміз – бұл қазақ тілін ортадан жоғары деңгейде меңгергенде ғана мүмкін болатындығын естен шығармау қажет еді. Алайда, тіл үйренушілер тарапынан қазақ тілінде



кез келген ресми құжатты рәсімдеп үйрену талап етіледі. Осы мәселеге талдау жасап көрелік. Ресми құжатты әзірлеу үшін оған қажетті сөздік қор қажет болады. Хатта айтайын деген ойды шұбалаңқы оймен емес, нақты әрі логикалық дұрыс құрылған сөйлемдер арқылы беру керек. Ал мұндай қабілет қазақ тілін тек орта деңгейде меңгергенде ғана мүмкін болады. Сонымен, құжат әзірлеу үшін сол сөйлей білу қабілетінің бөліктеріне жататын тыңдағанын немесе естігенін түсіне білу, оқығанын түсіну, жаза білу мен сөйлей білу әрекеттері бірдей қалыптасуы қажет болады. Міне осы сөйлеу әрекеттерінің түрлері тіл меңгеру ғылымының негізі болып табылады.



Қазіргі күні қазақ тілін меңгерудің сол халықаралық тіл меңгеру талаптарына сәйкестендірілген 5 деңгейі анықталған. Олар: қарапайым, базалық (негізгі), орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер. Аталған деңгейлер еуропалық тілдік портфель талаптарында А1, А2, В1, В2, С1 және С2 деңгейлер деп көрсетіледі. С2 деңгейі қазақ тілінде жетік деңгей деп аталады. Аты айтып тұрғандай тілді жетік меңгеру талап етіледі, яғни бұл деңгейде тілді әдеби нормада, сол тілдің өкілдерінің ойлау қабілеті деңгейінде сол тіл бойынша ойлап, сөйлей білуді білдіреді. Әрине С2 деңгейінде тіл меңгеруді үйрету мен оны бағалау мақсаты қойылса, онда бұл деңгейді де жалпы алдыңғы жүйеге қосу қиындық туғызбайды.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсат-міндеттеріне сәйкес қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандартау үшін осы деңгейлердің негізгі талаптары мемлекеттік стандарттар ретінде бекітілді. 2015 жылы стандарттар ұлттық стандарттар мәртебесінде қайта бекітіліп, қолданысқа енгізілді. Стандарттар қазіргі таңда барлық тіл оқыту орталықтары мен орталық және атқарушы мемлекеттік органдардың қолданысына енгізілді. Стандарттар қазақ тілін әр деңгейге сәйкес оқытудың талаптарын анықтайды, яғни тіл үйренушінің әр деңгейдің сабақтарын (курстарын) аяқтаған соң қандай тілдік құзіреттіліктері болуы қажеттігі анық жазылған. Ұлттық стандарттар қосымшасында қазақ тілін кім қандай




деңгейде меңгеруі қажет деген қоғамдық сұраққа жауап ретінде мемлекеттік тілді міндетті білуі тиіс мамандықтардың, лауазымдардың және кәсіптердің тізбесі берілген. Мемлекеттік қызмет, азаматтық қызмет және өзге де салалар болып бөлінген мамандықтар мен лауазымдар бойынша қазақ тілін білу деңгейлеріне бөліп, жүйеленген.

Ұлттық стандарттардың талаптарын күнделікті қазақ тілі сабақтарында қалай пайдалану керек, яғни әрбір коммуникациялық күзиреттілікке қазақ тілінің қандай тілдік құрылымы сәйкес келеді деген сұрақтар туындайтыны анық. Қазақ тілінің оқытушыларына күнделікті сабақтарға ыңғайлы, бағытты анықтап, мақсатты жүйелі қадағалап отыру үшін қазақ тілін оқытуға арналған типтік бағдарлама әзірленді. Бірүлгі (типтік) бағдарлама ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес әр деңгейдің талаптарын нақты түрде анықтайды.

Төмендегі суретте көрсетілген кешен мазмұнын екі ауыз сөзбен түйіндесек: Стандарттарға сәйкес оқыту бағдарламасы, оған сәйкес сөздік қор қалыптастыру, сөздерді бір-бірімен байланыстыруға арналған грамматикалық анықтағыш пен деңгейлік оқулықтар және оның нәтижесін бағалайтын ҚАЗТЕСТ жүйесі.

Әдістемелік аясы



Қазіргі таңда ҚАЗТЕСТ жүйесі өзінің қазақ тілін меңгерудегі ықпалын дәлелдеп, өміршеңдігін тәжірибе жүзінде көрсетті. ҚАЗТЕСТ жүйесін енгізудің тұжырымдамасы бекітіліп, мемлекеттік бағдарламадағы негізгі мақсатты индикаторды іске асырудың механизміне айналды. «Болашақ»




бағдарламасы үміткерлері мен мемлекеттік қызметшілер, ұлттық компания қызметкерлері мен жеке фирма қызметкерлері, оқу-білім саласы мен денсаулық, әскери мен арнаулы сала өкілдері қажеттіліктеріне қарай ҚАЗТЕСТ тапсырып, қазақ тілін меңгеру деңгейлерін анықтап, тілді әрі қарай үйренуге немесе қайта машықтануға қажетті құралына айналды.

ҚАЗТЕСТ тапсырған мемлекеттік қызметшілер: аудан, қала әкімдері, олардың орынбасарлары, орталық атқарушы мемлекеттік органдардың жоғары лауазымды өкілдері қазақ тілін меңгерудегі негізгі уәждемеге ҚАЗТЕСТ жүйесінің себеп болатынын айтуда. Әрбір байқау сынақтарынан кейінгі тәуелсіз сауалнамалардың нәтижесінен тест тапсырушылардың 98% жуығы мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға жүйе үлкен септігін тигізе алады деген пікірлерін байқауға болады. Алайда, ешкімді мәжбүрлеп қазақ тілін оқыту мен оны меңгерту мақсат емес. Десек те, қазақ тілін шектеу қойып немесе мәжбүрлеу арқылы меңгерту мақсат болмағанымен, мемлекеттік тілді меңгеруге тиімдірек, дәлірек ықпал етерлік оқу-әдістемелік кешен әзірленді. Нәтижесі қазақ тілін белгілі бір деңгейде меңгергендігін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты, яғни нәтижеге бағытталған білім беру қағидаты сақталды.

Жалпы тілді меңгеру үшін оған әрбір тіл үйренуші өзінің жүрегін ашу қажеттігін Президентіміз бір сөзінде тілге тиек етіп айтқаны бар еді. Әрине, мақсатты өз елімнің, жерімнің мемлекеттік тілін меңгеремін деп қызығып қойса, онда нәтиже де соған сәйкес көңілге шуақ сепкендей болары хақ. Ал, түрлі әдістемелер мен оқулықтар тіл меңгерудің қосымша құралы болып қала береді.

Келесі диаграммада 2006 жылдан бастап ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуге қатысушылар динамикасы келтірілген.






Диаграммада ҚАЗТЕСТ жүйесі құрылғаннан бастап, тестіленушілер саны ұдайы өсіп отырғанын байқауға болады. Мемлекеттік қызметшілер мен азаматтық қызметкерлер қазақ тілін жалпы қандай деңгейге жақын меңгергендігін анықтауға бағытталған диагностикалық тестілеулер өтіп келеді, өйткені диагностикалық тестілеу тегін өткізіледі. Сертификаттық тестілеулер ақылы негізде өткізілетіндіктен, тестке қатысушылар контингентін қалыптастыруда біршама қиындықтар туындайды.

Қазіргі таңда ҚАЗТЕСТ диагностикалық тестілеуіне еліміздегі ересек азаматтардың ішінде белгілі себептермен қазақ тілін меңгермеген азаматтардың басым бөлігі қатысып отыр. Жалпы қатысушылардың ішінен 10% ғана сертификаттық тестілеуге қатысты. Келесі суретте республиканың өңірлерінен диагностикалық және сертификаттық тестілеуге қатысу нәтижелері келтірілген.


Әдістеме аясы




ҚАЗТЕСТ-тің білім саласындағы басқа да түрлі тестілеу түрлерінен айырмашылығы ретінде контингенттің әртүрлігін атауға болады. 2006 жылы тест тапсырмасының байқау сынағына мектеп және колледждер таңдап алынған болса, 2008 жылдан бастап, мемлекеттік және азаматтық қызметкерлердің үлесі жыл сайын артып келеді. 2016 жылы ҚАЗТЕСТ жүйесі



бойынша 39418 (53,5%) мемлекеттік қызметші, 17304 (23,5%) бюджеттік сала қызметкері, 10395 (14,1%) мемлекеттік емес мекеме қызметкерлері, 4507 (6,1%) әскери қызметкерлер, 1079 (1,5%) «Болашақ» стипендиясына үміткерлер және 1029 (1,4%) басқа да сала қызметкерлері тестілеуден өтті.



2016 жылы тестілеуге қатысушылардың басым бөлігін (69%) жасы 40-қа дейінгі азаматтар құрағанын байқауға болады. Жоғарыдағы диаграммаға сәйкес тестіленушілердің 54%-ы мемлекеттік қызметшілер болып табылады, еліміздегі орталық және жергілікті атқарушы органдарда қызмет ететін мемлекеттік қызметшілердің 56%-ын 25-39 жас аралығындағы азаматтар құрайды деген деректі ескерсек, Келесі суретте келтірілген 40-қа дейінгі жас санатының негізгі бөлігін мемлекеттік қызметшілер құрап отыр деген болжам жасауға болады.





2016 жылы компьютерлік тестілеуді есептегенде ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша 30950 ер адам және 33029 әйел адам емтиханнан өтті. Сондықтан, 2016 жылы әйел адамдар саны 4%-ға көп болды.

Қазақстанның барлық өңірлерінде мемлекеттік қызметшілер, мемлекеттік қызмет көрсету саласының қызметкерлері мен өзге де сала қызметкерлерін ҚАЗТЕСТ тестілеуімен қамту жұмыстары ауқымды жүргізіліп отыр. Осы арқылы тіл меңгеру жағдайы қай аймақта қандай көлемде деген сауалға да дәлелді жауап беруге болады.

Осы ретте тіл үйренушілерге, жалпы ҚАЗТЕСТ тестілеуіне қатысушы жалпы қауымға қазақ тілін меңгеруде қандай құралдар жетіспей тұрғанын анықтау қиындық туғызбайды. Бұл – практика нәтижесі.

2016 жылы екінші басылыммен әзірленген «Қазақ тілі» оқулықтарының мазмұны мен сапасына тек қана оң пікірлер айтылуда. Осы үрдісті жалғастыру қажет, яғни В1 және В2 оқулықтарының екінші басылымын әзірлеп, баспадан шығару керек. Жұмыс тобына беделді ғалымдар мен шетелдерде білім алған жас ғалымдарды жұмылдыру қажет.

Лексикалық-тақырыптық минимумдардың кез келген әдістеде орны ерекше, яғни сөздік қор қалыптаспай, сол тілде сөйлеу мүмкін емес.

ҚАЗТЕСТ тақырыптық-лексикалық минимумдардың сапасын арттыру мәселесі де күн тәртібіндегі мәселе. А1 және А2 деңгейлеріне арналған кітаптардың екінші басылымын әзірлеу керек.

Қазақ тілін оқытушылардың білік деңгейлерін жоғары көтеру өзекті міндет. Осы тұрғыда британдық ТКТ (Teaching Knowledge Test – Кембридж университетінің емтихан түрі) тестінің қазақстандық үлгісін әзірлеп, орталықтардың оқытушы құрамын осы тестілеу арқылы білік деңгейін анықтау ұсынылады.



**ӘЛІМХАН ЖҮНІСБЕК**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор*

**Төл дыбыс — төл әліпби**

*Ел – бүгіншіл,  
менікі – ертең үшін.  
А.Байтұрсынұлы*

Жазудың сөздің айтылым үлгісіне ықпалы зор екенін ескерсек, жазу жүйесін қалыптастыруға жауапкершілікпен қарау керек. Жазу ережелері (әліпби құрамы, таңба үлгісі, емле-ережесі) сол тілдің ішкі табиғи заңдылықтарына телінгенде ғана жүйелі жазу шығады. Ең бастысы, дыбыстың таңбасы сол дыбыстың артикуляциясынан (жасалымынан) шығу керек, ал бүгінгі әліпби түзушілер дыбыстың естіліміне қарап таңба белгілеп келеді. Сондықтан да әліпби үлгісінде көп жаңсақтық кетіп қалып жатады.

Жазу табу - араға ғасырлар салып барып ілуде бір туатын даналардың ғана қолынан келетін шара. Славян жазуын Кирилл мен Мефодий тауып берсе, бүкіл түркі жұртына үлгі болған қазақ жазуын жалғыз Ахмет Байтұрсынұлы жеке шешті. Бұл жерде Ахаң ұсынған араб әліпбиінің тұрқын айтып отырған жоқпыз. Ахаңның қазақ тіліне дән лайық жазудың емле-ереже қисынын тапқанын айтып отырмыз. Ахаң тапқан жазу қисыны әліпби таңдамайды, өзімізге белгілі кез келген әліпбиді Ахаң қисынына салып, қазақ тіліне пайдалана беруге болады. Сондықтан біз тілтанымға (лингвистикаға) «Байтұрсынұлы қисыны» немесе орысша айтсақ «эффект Байтұрсынова» деген дәйектеме енгізіп отырмыз (Ғылымдағы жаңалық сол жаңалықты ашқан адамның атымен аталатын дәстүр бар). Ахаңның жазу қисынын кезінде орыс ғалымдары математикалық формулаға салып, әлемдегі ең озық және ең ықшам әліпби деп бағалаған. Сөйтіп өзге көпшілік жұрттың ойына кіріп шықпайтын, көп пенденің қолынан келмейтін жаңалық ашылды.

Ал, енді, жасыратыны жоқ, латынға көшетіміз белгілі болды. Ендеше



осы елдің азаматы ретінде, осы жазу саласының маманы ретінде біз бұл шаруадан шет қала алмаймыз. Ондағы мақсат - латын жазуына дұрыстап көшу.

Мұндай шешімнің тағы бір себебі бар. Қазіргі кезде латын әліпбиіне өтудің ондаған жобасы бар. Бір жобаны бір кісі, енді бір жобаны ұжым болып ұсынып жатқан авторлардың саны жүзден асты. Сонда бұл - неғып қаптап кеткен «байтұрсыновтар»? Тіптен қазақ тілінде қанша дыбыс бар екенін білмей жатып, жоба ұсынып жатқандар бар. Әріп пен дыбыстың айырмашылығын білмей жатып, дыбыс пен әріпті шатастырып жатып, жоба ұсынып жатқандар бар. Қазіргі әліпбиіміздегі 42 таңбаны қайтсем компьютер түйmetaқтасының 26 түймешесіне сиғызамын деп әлек болып жатқандар тағы бар. Жоба ұсынушылардың бәрі дерлік әліпби ауыстыруды кирилше бір таңбаны латынша екінші таңбаға алмастыру ғана деп ұғып отыр. Бұл - әліпбидің бас қатырмайтын ең оңай тұсы. Сондықтан да ұсынылған жобаларда ешқандай тілдік дәйектеме жоқ. Осының бәрін көре отырып, қалыс қалуға дәтімиз шыдамады. Себебі әліпби ауыстыру бір таңбаны екінші таңбамен алмастыру ғана емес. Ең бастысы, әліпби ауыстыру деген соқыр (механикалық) көшірме емес.

Әліпби ауыстырудың үш деңгейі бар:

- бірінші - дыбыс деңгейі,
- екінші - таңба деңгейі,
- үшінші – емле-ереже деңгейі.

Дыбыс – тілді өзге тілдерден бөлектеп тұратын тұрқы (бейнесі), таңба сол дыбыстың қауызы – қорғанышы мен оққағары, еміле – дыбыс пен дыбыстың басын қосып, сөзді сөз етіп тұратын дәнекері.

Егер біз әліпби құрамын өзгертетен болсақ, онда оның ар жағындағы таңба және емле-ережелеріне де өзгеріс ендіруіміз керек. Таңбаға өзгеріс ендіретін болсақ, онда оның емле-ережеге әсері қандай болмақ, алдымен соны ойлап алуымыз керек. Бұл - тіл мамандары мен әдіскерлердің шешетін мәселесі.

Латын әліпбиін дайындау үшін ең алдымен қазақ тілінің төл дыбыс құрамының басын ашып алу керек. Қазақ тілінің төл дыбыс құрамы төмендегідей:

А а	Ә ә	П п	Б б	М м
Ы ы	І і	Т т	Д д	Н н
	Е е	Қ қ (-К к)	Ғ ғ (-Г г)	Ң ң
Ұ ұ	Ү ү	С с	З з	Р р
О о	Ө ө	Ш ш	Ж ж	Л л
				Й й
				У у(w)



Осы дыбыстардың сыртынан қазақ дыбысын іздеп әуре болмау керек. Ендеше қазақ тілінің латын негізіндегі ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИІ де тек осы құрамда болу керек. Егер осы құрамға төркіні бөлек бір дыбыс еніп кететін болса, онда қазақ тілі дыбыстарының бүкіл жүйесі (системасы) – фонетика (дыбыс құрамы), лексика (сөздің үндесім әуезі), морфология (морфем тұрқы, буын, тасымал), синтаксис (әуен ырғағы) – бұзылады. Сондықтан да кірме дыбыстарға өз алдына таңба реті белгіленеді.

Әліпби таңбаларының негізі ретінде **түркі мемлекеттері** ұсынған және **Түркі академиясы** қолдап отырған ортақ әліпби болу керек. Ондағы мақсат – егер түркі жұрты латын әліпбиіне көшетін болса, дыбыс таңбаларын осы ортақ әліпбидің ішінен алу керек болады. Сонда түркі жұрты бірінің жазуын бірі оқи беретін болады. Әрине сөздің оқылымы әртүрлі бола береді, бірақ сөздің жазылым тұрқы бәріне түсінікті болады. Сөйтіп түркі жұртына ортақ мәтін шығады.

Түркі мемлекеттері ұсынған ортақ әліпби:

<b>A a</b>	<b>F f</b>	<b>K k</b>	<b>Ö ö</b>	<b>Ü ü</b>
<b>Ə ə</b>	<b>G g</b>	<b>Q q</b>	<b>P p</b>	<b>V v</b>
<b>B b</b>	<b>Ğ ğ</b>	<b>L l</b>	<b>R r</b>	<b>W w</b>
<b>C c</b>	<b>H h</b>	<b>M m</b>	<b>S s</b>	<b>X x</b>
<b>Ç ç</b>	<b>I ı</b>	<b>N n</b>	<b>Ş ş</b>	<b>Y y</b>
<b>D d</b>	<b>İ i</b>	<b>Ŋ/Ŋ ŋ</b>	<b>T t</b>	<b>Z z</b>
<b>E e</b>	<b>J j</b>	<b>O o</b>	<b>U u</b>	

Сонда қазақ тілінің төл (ұлттық) әліпбиі төмендегідей болып шығады.

№	қир.	лат.	аты	№	қир.	лат.	аты
1	A a	<b>A a</b>	a	15	H h	<b>N n</b>	ны
2	Ə ə	<b>Ə ə</b>	ə	16	Ң ң	<b>Ŋ ŋ</b>	ың
3	B б	<b>B b</b>	бы	17	O o	<b>O o</b>	o
4	F ғ	<b>Ğ ğ</b>	ғы	18	Ө ө	<b>Ö ö</b>	ө
5	Г г	<b>G g</b>	гі	19	П п	<b>P p</b>	пы
6	Д д	<b>D d</b>	ды	20	Р р	<b>R r</b>	ыр
7	E e	<b>E e</b>	e	21	С с	<b>S s</b>	сы
8	Ж ж	<b>J j</b>	жы	22	Т т	<b>T t</b>	ты



9	З з	<b>Z z</b>	зы	23	У у	<b>W w</b>	ұу
10	Й й	<b>Y y</b>	ый	24	Ұ ұ	<b>U u</b>	ұ
11	Қ қ	<b>Q q</b>	қы	25	Ү ү	<b>Ü ü</b>	ү
12	К к	<b>K k</b>	кі	26	Ш ш	<b>Ş ş</b>	шы
13	Л л	<b>L l</b>	ыл	27	Ы ы	<b>I ı</b>	ы
14	М м	<b>M m</b>	мы	28	І і	<b>İ i</b>	і
<b>кірме таңбалар</b> tc/c ch/ç f/ph v/bh x/kh sh ye i u yu ya yo							

Кірме таңбаларды әлі де болса пысықтай түсу керек шығар.

Қазақ әліпбиінің бұл үлгісін *ұлттық жоба* деп отырмыз. Өйткені қазақ дыбыстарының әрқайсысына тән өз таңбасы бар. Сондықтан компьютер түйметактасына сиымтал емес, арнайы бағдарлама керек болады. Оның үлгілері түрік, неміс, француз, испан т.б. тілдерінің жазуында бар.

Еуропа тілдерінде қасалқы (үстеме) белгілер кеңінен пайдаланыла береді, себебі олардың сөзінде бір дауыстының сөз құрамында екі рет кездесуі - өте сирек құбылыс. Ал біздің тіліміз - жалғамалы (агглютинатив) және үндесім (сингармонизм) тіл. Бір дауысты бір сөздің құрамында бірнеше рет кездесе беретін болғандықтан, олай ете алмаймыз. Өйткені бір сөздің ішінде қосалқы (диакритик) таңбалы немесе қосақ таңбалы дауысты-дауыссыз бірнеше рет қайталанып жатса, жазу дағдысын былай қойғанда, көзтанымға ауыр болады.

Мәтін-өрнек (ерін үндестігін қазіргі дәстүрмен ескермей отырмыз):

#### АВАУ JOLI

Üş kündik joldıñ bügingi, soñğı künine bala şakirt barın saldı. Qorıqtan kün şıǵa atqa mineyik dep asıqqan-dı. Bunı qaladan alıp qaytqalı barǵan aǵayını Baytastı da tañ atar-atpasta özi oyatıp turǵızıp edi. Kün uzın attan da tüspey, özge jürginşilerden oq boyı alda otırǵan. Key-keyde özine tanıs Köküyirim men Buwratiygen, Taqırbulaq sıyaqtı qonıs-qudıqtardıñ tususına kelgende bala oqşaw şıǵıp, astındaǵı jaraw qula bestisin aǵızıp-aǵızıp ta aladı...

-Mına balanıñ awılǵa asıǵuwın-ay!

Әрине, әліпби мәселесіне әртүрлі мамандардың қатысы болады. Солардың ішінде тіл мамандары мен информатика мамандарының орны бөлек. Алайда, ешкімнің көңіліне келмей-ақ қойсын, жоба авторлары бұл тұста неше түрлі ойға қонымсыз «шеберлік» танытуда. Мұның басты себебі олардың өз алды-



на ғылыми пән болып табылатын жазу теориясы мен әлеми жазу дәстүрінен бейхабарлығында болып отыр. Сондықтан әркім өз орнын біліп араласса дейміз.

Мысалы:

- тіл мамандары (фонетистер) тілдің әліпби құрамын анықтап, емле-ережесін құрастырады,
- математиктер әрбір дыбыс пен таңбаның кездесім жиілігін есептеп шығады,
- информатиктер компьютер түйметақтасына оңтайлы орналастырудың амалын қарастырады,
- сызбашылар әріп сұлбасының қарапайым үлгісін іздейді,
- әдіскерлер оның сауат ашу дағдысын бағалайды,
- көз дәрігерлері көзтанымға әсерін байыптайды,
- психологтар бала жүйкесіне шақ келу жағын пысықтайды т.с.с. сөйтіп бәріне жұмыс табылады.

Ендігі қиындық кірме таңбалардың дыбыс құрамын оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар арқылы көпшілік санасына жеткізіп, ақиқатын мойындату. Бүгінгі таңда бұл қиынның-қиыны болғалы тұр. Кірме таңбалар қазақ тілінің жеке дыбыстары емес, дыбыс тіркестері дегенді түсіне қоятын орта жоқ. Көпшілік санасын орыс орфографиясы тұмшалап тастаған. Жоқ жерден өзімізге өзіміз жұмыс тауып беріп отырмыз. Сондықтан ең алдымен қазақ мәтінін «әліпби» транскрипциялап алуымыз керек. «Әліпби» транскрипция дегенді амалдың жоғынан ойлап тауып отырмыз. Мақсат – қазақ сөзі *ми* емес *мый* екенін, *ти* емес *тій* екенін, *су* емес *сұу* т.б. екенін көпшілік санасына қайта сіңіру, басқаша айтқанда «сауат ашу». Амал-әрекетті бастауыш сыныптарынан бастау керек. Қазақы айтылым қазақ балаларының санасына жеңіл ұялайтын болады. Бертін келе кірме таңбаларды қазақ тілінің дыбыстары деп шатаспайтын болады. Ол үшін кірме таңбалар қазақ тілінің ұлттық әліпбиінің тізбегінен шығарылып тасталуы керек те, олардың жазылымы өз алдына емле арқылы реттелуге тиіс.

Әліпби кестесіндегі *у* таңбасының дыбыс мәнін латын әліпбиінің құрамындағы *w* әрпімен белгілеп беріп отырмыз. Өйткені қазақ тілінде *ерін-еріндік, жуысыңқы, үнді* дауыссыз бар. Ол дауыссыз халықаралық практикада осы таңбамен беріледі. Ондай дыбыс ағылышын тілінде де бар. Ағылшын тілінде сауатты өсіп келе жатқан жас ұрпақ оны тез аңғарып, жеңіл қабылдайды. Ал орыс тілінде ондай дауыссыз дыбыс жоқ. Олардың Көкшетау дегенді *Көкчетав* деп өз тіліндегі *тіс-еріндік, жуысыңқы, ұяң в* дауыссызымен алмастыратындығы сондықтан. Қазақ тіліндегі дауыссыз *y/w* мен орыс тіліндегі дауысты *y[u:]* дыбыстарын естілім ұқсастығына қарап өзара шатастырып жүргеніміз сондықтан. Тіптен *и* мен *у* әріптерін



(дыбыстарын емес) өз алдына фонема деуге де жеттік. Оны қазақ тілінің дамуы деп орынсыз мақтанға ұрынып жүргендер де жоқ емес.

Өкінішке орай, орыс тілінің емле-ережесі арқылы қазақ тілінің төл сөздерінің жазылымына енген *и, у, я, ю* таңбаларының (дыбыстарының емес) әрқайсысын өз алдына дербес дауысты дыбыстар деп қабылдау бар. Мұны біз «*жалған естілім*» (перцептивный обман) деп атадық. Көпшілік (тіптен, тіл мамандарының өздері, қазақ тілі пәнінің мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының оқытушылары) осыған әбден ден қойып, психологиялық тұрғыдан мойындап алған. Оның үстіне оқу бағдарламалары мен оқулықтар түгелдей осы ережені құптап отыр. Қазақ тілі дыбыстарының құрамына зорлықпен енгізіліп отырған «дауысты дыбыстардың» жөнін табу үшін «дауыстыдан кейін дауыссыз болады, дауыссыздан кейін дауысты болады» деген күлкілі ереже де ойлап таптық.

Оның зардабын әлі көріп келе жатырмыз. Тіл мамандарының өзі өздері ұсынып отырған әліпби жабаларында осы жалған қағиданы ұстанып отыр. Мысалы, орыс жазуының ережесімен жазып келген *ми, му* т.б. сөздерді латын негізінде де *mi, ti* деп жазып, солай оқуды ұсынып отыр. Сонда қазіргі орыстақы емлеміз бойынша да *[ми, му]*, жаңа латынша да *[mi, ti]* болып шыққалы тұр. Жоба авторлары осы жолмен жазу желісін үнемдеуге болады, яғни екі таңбаның орнына бір таңба ғана жазамыз деген болжамды алға тартады. Үнем қуып, тіліміз бастан кешіп отырған зардапты ушықтырып керегі жоқ.

Мәселе - «айтулы қырық екімен» байланып қалған көпшілік санасын оятып, «өзіміздікі деген – мынау, өзгенікі деген – анау» деп, түсіндіріп алу. Біздің ойымызды дұрыс түсінген жөн. Өйткені басқаларды былай қойғанда, жоғарыда айтқанымыздай, қазақ тілі пәнінің мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларының өздері төл дыбыстардың басын ажыратып ала алмай жүр. Кірме әріптерді «дыбыс» деп жазып беріп отырған оқулықтар мен «дыбыс» деп оқытып отырған мұғалім/оқытушылар әлі баршылық. Әрине, бұл олардың кінәсі емес екенін айттық. Тағы да қайталауға тура келеді, мектептен бастап, жоғарғы оқу орнын бітіргенше бір ғасырға жуық «қазақ тілінде 42 дыбыс (әріп) бар» деп тоқпақтай берсе, кімде болса сеніп қалады. Сеніп қалған соң бұрыстың өзі дұрыс көрініп, дұрыстың өзі бұрыс көрініп жатады. Біз бәріміз қазір осы күйді бастан кешіп отырмыз. Өз ағайындарымыздың өзінен **қазақтың бар дыбысын жоқ деп, жоқ дыбысын бар** дейтін уәжді әлі көп еститін боламыз. Құлақ үйренген орыс тілінің дыбыстарынан, көз үйренген орыс тілінің әріптерінен арылтып алу оңай болмайды. Тағы да қайталайық, «айтулы 42-ден» айрылсақ далада қалатындай сезінеміз.

Сонымен, бірінші кезекте, мамандар анықтап берген қазақ тілінің төл дыбыс құрамын танып-біліп, оны бәріміз түгел мойындауымыз керек.



Ең жақсы жазу деп ереже-ескертпелері мейлінше аз жазуды айтады. Ондай жазу үлгісі тілдің төл дыбыстары мен төл таңбалар үйлесімін тапқанда ғана құрастырылады. Ендеше, әліпби құрамы дұрыс анықталып, оның таңбалары қазақы реттелсе, емле-ережені жөнге салудың төте жолы ашылады. Сауат ашуды тек сауатты жазу деп түсінбеген жөн, сауат ашу сауатты қазақы дыбыстаудың да амалы болып табылады.

Кез-келген әліпбиді кез-келген тілге жамап-жасқап пайдалана беруге болады. Алайда, мақсат «әйтеуір жазу» болмау керек. Жазу ең алдымен тілдің ішкі заңдылығымен қабысып жатуы керек. Сонан соң жазу тілдің дыбыс жүйесіне нұқсан келтірмейтін, керісінше, оның әдеби үлгісінің қорғанышы болу керек. Осы екі мақсатты орындау үшін жазудың емле-ережесі көшірінді емес, төл болу керек. Таңбада тұрған ешнәрсе жоқ.

Жетілген әліпби - қолдағдыны жеңіл қалыптастырудың, көзтанымды оңай жаттықтырудың, ең бастысы, ана тілінің айтылым үлгісін ұрпақтан ұрпаққа бұзбай жеткізудің кепілі. Латын әліпбиінің қолданба бағыттағы саласының аса қажет екеніне еш күман жоқ. Бірақ қазақ тілін компьютерге икемдеудің оңай да жалған-жасанды жолы көп, ал ауыр да ақиқат жолы біреу-ақ. Оңай болатын себебі – *одан-бұдан өгей дыбыс жинап, таңба талғамай қиып-құрап, жамау-жасқау әліпбиді* әркім-ақ түзе береді. Қиыны - бір ғасыр бойы баса-көктеп, қордаланып қалған көп дыбыстың ішінен *төл дыбысты танып-біліп, жиып-теріп, өлшеп-пішіп, қазақ тіліне лайықты төл әліпби* жасау. Соның нәтижесінде қазақ тілінің төл дыбыстарына сай төл әріптер қалыптасады. Қазіргі тіліміздегі басы артық 20-30-дан астам жаңсақ емле-ережелер өзінен өзі жойылып, басы артық кірме әріптердің тіл бұзар машақатынан құтыламыз.

Осы жерде Байтұрсынұлының тағылымына арнайы тоқтала кетейік. Біздің жерден жеті қоян тапқандай болып «апостроф» деп әріптің бір шекесін шертіп сәндеп, «диакритика» деп әріпті төбесіне сызықша қойып шендеп, О әрпінің белінен тартып ө жасап мәндеп, ае-ні қосақтап ә деп егіздеп жүргеніміздің бәрі Ахаңнан қалған үлгі. Ендеше, қазіргі жоба авторлары алып отырған жуан-жіңішкелік белгілер (әртүрлі нұсқасына қарамай) - сол А.Байтұрсынұлы салған сара жол. Арабы таңбалар негізінде туындаған дәйекші дауыстылардың жуан-жіңішке таңбасына таңылып, кирилшеге көшті. Енді, міне, кирилшеден «апостроф, қос нүкте, сызықша, қосақ әріп болып», мың құбылып, латынша жобаларда жүр. Қалай құбылса да бәрінің мазмұны яғни *емле қызметі* - сол бір *дәйекші*.

Біздің ойымызша болашақ латын әліпбиі ешкімнің атымен аталмау керек. Өйткені бұл жерде ат қоя салатындай үлкен жаңалық ашылып отырған жоқ. Жазудың төл дыбыс құрамы мен емле-ережесін Ахаң шешіп беріп қойған,



латын таңбалары дайын тұр. Оның үстіне компьютер түйме тактасында қазақ дыбыстарына сай келетін таңбалар жеткілікті. Оны іздеп табуға да көп бас қатырудың керегі жоқ, бәрі алақандағыдай көрініп тұр. Мәселе бірегей 3-4 дыбысты қалай таңбалаймыз дегенге ғана саяды. Қазақ дыбыстарын латын негізінде таңбалау (транскрипциялау) үлгілері ХІХ ғ. жазба мұрағаттарында ұсынылып қойылған.

Авторлық жайына келетін болсақ, «жоба жасама, жобаңа өз атыңды қойма» деп, әрине, ешкімге ешкім тиым сала алмайды. Жасаған жобасын тиісті орындарға тіркетіп, патент алып, сертификатын жалаулатып жүргендер жоқ емес. Бірақ бір таңбаны екінші таңбаға ауыстыра салу үшін аса үлкен бастың қажеті жоқ. Ең бастысы, жоба авторлары әліпбидің, жоғарыда айтқандай, кешенді мәселелерін (әліпби, таңба, емле-ереже) қалай шешіп берді, бәрі соған байланысты. Ендеше, бар болғаны, **кирилше таңбаны латынша таңбаға ғана өз білгенінше ауыстырып беріп, жаңа қазақ әліпбиін иеленемін деген әрекеттің өзі орынсыз болып табылады.**

Қазақтіліндегі жасанды (фонетикалық) дифтонгтардың сингармологиялық (ескіше фонологиялық) мәртебесін (статусын) анықтау бүгінгі қазақ фонетика ғылымының өзекті мәселесіне айналып отыр. Өйткені бұл мәселенің теориялық және практикалық маңызы қатар өзекті болып отыр. Мәселенің теориялық шешімі қазақ тілі дыбыстарының құрамын дәл анықтап, «қазақ тілінде қанша дауысты дыбыс бар?» деген сұраққа нақты жауап тауып беретін болады. Ал оның практикалық шешімі қазіргі қазақ жазуындағы қайшылықтардан арылуға мүмкіндік береді.

Жазуда **и, у** әріптерімен таңбаланып жүрген дыбыстарға, бір жағынан, **«дауыстыдан кейін дауыссыз, дауыссыздан кейін дауысты болады»** деген мектеп және жоғары оқу орындарының оқулықтарындағы жаңсақ анықтамамен қатар, екінші жағынан, оларға **«дауысты мен дауыссыздардың тіркесін белгілейтін таңба»** деген академиялық грамматикадағы ақиқат анықтама беріледі. Біз бұл жерде қазақ тілі оқулықтары мен ғылыми грамматикаларында кездесіп жүрген бір-біріне қарама-қарсы пікірлердің негізгілерін ғана келтіріп отырмыз.

Өзара артикуляциялық үйлесімі күшті, естілімі ұқсас болып келетін қысаң дауыстылар мен үнді дауыстылар тіркесінің құрамды бөліктерін ажыратып алу оңай болмайды (оның үстіне орыс тілінің **ы, и, у** дауыстыларының естілімі мен қазақ тілінің **ый, ій, ұу, уу** дыбыс тіркестерінің естілімі өзара ұқсас болуы да өз әсерін тигізді. Кезінде қазақтың төл сөздерінің құрамында **и, у** таңбаларын жазу туралы тоталитарлық ереже қабылдауға, сөз жоқ, да осы жай себеп болған). Олардың құрамды бөліктерінің жігін ажыратудың бірнеше тәсілі бар.

Ал, жазу реформасының басты мақсаты орыс тілінің тіл бұзар ережелерінен



арылып, қазақтың *мый* деген сөзін айтылуына лайық *мый [mɨy]* деп жазып жуан айтқызу, *miy* деген сөзін айтылуына лайық *miy [tiy]* деп жазып жіңішке айтқызу үшін жасалып отырғанын ескерсек, әріптестеріміздің бұл әрекетіне қалайша «жол болсын» демекпіз.

Жаңа әліпби мен оның емле-ережелері қазақ сөзінің айтылым әуезіне, буын құрамына, морфем жігіне, тасымал амалына, әуен ырғығына нұқсан келтірмейтіндей болуы керек. Мұндай келелі шара мектеп «Әліппесі» мен оқулықтарынан бастау алмаса, «әліпби мен емле-ереже сырқаты» бүгінгіден де асқынып кетері сөзсіз.

Сонымен тағы да пысықтай түсейік.

### Морфем талданым:

**-оқы** етістігінің көсемше түрі **оқи** болса, сонда көсемшенің көрсеткіші дауысты **и** дыбысы болғаны ма? Онда көсемшенің бір «көрсеткіші **дауыссыз й [y]**» деген ереже қайда қалады?

**-оқы** етістігінің тұйық рай түрі **оқу** болса, сонда тұйық райдың көрсеткіші дауысты **у** дыбысы болғаны ма? Онда тұйық райдың «көрсеткіші **дауыссыз у [w]**» деген ереже қайда қалады?

Ең сорақысы, осы жердегі «дауысты **ы** дауысты **у**-мен алмасады» деп түсіндіретін ереженің барын қайтерсің! Ал **оқы** етістігі дауысты **ұ**-ға (жарайды, тіптен, көз елес **ы** дауыстысы бола қойсын) аяқталып тұрғаны, оған келіп дауыссыз **у[w]** тіркесіп, тұйық рай **оқуу [oquw]** жасалатыны қаперімізге кірмей-ақ қойды.

Қазақтың **ұу** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **у** дауыстысының, қазақтың **ый(-ій)** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **ы(-и)** дауыстысының естілімімен жалған ұқсас екеніне сеніп қалғанбыз.

### Буын талданым:

**-миы** сөзінің буын құрамы **ми-ы** болып, алғашқы буын дауысты **и** дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұр ма? Онда қазақ сөзінің ішінде «**буын дауысты дыбыстан басталмайды**» (А.Байтұрсынұлы) деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне сөз соңында «дауысты буын тұрған деген не?» деп, аң-таң боламыз.

**-суы** сөзінің буын құрамы **су-ы** болып, алғашқы буын дауысты **у** дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұр ма? Ендеше қазақ сөзінің ішінде «**буын дауысты дыбыстан басталмайды**» деген ережені тағы еске сала кетеміз. Оның үстіне «сөз соңында дауысты буын неге тұр?» деп, тағы аң-таң боламыз.

### Тасымал талданым:

**-жиын** сөзі **жи-ын** болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп тұрады ма? Онда «**қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар**



**тұрмайды»** деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне «сөз соңында тұйық буын тұрған деген не?» деп, әрі-сәрі боламыз.

-**суық сөзі су-ық** болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп тұрады ма? Ендеше **«қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды»** деген ережені тағы қайталаймыз. Оның үстіне «сөз соңында тұйық буын неге тұр?» деп, әрі-сәрінің үстіне дел-сал боламыз.

Көріп отырғанымыздай, аттаған сайын сұрақ белгісі алдымыздан шығып отыр. Бұл – бүгінгі қазақ жазуының, жұмсартып айтқанда, күмәнды тұстары көп деген сөз.

Бұдан туатын қорытынды, орфография мен орфоэпия сөздіктерін өзара үйлестіру керек болады. Өйткені орфоэпиялық сөздіктің басым бөлігі осы кірме таңбаларды таратып жазуға арналады. Егер кірме таңбаларды орфографиялық тұрғыдан таратып жазатын болсақ, онда олардың орфоэпиясын дайындап әлек болудың қажеті де болмайды. Орфоэпиялық сөздіктің көлемі кем дегенде жартысына қысқарады, тіптен үштен бірі ғана қалуы мүмкін.

Көпшілік арасында тұрқы бөлек латын жазуы өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілге деген ынтасын тоқтатады, бөлек жазу ұлысаралық татулыққа бүлік салады деген де қауіп бар. Әліпби тұрқынан шошып тіл үйренбейтін болса, онда сол орысың да, қазағың да, басқаң да бала-шағасымен қосылып неге қазір жаппай латын жазуындағы ағылшын тілін үйреніп жатыр? Ендеше, себепті де орнымен іздеу керек. Ал, латын әліпбиі ұлт араздығын тудырады дегеннің тіптен жөні жоқ. Ұлт татулығы мен ұлт араздығы жазуға емес, тұрмыс-тіршіліктің бабына байланысты. Ендеше ұлыстар татулығы мемлекет саясатына байланысты. Еліміздің еселі даму қарқыны мен орнықты ұлт саясаты кімге де болса аян. Тұрмыс-тіршілік мүддесі Қазақстанға қарап тұрса, ешбір ұлт-ұлыс оның жазуына өкпелеп теріс айналмайды.

Соңғы кезде әліпби ауыстыру мәселесін, ауыстыра қалған күнде қай әліпбиді таңдау жайын халық талқысына салып, референдум арқылы шешу керек деген ұсыныстар айтылып жүр. Шындығында, бұл мәселе бүкіл халық жабылып шешетін іс емес екенін, кешіріңіздер, түсінген жөн. Әліпби жобасын тіл мамандары (фонетистер) дайындайды, сонан соң педагог-ұстаздар, әдіскерлер, сызба шеберлері, көз дәрігерлері, психологтар т.б. арнайы сараптаудан өткізеді. Жоба арнайы сараптаудан өткен соң мемлекет тарапынан бекітіліп, көпшілікке міндетті құжат ретінде ұсынылады. Әрі қарай ол талқыланбайды, тек орындалады.

Ендеше, ғылыми ақиқат көпшілік дауысқа салумен анықталмайды, ғылыми іс «асармен» бітпейді, ғылыми нәтиже аламан жұрттың қау-қаулауымен алынбайды. Ерсі көрінсе де айтайық, ғылым саласында «көп ақылы - көл болмайды». Ғылыми таным жолында азшылық көпшілікке бағынбайды,



тіптен бір адам дүйім жұртқа жөн сілтеп, жол көрсетіп отырады. Әліпби саласында ол - Ахмет Байтұрсынұлы. Ғылымда қоғам теңдік те (демократия) жоқ, адами теңдік те (ғұламалық) жоқ. Ғылым - адамзат болмысының бейтеңдес (бейдемократиялық) тұсы.

Сонымен сөз қорытындысында мынаны айтпақпыз. Біріншіден, орыс жазуына байланысты алған жартыкеш-жарамсақ емлеміз бен әліпбиіміздің ана тілімізге тигізген бүгінгі зардабын көре отырып, әлі де болса орыс жазуында қаламыз деудің енді реті келе қоймас. Оның үстіне Ресейдің өзіндегі орыс тілі маамдарының ішінде де латынға көшейік деген академиялық деңгейдегі пікір қалыптасып келеді. Тіптен, орыс жазуында қала қойғанның өзінде оған түбегейлі өзгерістер енгізу керек. Ал, оған өзгеріс ендіреміз десек, оның дауы латынның дауынан да асып түсетініне еш күман жоқ. Екіншіден, араға ғасырға жуық уақыт салып, араб әліпбиіне қайта оралып жатудың тағы жөні жоқ. Өйткені қазіргі ұрпақ үшін араб жазуы көп бейтаныс жазудың бірі ғана. Үшіншіден, латын жазуы қалай-қалай дегенде де әлеми ақпарат жетістігінің бірден-бір құралы болып қалды. Оның үстіне егер латынға қазақтың төл дыбыстарын баптап өте алсақ, қазіргі жазуымыздағы тіл бұзар басы артық таңбалар мен емле-ережелер жол-жөнекей өзінен өзі түсіп қалады. Дұрыс әліпбиден бұрыс емле-ереже туындамайды, бұрыс әліпбиден дұрыс емле-ереже туындамайды. Жазу реформасы дегеніміз – осы.

Ендеше латын әліпбиін жатырқамай, дер кезінде қабылдау керек болады, тек емле-ережесін баптап өтейік, ертең-ақ көз үйреніп, қол жаттыққан соң күмән сейіліп, үрей өзінен өзі басылады.



**АМАН АБАСИЛОВ**

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты*

## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТАУЫ - ҰЛТТЫҚ САНА, ТІРЕГІ – ТІЛ

(Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан туындаған ой)

Болашаққа бағдар

Бүгінгі күнді ұлт дамуының шешуші кезеңі, асыл армандардың орындалар заманы деп атауға болады. Ата-бабамыздың сол асқақ арманын баянды етудегі қазіргі «қазақстандық арманымыз» қандай, оны қалай жүзеге асырамыз, мемлекетті қалай кәсібилендіреміз, ол үшін қандай реформа жүзеге асуы тиіс, қоғамдағы құқық тәртібі мен заңдылық қалай болуы керек, елді индустрияландыру мен экономикалық өсімге қалай жетеміз, қазақстандықтардың азаматтық біртектілігі мен біртұтастығын қалай нығайтамыз, транспарентті және есеп беретін мемлекетті қалыптастыру үшін не істеуіміз керек деген сауалдар Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 қадамында егжей-тегжейлі сөз болған болатын. Одан кейін Ел Президенті «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында сол реформаларды жүзеге асырудың практикалық мәселелері: әрбір реформаның халқымызға беретін кәсібилік, құқықтық, бірегейлік, экономикалық және есеп берушілік игіліктеріне жіті тоқталады және оны бүкіл ел болып жүзеге асыруға шақырады.

Ал, биылғы жыл басындағы халыққа Жолдауында Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жариялады. Енді осы жаңғыру қалай жүзеге асады, онда нені ескеру қажеттігін баяндаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын халық назарына ұсынып отыр. Мұнда ол: «Мен еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім», - деп бастайды.

Елбасы мақаласында қамтылған мәселенің бәрі де өзекті, бәрі де мәнді. Бұл



қоғамға жаңа леп, жаңа сенім әкеледі, сонымен қатар ұлттық дамудың жаңа міндеттерін жүктейді. Мұнда рухани жаңғырудың бастауы - ұлттық сана, тірегі – ұлттық тіл, арқауы – білім, мекені – туған жер, дербестігі – мәдениет, мақтанышы – азамат болуы керек деген кешенді шаралар сөз болған.

Мен тіл маманы ретінде ұлттың рухани жаңғыруын тілдік сананың жаңғыруымен байланыстырамын. Өйткені, «Тіл - халық рухы, ал халықтың рухы - оның тілінде» деп белгілі ғалым В.Фон Гумбольдт айтқандай, Елбасының айтып отырған ұлттың рухани коды да сол тілде жатыр. Сондықтан да қазақ тіліне тек қарым-қатынас немесе шығарма тілі деп қана емес, ұлттық сана-сезімді, дәстүр мен салтты, халықтың барлық бітім-болмысын танытатын рухани құрал ретінде қарау керек.

Қандайда да бір қауымдастықты алсақ та оның өзіндік коды, ұйымдасуына әсер ететін көптеген белгілерінің ішінде біреуі айрықша көрініп, өзгешеленіп тұрады. Мысалы, еврейлердің ұлт ретінде бірігуіне діни наным-сенімі себеп болса, немістердің ұйымдасуына ұлтына деген сүйіспеншілігі ерекше әсер етті, ал қазақты қазақ еткен - оның ғажайып тілі. Өйткені қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін, салт-санасы мен әдет-ғұрпын сараласақ, дәл осы тіл сияқты, соның деңгейіндегі рухани байлықты табу қиын. Қоғамдық қарым-қатынастарды, құқықтық негіздерді, тұрмыстық шаруаларды атам қазақ өзінің шешен, бай тілімен шешетіні бағызыдан айтылып келе жатқан ақиқат.

Қазақ тілінің біріктірушілік, ұйымдастырушылық қызметі өзінің табиғатынан да көрінеді. Өзге тілдер өз ішінен бірнеше диалетілерге бөлініп, фонетикалық, лексика-грамматикалық ерекшеліктерге ие болып жатса, қазақ тілі - біртұтастығын сақтай отырып, халықтық тілден ұлттық тіл деңгейіне жеткен таза тілдердің бірі. Сондықтан да қазақ тіліне тек қарым-қатынас немесе шығарма тілі деп қана емес, зор саяси, қоғамдық құрал ретінде қарау керек. Өйткені халықтың тәуелсіздік жолындағы күрескерлерінің сөзі мен ісінде ұлт қамы тұрды десек, осы ұлттық идеяны іске асырудың үлкен бір рухани арнасы – ұлттық тілі болды. Мұны ұлы даланың көсемдері мен шешендері терең сезінген. Осыдан келіп, әл-Фараби: «Үнінен, тілінен және дінінен айырылған халық жер бетінен жойылып кетеді» десе, Абай: «Өнер алды – қызыл тіл» дейді, Ахмет Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады», «Егер біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек», - дейді. Ғұмар Қараш: «Тіл сақтауға мүмкін болғанда, ұлт сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз» десе, Халел Досмұхамедұлы: «Тіл



– ұлттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды», - дейді. Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тілі» десе, Мұхтар Әуезов: «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі», Бауыржан Момышұлы: «Тіл – ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі» деп жазды. Ал Елбасы мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңнен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», дей келе, «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды», - деп түйін жасайды.

Елбасы мақаласында көрсеткен таяу жылдардағы міндеттердің **бірінші міндеті** де осы тіл мәселесіне арналған. Бұл – әліпби ауыстыру мәселесі.

Көптеген елдерде тіл саясатын жоспарлайтын негізгі субъекті деп әр алуан мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен институттарды атайды. Ал адамдардың саналы әрекетін қажет ететін тілдің негізгі салалары деп тілдің нормативті-стистикалық жүйесі, терминологиясын қалыптастыру мен дамыту және әліпби мен емлесін жасау, жетілдіру мәселелері көрсетіледі. Осыларға назар аударсақ, әліпби жазба тілді қалыптастырудағы адамдардың саналы әрекеттерінің бірі, тіл саясатының басты нысаны екендігін көреміз.

Әліпби - арғы тегі гректің «alphabetos», яғни, альфа және бета деген басқы әріптердің атынан алынған атау. Ол - жеке дыбыстық элементтерді символ арқылы бейнелеп, тілдегі сөздердің дыбыстық келбетін бейнелейтін таңбалар жүйесі. Әліпбидің дүниеге келуі кез келген табиғи тілдердегі мәтінді жазуға мүмкіншілік берді. Жазудың шығуы мәдениеттің дамуына көп әсер етті. Тіл өзінің өмірдің түрлі салаларындағы қызметін кеңейтті, дамудың жаңа жолына түсіп, жаңа мүмкіндіктерге ие болды.

Қай қоғамда, қай елде болмасын әліпби жасау немесе оны ауыстыру – бұл жалпыхалықтық, оның ішінде, алдымен, ұлттық мәселе. Сондықтан ол - саяси, мәдени, лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, әлеуметтік, экономикалық т.б. жақтан ойланып, толғанып шешетін маңызды әрі күрделі проблема.

Олай дейтін себебіміз, ол - **біріншіден**, мемлекеттің тіл саясатының бағытын танытса, **екіншіден**, төл әліпби, төл жазу қандай да бір ұлттың мәдени құндылығын, бет-бейнесін көрсетеді.

**Үшіншіден**, тілдің табиғатына, даму заңдарына, фонетикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысына лайықталып таңдалған, соған сәйкес орфографиялық, орфоэпиялық ережелерін жасауға икемді әліпби жасау лингвистикалық біліктілікті көрсетеді.

**Төртіншіден**, таңдалып алынған әлібиді қоғам санасы дұрыс қабылдап, тілдің қоғамдағы қызмет етуін толыққанды өтей алуы, тіл тұтынушылардың



сол тілді еркін меңгеруіне ықпал етуі, тілдік бөгетті жеңе алуы мәселенің әлеуметтік-лингвистикалық қырын танытады.

*Бесіншіден*, әліпби ауыстыру – бұл әрі тілдік реформа жүргізу деген сөз. Ал тілдік реформаның басқа реформалардан айырмашылығы – ол сол тілді тұтынушы халықтың әрбір мүшесіне дейін қамтитындығында. Сондықтан әліпби ауыстыру әлеуметтік мәселе болып табылады. Бұл үшін алдымен халық арасында мәселенің мәнін ашып түсіндіру, ұғындыру, насихаттау т.б. жұмыстар жүргізілуі керек.

*Алтыншыдан*, әліпби ауыстыру көп қаражатты қажет етеді. Демек, ол экономикалық жақтан нақтылы әрі тиімді шешілуі керек. Олай болса, осындай және бұдан да басқа мәселелерді жинақтап қорытындылайтын, бағыт-бағдар көрсететін үкімет тарапынан арнайы тұжырымдама қабылдануы тиіс.

Осы орайда Елбасы: «Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» дей келе, «2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс», - деп атап көрсетеді.

Бізге неге әліпби ауыстыру қажет дегенге келсек, оның көптеген себептері бар. *Біріншіден*, тіліміздің табиғи заңдылықтары бұзылып барады. Өзге тілдің дыбысы, өзге тілдің сөзі, өзге тілдің ережесі өз тілімізді өзгертуге ықпал етіп, айтқанымыз жазғанымызға сәйкес келмей, өз сөзіміз өзіміздікі болмай отыр. Бұл, әсіресе, тіліміздің фонетикалық жүйесіне қатты әсер етті. Үндестік заңы тұншықты. Тіліміз әуезділігінен айырылды. *Екіншіден*, тіліміз осы заманғы ғылыми-техникалық прогреске икемді болмады, терминологияны аудару үрдіске айналуға. *Үшіншіден*, өзге тілден сөз ауысу тоқтады. Кірме сөздер қазақтың айтылуына негізделмей, сол тілдің нұсқасында енді. Тіліміз «импорттанған» сөздерге толды. Өзге тілден сөз алғанда оны басып-жаншып, ұлттық дәстүрде алу керек деген принцип далада қалды. Міне, осындай және тағы басқа да факторлар тілімізді дамытуға кедергі келтіріп отыр.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту, әлемнің дамыған тілдерінің қатарына қосу, болашақ тілі болуына жағдай жасау - әрбір қазақ азаматының парызы. Біз бүгінгі күні әліпби ауыстыру арқылы осы уақытқа дейін кеткен кемшіліктерді жоя отырып, жаңа тұрпаттағы тіл дамыту жұмысын саналы түрде қолға алуымыз қажет.

Жалпы әліпби - адамдар ақылдаса отырып жасайтын, тіл дамытудағы са-



налы әрекеттердің бірі. Қазіргі таңда елімізде әліпби таңдау, оның ішінде латын графикасына негізделген қазақ жазуын жасау мәселесі күн тәртібіне өткір қойылды. Мұны мен қолдаймын. Өйткені, қазіргі қазақ жазуы ұлттық сипатынан ауытқып, басқа жаққа бет алып бара жатыр. Мұны күнделікті газет, журнал, ғылыми кітап, оқулықтардың кез келгенін алып, ондағы мәтіндердегі сөздерді орфографиясына қарай топтастырып, саралап көрсек, таразының бір басында қазақ тілінің заңдылығымен жазылған, екінші басында бөтен тілдің тәртібіне түскен тілдегі олқылықтарды байқаймыз. Жыл өткен сайын мұндай «импортталған» сөздердің саны еселеп өсіп, көбейіп бара жатыр. Мұның өзі қазақ тілінің ежелден келе жатқан дәстүрлі нормасының бұзылу қаупін күшейте түседі, ал дәстүрлі нормасынан айырылған тіл қанатынан айырылған құстай дәрменсіз болып, қоғамдық қызметін ойдағыдай атқара алмайды.

Сондықтан тіліміздің төл табиғатын бұзбай сақтап қалу үшін қазіргі қазақ орфографиясын қалай болғанда да өзгертпей, реформаламай болмайды. Ал ол үшін қазақ тілінің фонетикалық жүйесін дәл бейнелеу тұрғысынан келгенде бізге латын алфавиті қолайлы.

Латын графикасына көшу арқылы біз тіліміздің табиғатын сақтаймыз, даму заңдылығының бұзылуына жол бермейміз, фонетикалық жүйесін қалпына келтіреміз, орфографиямызды түзеп аламыз, қысқасы, өз сөзіміз өзіміздікі болады.

Елбасы мақаласында көрсеткен таяу жылдардағы **міндеттердің екіншісі** - қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға алу. Мұнда тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалады және бұл тез арада, яғни, 2018-2019 оқу жылында жүзеге асады. Бұл – түсінген адамға мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қызметін арттыру, қазақ тілін кең көлемдегі білім алу тіліне, ақпарат тіліне айналдыру деген сөз. Бұл іске қазақ тілін ана тілім, мемлекеттік тілім деп санайтын барша қазақстандық шын жүрегімен атсалысады деп санаймын.

Мақалада айтылған таяу жылдарда жүзеге асатын **үшінші міндет** те тіл мәселесімен, оның ішінде ономастикамен байланысты. Мақалада: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, - дей келе, туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған



біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс», - деп атап көсетілген. Демек бұл бағытта арнайы лингвистикалық зерттеу жұмыстары, білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстары, орта мектепте туған жердің тарихын оқыту мәселелері күн тәртібіне қойылуы тиіс.

Ел бірлігін, ұлтымыздың руханы коды болып табылатын тілі мен ділін, мәдениетін сақтау мәселесі бүгінгі заманда да зор міндеттердің бірі болып отыр. Осы орайда Елбасының: «Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен», «Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқы болған – оның ғажайып тілі», «Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл», «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Қиын кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі бүгінгі азат өмірімізде де ұлтты тұтастырудың тегеуренді тетігі болуы тиіс», «Тілге деген көзқарас – шындап келгенде, елге деген көзқарас». «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз», - деген ойлары ана тіліміздің абыройын асқақтатып, оның ғасырлар бойында атқарып келген, әлі атқара беретін халықты, ұлтты ұйыстыратын, біріктіретін, бірлік пен ынтымаққа жол сілтейтін қызметін одан әрі арттыра түседі. Олай болса, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы ұлтқа қатысты әрбір мәселе әр уақытта күн тәртібінен түспейтін, ұлт болып ұйысудың, дамыған қоғам құрудың және іргелі мемлекет болудың басты тірегі, негізгі шарты ретінде ұғынуымыз керек.



**ӘБДІЖӘЛЕЛ БӘКІР**

*Саяси ғылымдар докторы,  
профессор*

## Ұлттық мемлекет — ұлы мақсат

*Биыл ХХ ғасырдың ұлы оқиғасы – Алаш қозғалысына 100 жыл толғалы отыр. Кезінде Алаш көшбасшылары Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхаметжан Тынышпаев, Райымжан Мәрсеков т.б. ұлт ұлдарының басын қосқан, ел тәуелсіздігі жолындағы тарихи маңызы зор оқиғаны атап өткенде қандай мәселеге жете көңіл бөлу керек деп ойлайсыз?*

Қазақ тарихында алтын әріппен жазылған Алаш қозғалысының 100 жылдығы – шын мәніндегі ұлы мереке. Бұл, біріншіден, қазақты ұлт ретінде жұмылдырған, азаттық пен бостандықтың кез келген ұлттың қарапайым да табиғи құқы екенін танытқан қоғамдық құбылыс. Екіншіден, осы кезге дейін өзінің тиісті тарихи бағасын ала алмай келе жатқан Алаш қозғалысының ұлт тарихына қосқан игі жетістіктерін толық анықтағанда ғана келешегі жарқын Мәңгілік елді құра аламыз. Төртіншіден, Алаш қозғалысының тарихи төркінін тек қана Ресейдің отаршылдық саясатымен байланыстырсақ, қозғалыстың терең рухани мәнін толық түсіне алмағанымыз болар еді. Алаш көсемдері елдегі әлеуметтік, саяси мәселелерді қамтып қана қоймай, мәдени төңкеріс жасауға ұмтылды. Халқымыздың мәдени деңгейін көтеру мәселесі Ұлы даланың ғұлама ойшылдары Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Хасхаджиб Баласағұни, дарынды күйші Қорқыт, Қожа Ахмет Яссауи, Асан қайғы және Ақтамберді Сарыұлы, Бұхар Қалқаманұлы, Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы, Шортанбай Қанайұлы т.б. туындыларында аз жазылған жоқ.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ойшылдары өздеріне дейінгі қордаланып келген саяси-әлеуметтік мәселелерді жаңа деңгейге көтерді. Азаттық пен еркіндікті адам баласының табиғи атрибуты санаған Шоқан Уәлиханов 1864 жылы жазған өзінің «Сот реформасы жайындағы» еңбегінде: «Халықтың қалыпты түрде өсуі үшін ол дамудың қандай деңгейінде тұрса



да: өзіндік дамуы, өзін-өзі қорғауы, өзін-өзі басқаруы және өзіндік соты болуы қажет», - деген еді. Ғалымның бұл ойлары тәуелсіздіктің формуласы болатын. Әрине, ол кезде мұны «тәуелсіздік» ұғымы деп түсінетін, «асқақ идея» деп көтеретін ешкім бола қойған жоқ.

Өз заманының саяси сипатын дәл таныған Ыбырай Алтынсарин: «Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым, қазақтар - келешегі жақсы деп үміт етіп отырған осы халық - тез құрып кетеді, содан кейін бұл істі ешқандай түзете алмайсың» деп ашына жазған болатын.

Ресей саясатының зардабы туралы Абайдың «Жиырма бесінші қара сөзінде»: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» дегенде орыстың тілінің, оқуының және ғылымының «зарарынан қашық болуды» арнайы айтуы да тегіннен тегін емес еді.

Осылардың барлығы Алаш мұрасының өз кезіне дейінгі ғұлама ойшылдар мен ғалымдардың саяси әлеуметтік ойлары мен тұжырымдарынан бастау алатын тарихи төркінін танытады. Осы сабақтастықты, үндестікті түсінгенде ғана Алаш мұрасын толымды тани аламыз.

Қазақстан тарихында Ресейдің отарлық саясатына қарсы стихиялы түрде бой көтерген жүздеген қозғалыстар мен толқулар болды. Бірақ Алаш қозғалысындай өзінің саяси топ басшылары, қозғаушы күші, алдына қойған мақсаты мен қамтыған мәселелері жағынан жоғары деңгейде ұйымдасқаны болған жоқ. Мұның басқалардан басты артықшылығы – жер және билік мәселесімен қатар **ұлттық болмыс пен құндылықтарды сақтау және оларды заман талабына сәйкес етіп бейімдеу** мәселесін көздеуінде еді. Және бір аса маңыздысы бұл қозғалыс саяси демократиялық партия мен дербес мемлекет құру деңгейіне шейін көтерілді.

Мен **«ұлттық болмыс пен құндылықтарды сақтау және оларды заман талабына сәйкес етіп бейімдеу»** деген сөздерді жайдан жай ерекшелеп отырған жоқпын. Біздің бүгінгі қоғамымыздағы жетіспей жатқан жағымыздың көбіне рухани саламен байланысты болуы тегіннен тегін емес. Қазіргі ұрпақ Алаш мұрасын білмей өсіп келеді. Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай шығармалары қалың оқырмандардың қолына әлі де тие қойған жоқ. Әлиханның толық шығармалары енді шығып жатса, Мұстафаның он екі томдығы 2014 жылы бар жоғы мың данамен жарық көрді. Бұл республика кітапханаларына да жетпейді. Сонан соң Алаш мұрасына көзқарас та тәуелсіздік талаптарына сәйкес толық өзгере алмай отыр.

Қалың қазақ оқырманы Алаш жетекшілерінің мұраларын игермей, Абай айтқандай толық адам бола алмайды. Алаш мұрасын Елбасының туындыларымен әдемі ұштастыра, астастыра отырып, бүгінгі заман ұсынған рухани



игіліктерді игергенде ғана халқымыз өз тілінің де, дінінің де толық иесі бола алады. Сонда ғана қазақ ХХІ ғасырдың шын мәніндегі перзенті болады.

*Қазіргі таңда білім саласында көптеген реформалар жүргізілуде. Бұл бастамалардың барлығы елдің болашағы – жас ұрпаққа сапалы білім беру талабынан туындайды. Алайда әлі күнге дейін оқулықтардың өзі бір жүйеге келмей жүргенде министрліктің су жаңа реформаларынан қандай нәтиже күтуге болады? Бұл туралы не айтар едіңіз?*

Рас, соңғы кезде білім саласы көп өзгерістерге ұшырауда. Бірақ бұларды прогрессивті реформа деуге ертерек. Білім беру мекемелеріндегі жас басшыларымыз шетелдерден оқып келеді де, дереу сонда көргенін, өзінше түйгенін біздің өмірімізге ендіруге тырысады. Әрине, жақсы болсын деген ниет қой. Алайда олар алдымен жергілікті жағдайды зерделеп, тиісті маман, тәжірибелі кісілермен ақылдасып алмай, шикі ойларын жүзеге асыруға ұмтылып жатады.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан: «Біз де буржуазиялық жолды таңдаймыз, бірақ өзіміздің тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып!» деп ұлттық құндылықты ұмытпауға шақырған болатын. Ал Мұстафа Шоқай: «Шетелде тәрбиелеген зиялы қауымның өз ұлтына пайдасы жоқ, оны ұлты да пайдаланбайды» деген еді. Оқулықтардағы олқылықтарды жою былай тұрсын, үш аусымдық мектептердің санын азайта алмай отырған министрліктің көптілділікке дайынбыз деп білегін сыбануы «әлін білмеген әлекті» еске түсіреді. Өзінің ана тілін толық меңгермеген 4-5 жасар бүлдіршіндерге үш тілді меңгертеміз деушілерді ұлттық педагогика мен психологияны сезінбейтін мәңгірт демегенде кім дейміз?!

Шетелде оқып, алған азын аулақ білімін еліміздегі өмірмен байланыстыра алмайтын, ұлттық құндылықтардан ада болған, шынына келгенде, рухани шала сауатты кейбір жас басшылар өз жұмыстарының мазмұнына тереңдеп бара алмай халықты жиі шатастыруы қалыпты жағдайға айналды. Өз ұлтының құндылықтарынан сусындай алмағандардан келелі істі, мәнді тірлікті күтудің өзі артық.

*Мектеп оқушыларына сапалы білім ғана емес, саналы тәрбие беру де аса маңызды. «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген екен әл-Фараби бабамыз. Шәкірттердің халқымыздың салт-дәстүрін, шешендік сөздерін, мақал-мәтелін бойына сіңіріп өсуі олардың тағылымды тәрбие алуына мүмкіндік береді. Тал бесіктен басталатын ұлттық тәрбиені білім берумен қатар ұштастыруды қалай жолға қоюға болады?*

XIX ғасырда өмір сүрсе де, білімнің өмірмен байланысы, оның тиімділігі жағынан біздер ұлы кәсіби жаңашыл педагог Ыбырай Алтынсарин деңгейіне көтеріле алған жоқпыз. Ол білімді өмір сүрудің құралы деп таныды. Оның төрт жылдық мектебінде балалар егін егіп, мал өсіруді үйренді, ал қыздар



кесте тоқып, киіз басуды білген. Ал біздің он бір жылдықты тәмамдаған қыздарымыздың көбі сырмақ тігіп, ою оймақ түгіл жөнді шай құюды да білмейді. Ер балаларымыздың бойынан да кейін кәсіп етерлік жұмыс машығын кездестіре бермейсіз.

Жалпы білімді тәрбиеден, қол еңбегінен еш ажыратуға болмайды. Ұлы ойшыл әл Фарабидің сіз мысалға келтіріп отырған тағылымды сөзін ағылшынша оқығандар біле береді дейсіз бе? Қазір бізде ағылшын тілі ерекше санатта. Кейбіреулер оған мемлекеттік мәртебе берейік деп жүр. Сонда қарық боламыз деушілер жоқ емес. Ендеше елінде ағылшын тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған индустардың дені неге қайыршылықта? Ағылшын тілінде сөйлейтіндердің ішінде де ұры-қары, мәдениетсіз жандар жетеді. Бұдан тіл білу – берекелі тұрмыстың басты көрсеткіші емес екендігі айқындалады. Байлық елдің табиғи артықшылығы мен меншіктеудің нысанынан құралып, басқарудың әдіс-тәсілдері мен халықтың еңбекке деген ынта-ықыласымен жасалатынын әркез жадыда ұстаған абзал.

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Тәрбие - тал бесіктен» деген болатын. Біздің бүгінгі тәрбиеміздегі ең негізгі кемшілік - отбасындағы жүйелі тәрбиенің қатты өзгеріске ұшырауында болып отыр. Әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерге байланысты жас отбасылардың көбіне бала тәрбиесімен айналысатын уақыты болмай жатады. Күнкөріс қамымен ерте кетіп, кеш келген ата-ана балаларына жеткілікті деңгейде уақыт бөле алмайды. Жас отаудың көбіне бөлек тұруы, ата-әжелердің бала тәрбиесінен шет қалуы ұлттық тәрбиеміздің ақсай түсуінің бір мәнді себебіне айналды.

Мен ғылыми жұмыс бағытымен Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқайдың алғашқы әлеуметтік орталарына – отбасына зер салдым. Сонда байқағаным кейін Алаш алыптарына айналған тұлғалардың болашақ болмысы осында қалыптасқан екен. Мысалы, өз кезіндегі ақындардың шығармашылығымен ерте танысқан бала Мұстафа құранды да жатқа айтқан. Соны қызық көрген, үйге келген қонақтар жаттауды қайталатып отырған. Отбасынан алған шынайы тәрбиені біліммен, қажырлы еңбекпен, саяси қайраткерлікпен байыта отырып, Мұстафа Шоқай әлем таныған тұлғаға айналды.

Рас, бүгінгі нарықтық заман алғашқы әлеуметтік орта – отбасының негізгі қызметін әлсіретіп, тәрбие ұясы ретіндегі рөлін төмендетіп отыр. Үйде әке шешесінің қарауынан тыс қалған ұл қыздың ең негізгі тәрбиешісі – орыс ағылшын тілдеріндегі түрлі техникалық ойын құралдары. Мұның келешегі аса қауіпті. Шығар жол жоқ емес, бар. Ол балабақшадағы оқу тәрбие жүйесіне күрделі өзгерістер жасау, оның мазмұнын байыту. Сөйтіп отбасы тәрбиесінің олқылықтарын толықтыру. Сонан соң ең бірінші тәрбиешілер қатарын қайта қарау, оларды дайындауды жаңа талаптарға сәйкес өзгерту



кажет. Әсіресе, қазақтілді мамандар санын көбейту керек. Балабақша бастауыш мектептің алғашқы құрамдас бөлігі болғаны жөн. Мұнда да оқу тәрбие жұмысы тек қазақ тілінде, ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асқаны дұрыс. Сондай ақ балабақша мәртебесін көтере түссе оң болар еді. Мұнда ұрпағымыздың болашағы жасалады ғой.

*Әбдіжәлел аға, сіз «Жыр елі» аталатын Сыр елінің тумасысыз. «Ақынның құлағы өзінен бұрын туады» дегендей, жасыңыздан шешендік сөздерді, жыр-термелерді санаға сіңіріп өстіңіз. Ерте кездегі от ауызды, орақ тілді шешендердің сарқытын жедіңіз. Ал бүгінгі естіп жүрген ескі әңгімелеріміз бұрынғы есті әңгімелерден көп төмен, қара тоқпақ, қарадүрсіндеу болып келеді. Сол бұрынғы жорғадай тайпалған сөйлеу тіліне қайта оралу үшін қайтпек керек?*

Бұл – орынды сұрақ. Мұның негізі құрылғанына жиырма бес жылдан асқан тәуелсіз еліміздің ұлттық сипатында жатыр. Алаштың жетекшілері ұлттық дербес мемлекет құруды армандады. Ұлттық еркіндік пен дамудың алғышарты болуға тиісті мұндай мемлекеттің қажеттілігі туралы Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналының 1929 жылғы алғашқы санында былай деген еді: «...Біздің мұратымыз - Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» [3, 32-33]. Өйткені мемлекеттің ұлттық сипаты айқындалмай, мемлекет құрушы ұлттың мүддесі шешілмейді, елдегі басқа халықтың мәселелері оң нәтиже бере алмайды. Бүгінгі мемлекеттік мәртебе берілген қазақ тілі, діл және дін саласындағы кейбір қиындықтар осымен тікелей байланысты болып отыр.

Білім және ғылым министрлігі қай тілде, қалай оқытуды әлі айқындай алмай отырғанда, мемлекеттік билік жүйесінде мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілі екінші және аударма тіл болып отырғанда ана тіліміздің көсегесі көгерер деп ойлау ерте. Басқа мемлекеттік билік тармақтарына қарағанда ұлттық сипаты басым болуға тиісті Қазақстан Республикасының Парламентінде 1996 жылдан бері қазақ тілінде дайындалған екі ақ заң жобасы қаралған болса не айтуға болады?

Тағы да ұлы жазушы Мұхтар Әуезовке жүгінуге тура келіп тұр. Оның Абайдың үш рухани бұлағы туралы ойы еріксіз еске түсіп отыр. «Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, ауызша әдебиет қоры.... Екінші бір қол артқан қазынасы араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классик поэзиясы. Үшіншісі үлкен өнер, мол азық алған зор саласы - орыс халқының мәдениеті және сол арқылы Еуропа мәдениеті. Осы соңғы өріске құлаш созған Абай өз заманы үшін әрі жаңа тарих, жаңа дәстүрдің басы, әрі кең майдан келешек



еді» [4, 208-209]. Осылайша өз заманындағы әлемдік мәдениеттен рухани сусындағанда Абай оның бәрін талғамсыз, таңдаусыз, өз халқының ұлттық және өзге де ерекшеліктерін ескермей қабылдай салған жоқ. Оған мысал, орыстың өнерін, ғылым-білімін айта отырып, оның «зарарынан қашық болуды» ұмытпады. Міне, осындай саралай танудың арқасында Абай бұрынсонды қазақ перзенті көтерілмеген әлемдік әдебиеттің асқар шыңына шықты.

Біз қазір ұлттық рухани дүниені жиып қойдық. Ұлттық салт дәстүр наурыз сияқты мейрамдарда ғана көрсетіліп жатады. Анда санда қазақ тілінің керегі туралы айтумен шектеліп, осыдан жиырма жыл бұрын қабылдаған, мемлекеттік тілдің мерейін көтеруге қауқарсыз «Тіл туралы» Заңға сілтеме жасаймыз. Бұл Заң өзінің бар мүмкіндігін сарықты, шынына келгенде ондай құқықтық мүмкіндіктер онда шамалы да болатын. Оны мен мақалаларымда аз айтып жүргенім жоқ. Ал Үкімет пен Парламент Заңға пәрменді құқықтық өзгерістер енгізуге құлықсыз болып отыр. Мұның барлығы қоғамдағы қазақ тілдік ортаның қалыптасу барысына елеулі әсер етіп, қазақ тіліне деген қажеттілікті төмендетіп отыр. Мұны пәрменді құқықтық қолдаусыз көтеру мүмкін емес.

Қазіргі жастар классикалық туындыларды оқымайды. Қазақ тіліндегі киноларды көре бермейді. Дәстүрлі әншілердің концерттеріне адамды келтіре алмасаң, сырттан келген концерттерге билет таба алмайсың. Тіпті Астанадағы жарнамалардың дені Мәскеуде жасалады. Ондағы суреттер – көрші ағайынның бейнелері. Сондықтан бүгінгі жастан нені сұрап, нені талап етуге болады?! Мұның бәрін өздеріміз, осы жастардың әке шешелері, аға апалары жасап отырмыз.

Маған бүгінгі қоғам кейде қайда барарын, қайда тоқтарын білмей жел айдаған қаңбаққа ұқсап кетеді. Қазір алдымызға темірқазықтай нысан етіп отырған Мәңгілік ел боламыз десек, ең бірінші қазақ тілін мәңгілік тіл етудің қамын жан жақты ойластыру қажет. Тілсіз ел болмайды.

*Қазіргі таңда жас ұрпақтың санасына әсер ететін ықпалды күштің бірі – теледидар. Өзіңіз де бір кездері облыстық телерадиокомпаниясының төрағасы қызметін атқардыңыз. Бүгінде қазақ телеарналарын қарап отырсаңыз, Ресей телеарналарының сәтсіздеу көшірмесі сияқты көрінеді. Ресей арналарында (КВН, ЧТО, ГДЕ, КОГДА?, Самый лучший) адамның қабілетін арттырып, ақылын толықтыратын хабарлар тұрақты жүргізілсе, біздің көк жәшіктер мағынасыз-мәнсіз арзан күлкі, ойын-сауыққа әуес. Бұл туралы не айтар едіңіз?*

Бүгінгі өмірді теледидарсыз түсіну мүмкін емес. Бұл сала өмірімізге етене енді. Бұдан қашып құтыла алмаймыз. Әңгіме осыны қалай үлкен тәрбие құралы ете білуде болып отыр.

Өткен ғасырдың аяғында алып империя Кеңес Одағы ыдырауға бет



алды. Бұл арада ішкі фактор үлкен рөл атқарды. Адамзат тарихы дәлелдеген халықтық, ұлттық негізде бірігудің орнына коммунистік партия халықты қайшылықты – таптық негізде біріктіргісі келді. Кедейді байдың деңгейіне көтерудің орнына байды кедей етті.

Әлеуметтік әділеттілікті ту етіп тарихи сахнаға келген кеңестік жүйе өмірде көбіне әділетсіздікке жол ашты. Өзінше «Қытай қорғанын» тұрғызып, әлемдік игіліктерді қабылдағысы, тіпті мойындағысы келмеді. Кеңес көсемдері елдегі әлеуметтік-саяси ахуалды әлемдегі ең озық үлгі, бақытты өмірдің көрінісі деп ұрандатты. Коммунистік партия жеке билігін күн өткен сайын үдете түсті. Жалпы адамзат тарихы жеке не топтық билік өмірінің қысқа екенін, оның талай қиыншылықтарға алып келетінін сан мәрте дәлелдесе де, адам баласы әлі бұл психологиядан арыла алмай келеді.

Әрине, сыртқы факторды да есепке алмауға болмайды. Кеңес өкіметінің, әскери-техникалық потенциалы көп елден артық болмаса кем емес алып империяның құлауына «тілеулестер» қанша адами ресурстар мен миллиардтаған қаржы жұмсағандары да шындық.

Мен бұларды жайдан жай айтып отырғаным жоқ. Өткеннен сабақ, тарихтан тәлім алу дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома, дегенмен бұрынғыға байыптап бара бермейміз. Содан көп қиындықтар болып жатады.

Облыстық партия комитетінде он жеті жарым жыл қызмет еткен мен партияның ығысып бара жатқанын айдан анық білгеннен кейін Сыр бойында жаңа ғана ашылған облыстық телерадио компаниясының басшылығына ауыстым. Мұнда келісімен «Сыр бойының жаңа телеарнасын қандай бағытта құруым керек?», «Оның басты нысаны не болуы қажет?», «Өзіндік ерекшелігі ретінде нені баса көрсетуге болады?» деген сұрақтар мазалады.

Өзіңіз «Сыр елінің жыр елі» екенін білесіз. Осы жайды ескере, ұжымдағылармен ақылдаса отырып, теледидар арқылы Сыр бойындағы мәдени мұраны насихаттауға бет бұрдық. Осыны телеарнаның өзіндік беті, ерекшелігі етуге барлығымыз жұмылдық. Облыстағы өнер адамдарының, әсіресе ақын жырау, әуесқой композиторлардың түгел дерлік шығармашылық кештерін өткізіп, оны республикалық телеарнаға шығардық. Алматыдан өз қаржымызға Роза Бағланова апайымды бас етіп бір топ жерлес ақын әншілерді шақырып, екі күн Облыстық теледидардың үлкен (бұрын партия конференциялары өтетін) залында концерт ұйымдастырдық. Кейін осының негізінде республикалық телеарнадан екі сағаттық хабар концерт бердік. Бұлардың барлығы алтын қорда қалды. Осындай жұмысымызды сол кезде «облыстық мәдениет басқармасының қызметін атқарып кетті» деп сынаушылар да болды.

Біз сол кездегі өзіміздің отырған ғимаратымыздың мүмкіндігін де толық



пайдалануға тырыстық. Осылай ұжымның өзіндік қаржысын да молайттық. Ақылы хабарлар есебінен екі үш жылда жиырма үш қызметкерге өз отбастарына лайықты үй сатып алуларына мүмкіндік жасадық.

Бүгінгі кемшіліктер көбіне әр телеарналардың өз бағыт бағдарын толық айқындай алмағанынан туындап жатады. Теледидардың басты міндеті көрерменнің рухани дүниесін байыту, осы арқылы бүкіл қоғам деңгейін көтеру болуға тиісті. Ал оны қалай жүзеге асыру әрбір телеарна қызметкерлерінің шеберлігіне, басшыларының ұжымды ұйыстыра алу өнеріне байланысты. Сонан соң айта кететін бір мәселе қазір телеарналарда ұрпақ жалғастығы, сабақтастығы бұзылды. Шынын айтқанда, көп жерде бірыңғай өмір көрмеген, тәжірибесіз бала шаға болып кетті. Мұндай қуатты құралды кім болса, соған ұстата салу обал. Сонан соң ұлттық мәдени құндылықтар ұсақталды. Телеарналар ұлтымыздың ежелден, әбден сұрыпталған тамаша салт дәстүрін, ғасырлар жасап келе жатқан өнерін (кең мағынада айтып отырмын) насихаттауға бара бермейді. Өйткені жастар оны түсінбейді. Ал көрермен әртүрлі, әр деңгейде. Біз телеарналар хабарын қоғам, заман талабына сәйкес ұйымдастыруымыз қажет. Телеарнаның кез келген хабары көрерменді мақсатты түрде алға, рухани биікке жетелеп отыруы керек. Теледидардың құдіретті ықпалды күші де осында жатыр. «Әрбір хабар көрерменге не берді, шынайы тәрбие құралы бола алды ма?» деген сұрақ әр тележурналистің алдында темірқазықтай айқын болып тұрғаны жөн.

Әсте жеке көрермен не топтың жетегінде кетуге болмайды. Осындай бағыт біздің телеарналарымыздан кейде байқалып қалады. Теледидар жеке адамның емес, қоғамның сұранысына жауап беруге тұрақты ұмтылып отыруы керек. Мынандай бір мысал келтіре кетейін. Мәжіліс депутаты кезімде арнайы парламенттік делегация құрамында Германияда болдым. Бұрын облыстық телерадиокомпаниясының басшысы болғаным есіме түсіп, тіліне түсінбесем де, телехабарлардың суреттеріне, адамдардың қимылына қарап отырамын. Бірде 26 арнаны ашып қалсам, бұрын сонды көрмеген жайларға кезіктім. Менің түсінігімше, бұл арнаны дені сау адамның көруі қиын. Шын мәнісіндегі адамға тән емес ұятты істер. Ертеңіне сұрастырсам, бұл арнаның ақысын төлеп, рахат табатын көрермендері бар екен. Көрерменге ермей, оны алға жетелеп отыру керек деген ой осыдан туды.

*Жолындағының бәрін жапырып келе жатқан жаһандану тасқынына халықтық салт-дәстүрін, туған тілін, ұлттық өнерін сақтай білген ел гана төтеп бере алады деседі. Осыған байланысты көңілде жүрген ой-пікірлеріңізді ортаға сала кетсеңіз?*

Алаш жетекшілері тәуелсіздікті ойлай отырып, мұның шексіз емес екенін жақсы білді. Сондықтан елдің тәуелсіздігін басқа елден оқшаулану деп



ойлаған емес. Қайта адамзат жасаған құндылықтарды тәуелсіз елге қызмет еткізуді жақтады. Мен бұл бағытта Әлихан Бөкейханның тарихи, ұлттық ерекшеліктерді ескеріп отыру керек деген жоғарыда айтылған өсиетін тағы да айтқым келіп отыр. Және сырттың зиянды әрекетін әлсіретудің мықты құралы ұлттық иммунитет күшті болуы керек. Бұл үлкен тақырып, оны тарқатуға уақыт тығыз.

Сөзімді ары қарай жалғастырсам, жаһанданудың зиянды жағына қарсы тұрып, жағымды тұсын жұғыстыру үшін тәуелсіз елімізге, оның азаматтарына көптеген қасиеттер қажет. Әрине, экономикаға дау жоқ. Оның жағдайы белгілі. Ал әлеуметтік салада: шынайы сауаттылық (жоғарыдағы Мұхтар Әуезовтің Абай туралы айтқан формуласын есте ұстау керек), білімділік, қажырлы еңбек, ерекше жауапкершілік, саяси сергектік, рухани мәдениетке деген айрықша көзқарас, ұлттық рух т.б. керек. Бұл қасиеттер еліміз өз тізгіні өзінде болып отырғанда ерекше мәнді дегіміз келеді. Кешеге дейін Мәскеудің жол сілтеуімен жүрдік.

Осы арада Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деген сөзін еске сала кеткен артық болмас. Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлтыңды шынайы тануға, өз халқыңның алдындағы өз борышыңды жоғары сезіне түсуге көмектеседі.

Қорыта айтқанда, Алаш ұлт азаттық қозғалысының 100 жылдығы елімізде ерекше тойлануы керек. Басты мәселе оның рухани құндылықтарын мүмкіндігінше мол игеру, сол арқылы қалың бұқара арасында ерекше саяси сергектікті қалыптастыру, ұлттық рухты арттыру, Тәуелсіз еліміз үшін жауапкершілікті көтеру. Тарихымыздың ұлы оқиғасын осыдан жүз жыл бұрын өткен деп қана түсінбей, оның асқақ идеяларын адами тінімізге тарата білу қажет. Сонда ғана бұның бәрі Алаш алыптарына, олардың жер бетінде қазақ барда өлмейтін, өшпейтін мұраларына деген ерекше құрмет болады.

*Мазмұнды сұхбатыңыз үшін көп рақмет!*

*Сұхбаттасқан – Қ.Әбіл*



## Людвиг Йозеф Иоганн Витгенштейн Логика-философиялық трактат

*«Бұл кітапты өзі осында айтылған ойлар жөнінде толғанған адамдар ғана түсінуі мүмкін. Егер осыларды оқыған адамдардың кейбіреуі ғана осыларды ұғынса, одан ләззат алса, онда мақсаттың орындалғаны. Кітап философиялық мәселелерді көтеріп және біздің тіліміздің логикасын басқашарақ түсінуге негізделген, соған орай мәселе қойған менің өз тұжырымдарымды аңғартады. Кітаптың барлық мағынасы шамамен мынаған саяды: не жөнінде айтуға болады, соланық айтылуы тиіс, не жөнінде айтуға болмайды, онда үндемеу керек» деп жазған Людвиг Витгенштейннің сөздерінен-ақ автордың оқшау ойлы оқымысты екенін аңғаруға болады. Вена қаласында туған ұлты еврей австриялық философ және логик Людвиг Витгенштейн ХХ ғасырдағы аналитикалық философияның ірі өкілдерінің бірі ретінде математикалық логика, логикалық атомизм салаларын дамытқан ірі ойшыл. Біз оның ең танымал еңбегі – «Логика-философиялық трактат» біздің білуімізше, қазақ тіліне аударылмаған. Біздің журналдың мақсаты әлемдік тіл білімінде, оның ішінде, философиялық тілтануда айрықша мұра қалдырған тұлғаларды өз оқырманымызға таныстыру. Ғалымның ойлары алғашқыда тосындау, тіпті, бәлкім, сенімсіздеу көрінуі мүмкін. Өйткені ол осы тосындыққа аналитикалық тәсілмен жетіп отыр. Яғни, біз оның идеяларын ойды жеткізген нақты сөйлемдердің мағынасына кеңірек үңілуден табамыз. Витгенштейн философиясының ерекшелігі де ақиқатты осылай басқаша тануынан екенін ұғынғанымыз жөн.*

Әлемдік ақыл-ойдан

### Мән

Әлем дегеніміз – ол орны бар нәрсенің барлығы.

Объектіні білу үшін мен оны сырттай емес, оның барлық ішкі қасиеттерін білуім керек.

Объектілер әлемнің субстанциясын құрайды. Сондықтан олар құрамдас бола алмайды.

Пішін дегеніміз – құрылымның мүмкіндігі.

Бірлікте алынған ақиқат – бұл әлем.



Образ дегеніміз – ақиқаттың моделі.

Образ – оның элементтерінің белгілі бір тәсілімен өзара байланысуы.

Егер бейнелеудің формасы логикалық форма болса, онда ондай образ логикалық деп аталады.

Образ заттардың ықтимал орнын логикалық кеңістікте бейнелейді.

Образ бейнелеген нәрсе ол оның мағынасы болады.

Образдың ақиқат немесе жалған екенін оның мағынасының ақиқатпен сәйкестігі немесе сәйкессіздігінен аңғарамыз.

Барлық ақиқат ойлардың жиынтығы – бұл әлемнің образы болады.

Ой заттардың орналасу мүмкіндігі туралы толғанудан тұрады.

Ой сөйлемде сезінумен қабылданатындай етіліп айтылады.

Сөйлем сөздердің қоспасы емес,.

Атау объектіні білдіреді. Объект оның мағынасы.

Тек сөйлем ғана мағынаға ие; атау тек сөйлем контексінде ғана мағынаға ие.

Ой дегеніміз – ойламалданған сөйлем.

Сөйлемдердің жиынтығы бұл – тіл.

Адам тілді құрау қабілетіне ие, сол арқылы кез келген мағынаны білдіре алады, бірақ әрбір сөз қалай және нені білдіретіні, жеке дыбыстардың қалай пайда болғаны жөнінде оның түсінігі жоқ. Сөйлеу тілі бұл адам ағзасының бөлігі және оның күрделілігі сол ағзадан кем емес. Адам үшін тілдің логикасын барынша тұжырымдау мүмкін емес. Тіл ойды киіндіреді. Және осы киімнің сыртқы формасына қарап киіндірілген ойдың формасы жөнінде айта алмайсыз, өйткені киімнің сыртқы формасы оның тұрқының формасын табу үшін құрастырылмаған.



Сөйлем – ақиқаттың образы.

Сөйлем – біз ойламалдаған ақиқаттың моделі.

Біздің жеткізу тәсіліміздің барлық ұқсастықтарының, барлық образдылықтарының мүмкіндігі бейнелену логикасына құрылған.

Сөйлем оның құрамдас бөліктерінің түсінікті болғанында ғана түсінікті.

Бір тілден екінші тілге аудару бір тілдің әрбір сөйлемінің аударылуында емес; тек қана сөйлемнің құрамдас бөліктері аударылады.

Сөйлемнің шынайы немесе жалған болуы – оның ақиқаттың образы болғанынан байқалады.

Барлық шынайы сөйлемдердің жиынтығы мұның бәрі жаратылыстану (немесе барлық жаратылыстану ғылымдарының жиынтығы)

Сөйлем логикалық форманы бейнелей алмайды, өйткені ол сонда көрінеді. Тіл өзінде көрінген нәрсені бейнелей алмайды. Біз тілдің өзінде көрінген нәрсені айта алмаймыз. Сөйлем ақиқаттың логикалық формасын көрсетеді. Оны табады.

Сөйлем одан өрістейтін басқа сөйлемдерді бекітеді.

Сөйлемдердің құрылымы бір-бірімен ішкі байланыстар арқылы жуық тұрады.

Қарапайым сөйлемдер формасының иерархиясы болмайды. Біз тек қана өзіміз құрастырғандарды ғана ілгеріден көреміз.

Менің әлемімнің шекарасын менің тілімнің шекарасы межелейді.

Әлем мен өмір тұтас.

Мен дегеніміз – менің әлемім (микрокосм)

«Әлем дегеніміз – менің әлемім» қағидасы болғандықтан да философияда «Мен» ұғымы алға шығады.



Біз көріп тұрған нәрсенің бәрі, сонымен бірге басқаша да болуы мүмкін.

Қашан да әрбір сөйлемнің өзіндік жеке дәлел ретінде болғандығынан да біз логиканы осылайша түсінеміз.

Логика теория емес, әлемнің бейнеленуі. Логика трансцендентальды.

Әлемнің логикасын сөйлемнің логикасы тавтологиялар арқылы, математика теңдеулері арқылы көрсетеді.



## Байдалы шешен

Атақты Абылай ханның сегіз жыршысының, сегіз санатының, сегіз ақылшысының бірі болған Байдалы шешен жарлы адам болыпты.

Күндердің бірінде Абылай хан ауырып, Байдалы шешен халын білгенше Абылай дүние салыпты. Өне-міне дегенше қырық күн өтіп те кетіпті. Байдалы шешеннің ұзақ уақытқа дейін келмегеніне Абылайдың ханымы Айғаным өкпелі болған екен.

Бір күні Байдалы құла биесін мініп, құлынын ертіп, Абылайдың ордасына келіпті. Өкпелі Айғаным Байдалы шешенді аттан түсіріп алуға алдынан адам шығара қоймаған екен. Сонда шешен сыртта тұрып:

«Ханы өліп, қайғырып жатқан Айғаным.

Қара жамылып, ай-күні батқан Айғаным.

Ханға сүйеніп, құқай көрмеген Айғаным,

Қамқаға оранып, шапан кимеген Айғаным,

Мен бір сөз айтайын, тындашы», – депті. Айғаным құлағын тіге тындапты.

Сонда шешен орданың сыртына келіп, атының басын бұрып алады да тұра қалып былай дейді:

«Ер қартайды,

Мал тайды, екеуледі Айғаным,

Қатын жалқау,

Ұл ынжық; төртеуледі, Айғаным,

Келін қатал кер болды,

Ағайын жат ел болды,

Алтаулады Айғаным,

Қаусаған жақ иек бар,

Саудыраған сүйек бар,

Ауыл алыс жер болды,

Тоқсан деген төр болды,

Оннан асты Айғаным,

Құла бием құлындап,

Келе алмадым Айғаным,

Келдім, енді кетемін,

Ықылассыз ордаңа

Ене алмадым Айғаным» – деп атын тебініп жүре бергенде Айғаным өзі бастап, үйден жүгіре шығып, Байдалы шешеннің шаужайына оралып, есіктің дәл көзіне келтіріп, аттан түсіріп құрметтеп, қолтықтап апарып төрге отырғызыпты. Байдалы шешен төрге отырған соң, Айғаным теріс айналып жоқтау айтуға ыңғайланыпты.



Сонда шешен:

- Айғаным, сен жоқтау айтқалы отырсың, мен тоқтау айтқалы отырмын. Жоқтауды қоя тұрып, тоқтауды тындасан, қалай болар екен депті.

Айғаным аңырып қалған екен. Сонда шешен:

Қайрат деген қыран бар,

Қайғыға тізгін бермейтін.

Қайғы деген жылан бар,

Өзекті шағып, өртейтін.

Үміт, сенім, тілек бар,

Қуантып, қуат алдырар.

Жылау деген азап бар,

Қуратып отқа жандырар.

Мен қайғыңды қозғағалы келдім, – депті.

Сонда Айғаным қайта бұрылып Байдалының бетіне қарап былай депті:

«Мен сізді келер,

Келерде жылатар,

Жылатарда жұбатар»- деген едім.

Мұның бірін де істемедіңіз. Бірақ, сіз келген соң бір түрлі көтеріліп сергіп қалдым, бұның мәнісі қалай? – деп сұрапты.

Сонда Байдалы шешен:

- Мен келген жерден білместіңді бетіңе бастым, ол жылатқандығым емес пе?! Қайғырып отырған жеріңнен орныңнан тұрғызып далаға шығарып сөзге араластырдым.

Ол жұбатқаным емес пе?!

Ал, қайғының қайғысы бар,

Ханның кінәсі бар,

Таумұрын оқыған құранмен жуылмайды. Сондықтан жылаулатпай, тұмандатпай келгенім рас, Айғаным – депті.

Бағанадан шарт жүгініп, көзін жұмып отырған Таумұрын молда: «Күнәкар болдыңыз би еке, күнәкар!» деп, бажыраң-бажыраң ете қалыпты. Сонда байдалы шешен:

«Тоқтап тұрыңыз, молдеке, саудыратып қалтаңызға салып жүрген сауабыңыз болса, менен басқаларға үлестіре беріңіз, құр қалдым деп өкпелемеймін, атасы басқа сен тұрмақ өз тумаларынан да еш нәрсе тамығы етпеймін.

Ал, ханымның қайғысы жылаумен жуылмайтындығы туралы қайсы бидің алдына барсақ та сіздікі теріс, менікі дұрыс болады»- депті. Шешеннің сөзінің салмағына шыдай алмаған молда қақырына-түкіріне далаға шығып кетеді.

Сонда Айғаным:



«Ханның арқасында, халықтың арқасында, талай-талай билер мен ғұламалардың асыл сөзін, шариғатын тыңдап едім, бірақ бұл молда ақылға қонбайтын, шариғатқа симайтын сөзді айтып, соғады да отырады. Тіпті адамды өмірден, дүниеден бездіріп жібергісі де келеді», - дегенде Байдалы шешен:

- Айғаным-ай, оның несін айтасың, бұл Таумұрын молда аузын ашса көмейінен көр көрініп тұрады емес пе?! «Өмір тұрғанда өлімді сөйлегеннен без, төрде отырғанда сүйрегеннен без» деген,- деп теріс айналады.

Айғаным Байдалы шешенді үш күн жібермей хан ордасында мейман қылады. Шешеннің бұлай жатуы молдаға тым ұнамайды.

Бір күні ауыл адамдары молдадан:

- Молдеке, шариғат айтпайтын болып қалдыңыз ғой? – дегенде, молда тұрып:

- Немене шариғат айтамын, «қатын билеген ел қараң қалады. Әйелдің айтқанын еш уақытта тыңдамауға болады», - депті.

Осымен бірер күн тағы да өтеді. Байдалы шешен қайтпақ болады. Таумұрын молда қызыл көзді пәледен құтылатын болдым деп қуанады. Айғаным қанталауға салмай әдейі шешенге арнап алып қалған көк сырғанақ жорға мен қашқа тонды шешенге ұсынады. Сонда молда: «Ілсем іліп қалайын, ілмесем Байдалының дүниеқорлығын бетіне басып күліп қалайын» деп ойлайды да, Байгелдіге қарап: «Сауға, сауға шешен, олжаңыздың үстінен түсіп отырмын, өле алғанша бөле алайық» - деп жабыса кетеді. Байдалы шешен: «Алыңыз, алыңыз, тіпті екеуін де алыңыз. Оның үстіне құла биенің құлынын қоса алыңыз» - деп қамқа тонды молданың алдына тастай береді. Сонда шешеннің жолын арашалап қалуды ойлаған бір адам:

«Қаз тойғанға емес, орғанға семіреді, сауға молдеке, сауға» - дейді молдаға қарап.

Сонда молда: «Па, менің де дос-дұшпаным бар, кемпіріме көркейіп барайын» - деп тонды өзіне тарта бастапты.

Байдалы шешен:

- Мен осылай аттанарымды кемпірім маған: «Молдаға бара жатырсың, өлетін шағың болды, құла биенің құлынын беріп, батасын ала қайт» деген еді. Өзім де жол бойы солай істейін деп келіп едім. Бірақ, кешегі бір шариғатыңызда қатын билеген ел қараң қалады дедіңіз. Олай болса мен кемпірімнің тілін аламын деп қараң қаламын ба деп қорқып тұрмын, екінші жағынан сіздің қайырлы дұғаңыздан құр қаламын ба деп қысылып та тұрмын. Шариғат бойынша осының төрелігін өзіңіз айтыңызшы? – дегенде Таумұрын молда: «Кемпіріңіздің ниеті жақсы екен, қабыл болсын, қабыл болсын!»- депті. Сонда шешен тұрып: «Бағызы-бағызы ниеттер қабыл болмаса да болады ғой деймін, мысалы: менің кемпірімнің құла биені суалтып,



құлынын сізге беремін деген ниеті қабыл болмаса осыдан келер-кетер не бар дейсіз? – дегенде, Таумұрын молда қып қызыл болып үндемей, жер шұқып отырып қалыпты. Сонда Айғаным орнынан тұрып, молдаға қарап:

- «Біреуге бұйырғанды біреу жемес болар» деп, өзіңіз де айтқансыз. Сіздің сыбағаңыз бөлек. Ордамның ішінде отырып, жалтақтағаныңыз шарифатқа шақ келе ме? – дейді де, сонан Байдалыға қарап:

- Биеке, мен берген тонды киіңіз, көк сырғанаққа мініңіз! – деп тонды иығына жауып, орнынан тұрғызыпты, Байдалы атқа мініп ауылдан ұзап бара жатқанда артында қарап тұрғандарға көк сырғанақ жайғана сырғанап бара жатқан сияқты болып көрініпті. Ауылдан алыстаған соң, Айғаным Байдалы шешенге:

- Хансыз қаңырап тақ қалды,

- Қалың дәулет бақ қалды,

- Ханды қаратып, биді тыңдатқан қарт едіңіз, айтар ақылыңыз бар ма? – депті.

Би үндемей тітіркеніп қояды, қолынан тізгін босайды. Бір мезгілде көк сырғанақ босай қалады, Айғаным әлі жауап күтіп тұрады. Сонан Айғаным:

- Неге тітіркенесіз, қашқа тон тондырды ма? Неге кідірдіңіз, көк сырғанақ болдырды ма? – дейді.. Байдалы шешен:

- Ат та болдырып тұрған жоқ,

Тон тондырып та тұрған жоқ,

Бірақ осы ат пен тон оңдырып та тұрған жоқ,

Көптің көзінше сыйладың,

- Оңашалап шығарып қинадың,

Таққа отырғың келді екен, онын несін менен сұрайсың? Қай хан халықтан сұрап таққа отырған еді? Таққа ие болу – халыққа ие болудың өзі, жазы жау, қысы жұт болмақ, мұндай ақылды азаматтың қашан туыларын да білмеймін, жер емшегі мен мал емшегін талшық етер халықтың қашан туыларын да білмеймін. Ғылым-білім, өнер болса өзінше бір арналар – деп тоқтағанда, Айғаным: «Ойымдағыны таптың» деген пішінмен жымыған екен, осыны айтты: «Көріскенше күн жақсы болсын!» деп Айғаным ордасына, шешен құла биесін жетектеп, құлынын ертіп өз ауылына тартыпты.



## Қалтарыста қалған қазына

**ЫСҚАҚОВ БҮРКІТ** (1924-1991) – ақын, әдебиетші ғалым. Қарағанды мұғалімдер институтында білім алған. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. «Советтік Қарағанды», «Пионер», «Білім және еңбек» журналында, «Лениншіл жас» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарған. ҚР ҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болған. Алаш мұратындағы «ЕСЕП» ұйымы («Елін сүйген ерлер партиясы») жетекшілерінің бірі ретінде қудаланған. 1951 жылы сталиндік саяси зобалаңда «ұлтшылдық» тұрғыдан айыпталып, 25 жылға сотталған. Қазақ поэзиясында түрме таукіметін, лагерь азабын суреттеген «Тас еденнің ызғары» өлеңдер циклын тудырған. «Қазақ-башқұрт әдебиеттері байланысы тарихынан», «Қазақ-татар әдеби байланысы» зерттеулерін жазған.

### *Тас еденнің ызғары*

#### **ЖУМАССЫҢ ҚАЛАЙ ӨЛЕҢМЕН?**

*(Кілт)*

Өмірдің кейде шаттықпен  
Болады қоса қайғысы,  
«Жігітім, мұның артық» деп,  
Айтады, кәне, қай кісі?

Шаттықты жырлап үйренген  
Ойнақы, отты қаламым.  
Қайғыға келсе, күйбеңдеп,  
Баспайды алға қадамын.

Қаптаса қайғы, дегенмен,  
Жегідей жеген жанынды,  
Жумассың қалай өлеңмен  
Іштегі дертті, жалынды?



## ДУШАР БОП БЕЙНЕТ СОРЫМА...

Душар боп бейнет сорыма,  
Кәріне кез боп тағдырдың,  
Тұтқынның түсіп торына,  
Басыма бұғау салдырдым.

Қайғының қара қанжары  
Қадалып ғазиз жүрекке,  
Жараланып жас жаным,  
Отырмын оймен түнекте.

Жақыным, жарым, жолдасым  
Жаныма бірі келмейді,  
Ойлай ма әлде өз басын,  
Білмеймін әлде сенбейді?

Тергеуші сонша шұқшиып,  
Тесіле терең тергейді,  
Прокурор да түксиіп,  
Шырайын жылы бермейді.

Надзиратель дегендер  
Алакөздеп қарайды,  
«Бұл - айыпкер» дегенде,  
Әлдекімге санайды.

Салмағы жоқ сөзімнің  
Айтқанменен «пәлен» деп,  
Ақтығымды өзімнің  
Берейін немен дәлелдеп?

Жазықсызбын, жарандар,  
Көңілде жоқ түк кірім,  
Нанбасандар, қарандар  
Жүрегімнің түкпірін.



## ҚОШ, АЛМАТЫМ!

Қош, Алматым, алтын тулы астанам,  
Аттандым мен алыс ауыр сапарға,  
Мен едім ғой сенің албырт жас балаң,  
Тәрбиелеп, қосқан өзің қатарға.

Жастыққа тән аңғал, ашық көңілмен,  
Келгенімде арсалаңдап алдыңа,  
Таныстырдың қатал, ащы өмірмен,  
Салдың отқа, салдың темір талқыға.

Ақыл айтып, білім беріп сен маған,  
Ұлы өмірге аштың анық көзімді.  
Сенің үлкен кең зылыңнан қармағам,  
Терең ой мен жоғары ыстық сезімді.

Тартып талай сен де сүю күйігін,  
Махаббатпен жүрегімді жандырдым,  
Сол кездегі жас жүректің сүюін  
Қызыл гүл қып бақтарыңда қалдырдым.

Тербеледі Күндей қызыл байрағың,  
Жел соға ма, әлде самал есе ме...  
Ол-ту емес, менің жастық қайратым,  
Жалау етіп қадап кеткен көшеңе.

Таң алдында сайрар бұлбұл бақшада,  
Аңсап оның шешек атар гүлдерін.  
Қалды дей бер менің жырым нақ сонда,  
Қалды дей бер менің сонда үндерім.

Көз жасымды аққан талай жазықсыз,  
Бұлақ етіп арығыңда ағыздым.  
Жас денемнен шыққан қанды парықсыз,  
Тас көшеңе тамшылатып тамыздым.

Асыл арман, ғажап қиял мендегі,  
Қанат берген ұшқыр, отты өлеңге,



Менімен бірге қоса айдалып келмеді,  
Ақша бұлт боп қалды сенің төбеңде.

Қалды бәрі - бақыт, байлық, дәреже,  
Жарым, балам, достарым да сүйікті.  
Өзімменен алмадым мен дәнеңе,  
Ала кеттім тек үміт пен күйікті.  
Қош, Алматым, алтын тулы астанам,  
Аттандым мен алыс ауыр сапарға.  
Қайда жүрсем сені есімнен тастаман,  
Қосылармын я қосылман қатарға.

### **ЖҰРТЫМА ДЕГЕН МАХАББАТ**

Аз болғандай бір менің  
Басыма тұтқын бұғауы,  
Әйнегіне түрменің  
Түсіпті қыстың қырауы.

Соқса қарлы мұздарын  
Сыртта боран талмастан,  
Тас еденнің ызғары  
Өтеді және жамбастан.

Батса да ызғар денеме,  
Соқса да боран долдана,  
Ойламаймын дәнеңе,  
Жасымаймын сонда да.

Кірмейді суық ойыма,  
Соқса да боран қаталап,  
Жылылық берер бойыма  
Жұртыма деген махаббат!



## МЕКТЕП

Еркін жүріп, ен жайлап,  
Ел қадірін білмеппіз.  
Көбелей көшіп, кең жайлап,  
Жер қадірін білмеппіз.

Көргендіктен күн сайын,  
Күн қадірін білмеппіз.  
Болғандықтан әрдайым,  
Түн қадірін білмеппіз.

Қампиып қарын тойған соң,  
Ас қадірін білмеппіз.  
Телегей-теңіз болған соң,  
Дос қадірін білмеппіз.

Толықсып жанда жатқан соң,  
Жар қадірін білмеппіз.  
Бейнетсіз оңай тапқан соң,  
Мал қадірін білмеппіз.

Енді олардың қадірін  
Қалдым аздап біліп те.  
Көру бейнет ауырын -  
Мектеп екен жігітке!

*Өлеңдер Е.Балташұлының алғы сөзі, құрастыруымен, Н.Дулат-бековтың қаржылай демеушілігімен 2014 жылы Қарағанды қаласында «Болашақ-Баспа» республикалық баспа бірлестігінен жарық көрген Бүркіт Ысқақовтың «Бұл менің көз жасым ғой қан аралас» кітабынан алынды.*



## Ахмет Байтұрсынұлы Қазақша сөз жазушыларға

Бұл күндері адамдардың сөйлесетін тілдерінің түбі мұнарланған сағымдай алысқа барып жоғалады. Қанша қадалып қарасақ та, көзіміз оған жетпейді. Қай тілдің де болса қайдан шығып, қалай ғұмыр шеккенін ешкім анық білмейді. Тілдің ғұмыры ұзақ. Оның жолы жылдап емес, жүз жылдап емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзын ғұмырының ішінде түрлі нәрселер себеп болып, өзгертілмеген тіл жоқ: я азып өзгерілген, я асып өзгерілген, ел бұтақтап ескен сайын, тіл де бұтақтаған. Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болса да, түрі басқаланып түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп болған - әртүрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандықтан. Түріктің балалары өсіп, алды-алдына тарап әртүрлі халықпен сыбайлас болған, араласқан түрлі жұрттың түрлі тілінің түрік тіліне жат сөздер, жат дыбыстар кірісіп, тіл арасының бірте-бірте жігі ұлғайған, мақсұт – сол жікті бітеп жалғау болса, оған түзуді қисық деп, дұрысты қате деп қыңыр жолмен кірмей, тура жолмен келу керек. Өңки дұрыс пен қатені, қисық пен түзуді айыруға жаратқан көкіректе көз бар. Қате қайда, дұрыс қайда – қаралық. Дұрыс емле менен қате емлені айруға менің ойымша бұлай қарау керек шығар дейім: тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек. Тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңып байласақ, қытай қатындарының аяғы болып шығады. Түрік тілінің бәріне хомуми емле болу керек десек, түріктің қай баласында азбаған тұнық тіл, түзу емле болса, соны аларға керек. Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ.

Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кемітіп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, жазу шалығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойшы, түйеші, биеші емлесі деген қазақта жоқ нәрсе.



Тоқсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бәрінің емлесі біреу-ақ, ол емлесі дұрыс па, қисық па, қаралық.

Ең әуелгі біздің қисық көрінетін емлеміз «лер» орнына «дер», «тар», «лар» (жіңішке сөздерде «дер», «тер», «лер») деп жазғанымыз. «Үш түрін жазғанмен, «лар» деп бір-ақ түрін жазса болмай ма?» деген. Бұл дұрыс болар еді, егер де сөздің бәрінің аяғы дауысты дыбыспен біте берсе. Сөздің аяғы дауыссыз дыбыспен де бітетін жері болады, һәм сондай жерде қазақта «лар» орнына «дар» я «тар» жазылады. Дауыссыз дыбыстан соң да «лар» жазсақ, болмай ма деген сөз, мәселен, «қараймын», «сөйлеймін» деп жазған соң, «бараймын», «бираймын» деп жазсақ болмай ма деген сықылды, я болмаса «малдай», «малда» деп жазған соң «малындай», «малында» деп жазбай – «малыдай», «малыда» деп жазсақ болмай ма? деген сықылды. Сондай-ақ «балалар», «аналар», «аталар» деген сөздер «лар» мен жазылады деп «маллар», «нанлар», «атлар» деп жазу керек деген сөз «бараймын», «бираймын», «малыдай», «малыда» деп жазу керек дегенмен бірдей. Сөздің ұшығы бірде дауысты дыбысқа тіркеледі, бірінде дауыссыз дыбысқа тіркеледі. Дауысты, дауыссыз дыбыстың ауанына қарай сөздің ұшығы да өзгеріледі. Қазақ бұл екі орнын да айырады. Тіл табиғатынан қарағанда қазақтың солай істеуі дұрыс: «мал» - «малдай» дегенде («н») жоқ; «малды» - «малындай» дегенде «н» неге қосылады? Әрине, «малы» деген сөздің аяғы дауысты дыбыс болғандықтан қосылып тұр. «Малы» дегеннен шыққан ұшықтарды «мал» дегеннен шыққан ұшықтармен бірдей істеу керек десек, тіл табиғатына дұрыс келе ме? Сондай-ақ «бала», «ана», «ата» һәм «мал», «нан», «ат» деген сөздердің бәріне де «лар» бірдей болу керек деген емес. Қазақта жазушызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген; сондықтан тілі азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған. Мәселен, «малдар» деп айтып көріңіз, «маллар» деп айтып көріңіз. «Малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, тек жеңіл өте шығады. «Маллар» дегенде тертеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қайтып алуымыз қиын. Бұл орынсыз жерде тұрған «л»-дың айтуға кемшілігі, естуге кемшілігі тағы бар. «Малдар» дегенде тіліміз таңдайға тірілмей, тиіп кәнә өтеді, «маллар» дегенде тіліміз таңдайға тіреліп, аузымыздың қуысын бітеп тастайды. Қамаудағы дыбыс пен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей болмайды. Ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығады. Қамаудағы дыбыс ажарсыз шығады. Дұрыстыққа салып тура көз бен қарағанда, тіл турасында күйінерлік іс қазақта емес, басқа түрік балаларында. Ашық дыбыстары [н] көмескі дыбыстарға, көркем дыбыстары [н] ажарсыз дыбыстарға алмастырып, тілдің сикын бұзып, сынын кетірген басқа түріктер. Дауысты дыбыстардың ашық я көмескі болмағы – ауыздың көп я аз ашылуынан болады. Ауыз көп ашылғанда шыққан дыбыс ашық болады,



ауыз тарылғанда шыққан дыбыс тұйықтау болады. Ауыз еркін ашылғанда шыққан дыбыс «а» барша дыбыстан ашық; сонан соң ауыздың тарылуына қарай екінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жәй тарылса (Э), дөңгелектеніп тарылса, «о» (о), онан әрі тарылғанда, үшінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жәй тарылса; «и» (и), дөңгелектеніп тарылса, «у» (у) дыбыстың ашықтығы қай дәрежеде болса, көркемдігі де сол дәрежеде болады. Сондықтан 1-дәрежедегі я 2-дәрежедегі дыбыстарды үшінші дәрежедегі дыбыстарға алмастырсақ, сөздің де көркі сол дәреже төмен түседі. Сөздің көркі төмендесе, тілдің де көркі төмендейді; жоғары дәрежедегі дыбысты төмен дәрежедегі дыбыстарға алмастырып тілді аздырған кемшілік татар тілінде көп. Мәселен: «а» (а) дыбысын «ә» (э), «и» (и)-ге алмастырған: «о» (о) дыбысын «у» (у)-ға алмастырған орындар көп. «а» (а)-ны «и»-ге алмастырған жерлері: «алмай» (алмай) деген сөзді «алмий» (алмай) деп, (э)-ні «и» (и)-ге алмастырған жерлері: «кет» (кет)-ті «кити» (кит), айт (эйт) «ити» (ит) деп, «о» (о)-ны (у)-ға алмастырған орындары: «лоу» (қол)-ды «лу» (қул), «от» (от) «ут» (ут) деп.

Бұлайша тілді бұзуға себеп болған нәрсе – жазу. Араб әліппесіндегі харіптер түрік тіліндегі кей дыбыстарға тура келмеген. Ол дыбыстарды жазуға басқа дыбыстардың харіптері жұмсалған. Түрік тілінде «о» (о) дыбысы бар, араб әліппесінде оған харіп жоқ; түрік тілінде «ә» (э) дыбысы бар, оған тура келетін арабта харіп жоқ. Сондықтан «о» дыбысын «у»-мен жазған, «э» дыбысын «и»-мен жазған. Бұл дыбыстар айтылуынша оқылмай, жазылуынша оқылған. «А» дыбысы «и» дыбысына алмасуына себеп болып, түрік сөздерін де араб емлесімен жазамыз деген, мәселен: қарамай – қарами.

Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта. Дұрыс емес деген «дің», «ды»-ларды һәм дұрыс деген «ның», «ны»-ларды алып қаралық. Мен айтамын: «ның», «ны» дұрыс емес, «дың», «ды» дұрыс деп. Неге десең: тіл табиғатына қарағанда «ны» келерге керек дауысты дыбыстардан соң, қазақта солай «ның», «ны» дауысты дыбыстардан соң келеді. Аяғы дауысты дыбыспен біткен һәм аяғы дауыссыз не жарты дауысты дыбыспен біткен сөздерді алып қарасақ, солай екендігі көрініп тұр. Мәселен:

мал – жарты	малдан - жартыдан
малдың – жартының	малдай - жартыдай
малды – жартыны	малда – жартыда

Дауысты дыбыстардан дауыссыз дыбыстар көп. Қағида азына қарап емес, көбіне қарап жасаларға керек. Қазақша дауыссыз дыбыстан соң бәрінде «д» кіріп тұр; дауысты дыбыстан соң екі-ақ жерде «н» кіріп тұр, үш орында «д» кіріп тұр. Қағиданы аздан шығармай, көбінен шығаратын болсақ, дауысты



дыбыстан дауыссыз дыбыстар көп; «н» келетін орыннан «д» келетін орын көп, қалайша қазақ тіліндегі «дың», «ды» дұрыс емес, «ның», «ны» дұрыс деп айтамыз.

Онан әрі: «нан» дұрыс емес, «ндан» дұрыс деген – о да даулы сөз, табиғатқа салғанда екеуі де дұрыс, жолға салғанда екеуі де дұрыс емес, мәселен:

жол бойынша боларға керек:	табиғат қалауынша:
атасыға	атасына
атыға	атына
қолыға	қолына

Сондай-ақ қазақтың «нан» етіп айтуға: табиғат қадауынша: қазақтың табиғат тартуынша: жол бойынша:

атасы	атасындан	атасынан
аты	атындан	атынан
қолы	қолындан	қолынан

деп айтылады. Табиғатына қарамай, жолға түсіру керек болса: «атасына» демей, «атасыға» деп жазу керек, «атасынан» демей, «атасындан» деп жазу керек. «Атасыға» деп жазған татарларды көрмеген соң, біз де «атасынан» деп жазып жүрміз.

Бұлардан басқа пысық көрінетін: «ма», «ме» орнына «ба», «бе» жазғанымыз; «ш» орнына «с» жазғанымыз. Бұларды қазақ айтады: солай айтылатын боған соң, солай һәм дейміз. Османылар «бін» дейді, біз «мен» дейміз, османылар «уар» дейді, біз «бар» дейміз; османылар «дағ» дейді, біз «тау» дейміз. Осы сөздердің қайсысы дұрыс? Османыларға сендердің «бін», «уар», «дағ» дегендердің дұрыс емес, «мен», «бар», «тау» деп жазу керек дейміз, жөн бе? Сол сықылды ба, бе дұрыс емес, ма, ме дұрыс деп айтудың жөні жоқ. Солай: ма, ме, яки ш жазса да түсінер; ол бірақ қазақша болмас. Татарлар неге «атасыға», «атасыдан», «атасыдай» деп жазбай, «атасына», «атасындан», «атасындай» деп жазады? Атасыға – атасындан – атасыдай деп жазса, түсінбес бе? Әрине, түсінеді, бірақ солай жазбайды. Олай жазса татарша болмайды. Қазақ та солай: ның, ны, лар, лық, лы орынсыз жерлерде келсе, ол сөз қазақша болмайды; жөнге тілдің өзі табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған. Тілдің өзінің қойған орнынан басқа орынға қойса, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң, оның түбі ол тілді бұзу, өзгерту болады. Қазақ тілін өзгертіп, татар тіліне қосу болса, онда солай деп ашып айтарға керек. Емлесін қата десек, тастап бізге келер деген ой



– қата: ол жақсы мен жаманды, қисық пен түзуді айырарлық қазақта көз жоқ дегендік болады.

Егер де Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлығ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек. Сол екеуі де қазақтан табылады. Азбаған асыл тілден емле шығарып соған қарап басқа емлелерді түзету керек.

Ақтығында айтатыным: бұл күнде жазылып жатқан кітаптарда, газеттерде, журналдарда қазақ тілінде болсын, татар тілінде болсын анықталған қағидалы еміле жоқ. Қағида жоқ болған соң, қисық, түзу емле деп айтуға да жол жоқ. Тұтынып жүрген емлеміз сап түзеген солдаттардай болғанша, мұндай сөзді қозғау түзелуімізге себеп болады. Сондықтан бұл сөзді қозғаған Хасан Ғали әфендіге алғыс айтамыз.

«Қырық мысал», «Маса» тұрасында айтатыным: олар халық үшін жазылған нәрсе, халық айтуынша жазылған. Өз тілімізден шығарып емле түзегенше, халықтың айту ауанынан шықпаймыз. Басқаларда даяр емле бар ғой, соны алайық деп, қисық емлеменен тілімізді қисайтпаймыз. Тілдің ауанына қарамай, харіптің, емленің ауанына бұрып тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп, жат тілмен жазып, өз тілінен айрылған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз. «Уақыт» пен «Шора»-ны оқығанда, қолымызға лұғат кітабын алып отырып оқимыз. Ойлаймын, арабша оқымағандардың бәрі де солай оқитын шығар деп.

«Уақыт» пен «Шорада» бастан аяғына шейін арабша сөз аз ба? Соларды лұғатдан іздеп отырып оқығанда, бастан-аяқ оқып шығуға қанша уақыт керек. Егер де нағыз түркі тілімен жазылса, арабша оқымаған адамдарға да лұғатсыз оқуға болар еді, оқығанда уақыты да көп кетпес еді.

Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келеді. Не болары белгісі. Қазақ я құрып жоқ болар, я өз тілімен де өзгелердей тіршілік етер. 20-ншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас.



Ғұмар Қараш

## Ұлт һәм туған тіл (Патшалық һәм бостандық заманында)

Россияда залым патшалар дәурен сүріп тұрған шағында жалғыз славян ұлтын, оның ішінде байлары ғана өзінің барлығын білдіріп жасай алды. Байлардан шыққан жетіктер Россияда болған түрлі тілден сөйлеуші жүзден аса халықтың әрқайсысының да айырым ұлты, ұлтына қарай тұрмысы, білім, өнері барлығын баяндап тек керек мағлұматты ... ғамалға құйылған уағында іс бүтіндей мұның керісінше болып шығып тұрды.

Патша үкіметінің ұлттар тұрмысын көріп, оларды көгертіп, көркейтумен ісі болмайды: ол әрдайымда халыққа көтере алмастай оларды өзінің мейірімсіз тырнағында тілегенінше жаншумен болды. Һәм миллиондаған халықты, әсіресе шет ұлттарды, қалайша қараңғылықпен аңсыз аюандықта өз пайдаларын білместей меңіреу, керектерін сұрай алмастай мылқау етіп ұстау қамында болып, сонымен ғана шұғылданады. Бұдан шығатын белгілі мағына әркімге де күндей анық көрініп тұр. Патша үкіметі шет ұлттарды аздап болса да ағарту, олардың ғылым, өнерде артта қалғандарын алға бастыру тіпті де қам жеген жоқ. Ол һәрдайымда ұлттарды бір-біріне айдап салып, өшіктіріп, араларында қанды соғыстар ашып, әлсізін күштісіне талатумен болды. Бұл ұлттардың мекенін аударып аяғынан тоздырып жібереді, ескі үкіметтің басқа да шет ұлттардың білім, өнерін сендіріп, өздеріне қас болған ғұрпы-ғадеттерін қалдырып, діндерін жойып, бүтіндей, орыстыққа айналдыру сықылды ең нашар ғамалдары да болды. Шет ұлттар бейнетқорларының жазымын сатып, славян ұлтының жұмыскер қарашекпендері үшін бейне айырым бір мүлік жиған сияқты көрініп жалған саясаттар жүргізді. Іс жүзінде, әрине, бұнан дұрысында сондай бір мақсат жарыққа шыққан емес. Ол қара славяншылдықты өршітсе де, бейне тек қана славян байларының шат тұрмыспен дәурен сүрулері ыңғайына қарап іс етті. Бүтін Россияда болған, Россия халқының бірігуі миссионерлер қамы һәм басқалар сияқты зор ұйымдардың бары да қызметтерін осы бағытқа ғана сіңірді. Һәм олар мемлекет бюджетінде зор шығындар жұмсалатын орындардан саналды, жалғыз ғана патша қазіретінің өзіне мәлім болған бұл шығындардың бәрі де жұмыскер қарашекпендер мен ұлттардың мойындарына келіп артулы еді.

Патшалық тәртібі гулеп тұрған замандағы іс басқарулар жоғарыда айтылған сияқты жырақта жатқан шет ұлттардың қараңғы таптарына білім



өнер сәулесін түсірмектен бетер, олардың ішкі, тысқы бүтін тобы ұлттық сақтауын жоққа шығарды. «Ұлт» сөзі құрғақ қана болып қалды.

Бір халықтың өз тілінде білім-өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгереді һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп, . . . соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады. Мұның мысалын тарих бетінде бек көп ұшыратамыз, бұрын да бірнеше халықтар болған, қазір біз олардың бірін де көре алмаймыз, һәм олар жоқ. Міне бұлар – сол тілдері жойылып кеткендер.

Тіл болмаса, ұлт та болмайды. Яғни ол ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады.

Патшалық заманында көп ұлттар осындай халдерге душар болды. Мінекей, залым патша үкіметі қолында айырма уақ ұлттар осылайша ойыншық болып жүрді. Ұлы өзгерістің қуатты күшімен патша үкіметінің негізсіз ұясы бытшыт болып таралды. Ол өзгеріс бізге сөз бен дінге үлкен бостандық берді. Һәм бүтін ұлттарға бірдей құрдастық, тегістік жолын ашты. Міне, қазір бізге айнала кеңшілік, қай жағымызда да тоқталыс беретін кедергі жоқ. Ұлтымыздың білім, өнерін, әсіресе, ана тілімізді қалайша һәм өсірсек те жолымыз ашық.

Өнер, әдебиетімізді көркейту, шаруашылық жағымызды ілгері бастыруға еріктіміз. Осы айтылған мақсаттарды жарыққа шығарғанның соңында бізде де күшті ұлттармен қатар, ұлы өзгерістің үстімізге жүктеткен зор міндеттерін атқарған боламыз.

Жалпы өнер-білімнің ішіне ана тілі болуы да кіреді һәм мұның керісінше ана тілі болудан ұлттың білім-өнері табылады. Ана тілін білмей тұрып, ешбір білім-өнерді таратуға мүмкін емес. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді.

Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасак, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз.

Біз қазіргіде сөз һәм ұлт бостандығы беріліп тұрған заманда ұлы мақсатты жарыққа шығару үшін еркін бостандық өзін өзі басқаратын ұлттар мен мемлекет бірігіп «Халық союзын» құруға борыштармыз. Сонда ғана біздің қазаққа ұқсаған уақ ұлттардың жәбіріне жықпайтын, бар күшін бүтін халыққа бірдей пайда табылатын орындарға жұмсайтын үкімет құрылып, жалпы жұрттың басқарылу құрылысының түп мақсаты табылмақшы. Бүтін халық һәрқайсысы өзі тілегенінше ұлтының білім-өнерін жалпы халық союзының шығарған жолы бойынша орыс халқымен қолға ұстасып өршіте алмақшы. Осы Ұлы Россияны сонда ғана өзінің шын тұрған жері етіп таппақшы.



Ұмытпаңыз. Өзімізді басқа ұқсас халықтан айыратын белгіміз болған ана тілімізді білсек қана осы мақсаттарша жетпекпіз.

Егер ұлттың ешбір білім-өнері болмаса, оның кәсіп-харакеті де нашар болады. Мұның соңында ол күшті ұлттың қолтығына түседі, һәм солайша біраз уақыт өткен соң ол ұлт бүтіндей жоқ болып кетеді. Осы айтылғандардың бәрі де білім-өнері болмаған ұлттың ұлт емес екендігіне дәлел.

Яғни ұлтшылдықтың нағыз белгісі болып табылады. Тіл мұнан басқа айырмаларда ұлттардың бәрі де бірдей. Тіл ешбір уақытта өзге нәрселерге бас имеске тиіс. Біз оны бегірек те сүюге һәм түрлі жұқпалы шет тілдерден сақтауға борыштымыз. Тіл – айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады.

Бала анасының құрсағында-ақ, өз ұлтының тілімен ауызданады, бүтін денесі сонымен азықтанады. Өскеннен соң бала тілді жарыққа шығарушыға, өршітуге борышты.

Қазақ халқының келешектегі ұрпағының жазымы да осыған тіреулі. Біз ана тілімізді оқып білсек, соның арқасында ұлтымыздың білім-өнерін алға жібереміз, өршітеміз. Білімі ілгері болған жақта тұрмыстың тірегі болған кәсіпөнер жолының кең болатындығы шексіз мәлім, онда шаруашылық жағы да орасан күшті әм өте сенімді болады.

Осы айтылған істерді орнына келтіргенде ғана өз ұлтымызға айырым басқалықтар даулай аламыз.



Халел Досмұхамедұлы

## Жат сөздер туралы

«Қазақ тілі бұл күнге шейін басқа тілдерден сөз алып келген болса, мұнан былайғы заманда тілімізге тағы жаңа терминдер кірмек... Қазақ тілі жаңа тұрмысқа керекті сөздерді тағы алмай тұра алмайды, тілесен де осылай болады, тілемесең де! Дүниеде жалғыз қазақ тілі осы күйге түсіп отырған болса онда басқа әңгіме болады. Бірақ бұл күйге түсіп отырған жалғыз қазақ тілі емес. Басқа тілдердің тәсірінен құтылған бір тіл жоқ. Неміс, орыс, пырансуз – барлығы тілде бір-бірінен борыштанып отыр, ал енді табиғат заңы осылай болған соң, қазақ тілі қалай аман қалмақ? Басқа мәдениетті елдерден қашып, тіл байымайды. Бірақ сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беру де жарамайды. Опыр-топыр болып тіліміздің негізгі заңдарын бұзып, тас-талқанын шығарып жіберу де бар. Қазақ тілінде шыққан әдебиетті қарасаң, тура жазылған бір кітап, бір журнал, бір гәзет жоқ. Біреу йануар, біреу гинуар, біреу қазыр, біреу әзір ... деп жазады. Мұндай мысалдар толып жатыр. Мұның қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс – ойланған жан жоқ».

«Біздің тілегіміз – жат тілдерден қазақшаға кірген сөздердің өзгеру заңын табу. Сөз өзгеру заңын табу әзіргі, келесі әдебиетіміз үшін пайдалы да, өте керекті де бір жұмыс. Әдебиетте тіл көбейтпей-ақ бір түрге салу, бір жоба қою тілдің бұзылмай өсуіне пайдасы бар екендігі анық. Екінші, тілдің келесіде баюына жол тазалау». Нәзір осылай деп жат сөздер туралы жазғандағы мақсатын жариялайды. Бұл мақсатқа жету үшін Нәзірдің ойынша: «Біз білген тілдерде жат сөздерге қойылған серт заңдай қазақ та өз тіліне белгі, көше салып қою керек. Қазақ тіліне кіретін жат сөз болса, қазақтың тұмағын киіп, жалпақ қазақ сөзі болып кірсін...».

Жат сөзге қазақ тұмағын кигізу үшін Нәзірдің ойынша қазақтың тіліне сіңіп кеткен араб-парсы сөздерін тексеріп, «елдің баяғы заманда өзінен пішіп қойған» үлгісін алу керек. Алдымен Нәзір қазақ тілінде жоқ араб-парсы дыбыстарының сіңген сөзде қалай өзгергенін тексереді де, осы тексеруден келіп жат сөздің өзгеру заңын шығарады.

«т», «т», «с», «з», «з», «х», «ч», «ф» дыбыстары қазақша «т», «с», «з», «қ», «ш», «п», «б» таңбасымен белгіленген дыбыстарға ауады деген жөнісі бұрыннан-ақ белгілі еді.

Нәзірдің көрсетуінен «ғайын», «и», «һ», «х» таңбаларына ие болған бөтен дыбыстардың қазақша қалай өзгеретіндігі анықталып отыр. Нәзірдің айтуынша: «ғ» (ғайын) қазақшада сөздің басында жана аяғында түсіп қалады,



сөздің ортасында келсе «ғ»-ның міндетін атқарады я әйтпесе, көбінше мүлде жоғалып кетеді. «Х» қазақшада жоғалып кетеді, оның орнын көбірек «е», «ү», «а» басады. «Һ» қазақшада көбінше жоғалып кетеді. Қайсы шақта сөздің ортасында келгенде «ғ» «и» болып та жүреді. Сөздің аяғында келсе жоғалады я «е» болады.

«Й» қазақшада сөз басында келсе «ж» болып, басқа жерде өзгермей жүреді.

Біз де бұл жолды дұрыс дейміз, тек тағы да тексеріңкірейтін нәрсе «Һ»-ның сөздің ортасында «ғ» болуы. «Һ» сөздің ортасында «ғ» болмаса керек. «Баһа»-ны «баға» деу дұрыс емес, «баһа» деу дұрыс болса керек.

Нәзірдің екінші тексергені кәсре, хамзе, фатхе, сөз ішіндегі хамзе. Нәзір былай сөйлейді:

«Жіңішке я жіңішке болып кіретін сөздерде «фатхе» көбінше «е» бо-лып кетеді. Сөздің ішіндегі әліп, әсіресе аяғындағы әліп мүлде жоғалып, сөздің жалпы құрылысына қарай «е» болып кетеді. Жіңішке сөздің аяғында еш уақыт «әліп» келмейді.

«Хамзе» «у», «ү», «ұ» болып өзгереді. «Кәсре» «е», «ы», «і» болып өзгереді.

«Таштит» мәселесі де жеңіл, «м», «н», «л» әріптері қабат келмейді. Қабат келіп қалғанда «л», «н», «м»-ның екіншісі «д» болып кетеді. «М»-нің екіншісі «б» болады. Басқасының қабат келуі мүмкін болса да, қабаттаудан қашу артық болар. Не болғанда да бұл заң «л» әрпіне қатты қарайды.

Араб-парсыдағы «асты-үсті»-мен таңбаланатын дыбыстардың қазақ тіліне келгенде қалай өзгертінін әлде де тексеріңкіреу керек. Біздің ойлау-ымызша, қазақтың түбір сөзінде бір дыбыс қабатталып айтылмайды. Бөтен сөздерде де қазақшалағанда осылай болуы керек.

Нәзірдің «іззет»-ін, «леззет»-ін, бөтендердің «махаббат»-ын біз қата дейміз. Лезет, мақабат, ізет болуы керек, «Сләм, Мләк» сөздерінде ортада «әліп» бар. Бұл әліп жылжып, сөздің бірінші буынына өтіп кетіп отыр.

«Тн», «хркт» сықылды сөздерде әліп болмаса да «тән», «әрекет» деп, қазақ әліп қосып отыр деп Нәзір жазып отыр.

Нәзірдің осы сөзін біз түсіне алмадық. Бұ жерде қандай заң барлығын Нәзір анық шешпейді.

Біздің ойымызша, бас әріптің өзі жоғалды да, тек үсті қалып, «әліп» болды. Сөздің ішіндегі әліп қазақ тілінің заңы бойынша «ә» болды. Асты, үсті, үтір, тәштитті әлде де тексеріңкіреу керек деп тағы айтамыз.

Жаңа да Нәзір былай дейді: «Біздің тілімізге соңғы заманда кірген я енді кірейін деген араб-парсы сөздері толып жатыр. Бұл сөздер көбінше тымақ ки-мей кіріп барады. Мұның себептері бар. Ең бірінші себебі: Арқадағы піресе.



Арқада қазақ араб-парсы сөзін көбірек татардан үйренеді. Ғылым, ғибрат, физат, Құсейін, Ғазиза, ғараб, әліпба әдебиат, мәдениат деп қазақ тілін түзу әдеті татардан Арқа қазағына өтіп, жалпы қазақ әдебиетіне күйедей жұғып барады. Бұл әдетті жою керек. Бұл жараны күйдіріп тастау керек. Татарда араб-парсы сөздерін бұзбай алу, бұзбай айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды. Басқаның сөзін бұзбай айтам деп тіліңді бұрап жүргенде өз тіліңнен айрылып қаларсың».

Нәзірдің осы бір сөзі әрбір қара танитын қазақтың есінде болуы керек. Әсіресе жазушылар, ақындар, білім иелері жаттап алуы керек. Сөзді «өзінше» бұзбай айтамыз, жазамыз дейтін қызыл кеңірдектерге осы сөзді көбірек ойлау керек.

Араб-парсының ішінде Нәзірдің айтуынша, заңға тура келмейтін бір сыпыра сөздер бар. Мәселен: «Ахмд», «мғлм», «мхмд», «хрмт», «хлил» сықылдылары әзіргі заманда «заңсыз» өзгеріп жүреді. «Ахмед», «Аһмет» болса керек еді, бірақ ешкім олай айтпайды, «Ахмет», «Ақымет» дейді.

Жат дыбыстың өзгеру заңын айтып келіп, Нәзір «адам аттарынан басқа жерде ереженің бұзылуына еш бір жол жоқ» дейді.

Адамның аттарын өзгелеп бөлудің керегі жоқ; заңмен жүретін болсақ, заңды заң қылу керек. Заңға көнбейтін аттар да әбден сіңіп болмаған сөздер болады да, өзгертіп сіңіру керек. Арабтың «Ахмад»-ы заң бойынша қазақшалағанда «Әмет» болатын болса, Әмет қылу керек. Араб-тың «Мухамад»-ы мен «Халил»-ы қазақша «Мәмбет» бен «Әлел» болатыны ырас болса, қазақша дұрысын жазу керек. Араб-парсыдан келген адам аттарын әбден тексеру керек те, қазақша нағыз дұрысын шығарып алып, азан айтып, жұрттың көбіне қайта ат қою керек.

Әмет деген ат қазақтың ел әдебиетінде ұшырайды, осы күнде де ел ішінде «Әнет» деген ат ұшырай береді. Біздің ойымызша, арабтың Ахмады әуелі Әмет болып, кейін Әнет болған болар.

Араб-парсыдан кірген -паз, -ыстан, -кер ... секілді жұрнақты да Нәзір тексереді. Бұ жұрнақтардың кей орында қата тіркеліп жүргенін көрсетіп, бұлардың қазаққа керегі жоқтығын ыспаттайды. Бұ да ойланатын нәрсе. Өзіміздің тіліміздегі білім иесі, білгіш, жұмысшы, ісші тұрғанда шынында да білімпаз бен жұмыскердің не керегі бар. Нәзір айтқандай, «-ыстан»-ның да керегі шамалы-ау.

Ауропадан келген жат сөздер туралы Нәзір былай жазады: «Ауропа сөздеріне келгенде де жоғарыда көрсетілген өзгеру заңдарын пайдалану керек. Жалпы құрылысына қарағанда араб-парсы сөздеріне пішкен заңдарымыз Ауропа сөздеріне де жарайды десек, үлкен жаңылыс болмайды. Ауропа сөздерін алғанда қазақ тілінің ыңғайына қарай заң қою керек қой. Мәселенің



тамыры қазақ тілінде, мәселенің ең қиын жері де қазақ тілінің қисынын табу. Жат сөздердің тексерілуі қазақ тілінің қисынын табуға жәрдем береді. Жат сөздер бұл іске үлкен пайда беретін материал».

«Жат сөздің өзгеру заңын ойлау, қарастыру былай тұрсын, сол өзгерудің өзін[ің] керектігін осы кезге шейін білмеген «білім иелері» бар» деп Нәзір өкінеді. Мұнысы рас. Дегенмен, Нәзірдің айтуындай-ақ, бұлар түбінде тілдің негізін жоюға болмайтындығын түсінеді ғой.

Ауропа сөздеріне келгенде де Нәзір жоғарғы көрсеткен жолын ұсынады. «Ауропа сөздерін өзгерткенде араб-парсы сөздерін өзгерту жолы бұған да жол болады» дейді.

Нәзірдің бұл сөзін де дұрыс дейміз. Ауропа сөздерін де қазақ тілінің заңымен өзгертіп алу керек. Жат сөз тілдің заңына бағынбаса сіңбейді, қазаққа мұра болмайды. Аурупаның сөздерін өзгерткенде Нәзір мынадай жол көрсетіп отыр. «П», «к», «ф», «б» жарамайды... өйткені биология деген де сөз бар... Сөз басында, не согласная алдында келген «г» «к» бола-ды. Сөз басында қай уақытта «ж» болады..., [...] «h» мүлде жоғалып кетеді де, орнына алдыңғы дыбыс жазылады.

Орысшадағы дыбыстардан:

«В» – қазақшада сөз басында «у» болып кетеді, «В» әзіргі заманда «п» болып жүр, көбінше пәмилиеде жазылады. «П»-ның теңі «ф» деп едік. Мұның орнына мүмкін болған жерде шолақ «у» алынғаны жақсы.

«Ц» сөз ішінде «тс» болып та жазылады. «Я» – сөз басында келгенде «жа» болады. Орыс не Ауропа сөздері келгенде, сөздің қысқасы, екі пыринсыпты ойлап, өзгерту керек. Бірі – қазақ тілінің жалпы қисынына келтіру, жалғыз-ақ таңба ауыстырумен қанағаттанбай, сол сөздің түбін, затын тексеріп барып өзгерту. Аномалиялар жасаудан мүмкін дәрежеде қашу. Екінші – сөздің жеңілрек, әдемірек айтылатын [ың] да ойлау. Бұл жерде қайта айтып өту керек: жінішке сөздердің аяғында әліп болмайды, пәмилие де, адам аты да, жер, өлке, ел аты да, жай сөз де осы заңға қарайды деп Нәзір түрлі мысал көрсетеді.

Нәзірдің бұл сөзіне біз тағы қосыламыз, осы айтқаны дұп-дұрыс. Нәзірдің жазуында адырайып тұрған мынадай қатасы бар. Қазақ сөзінде бас буыннан басқа жерде «о» келмейді. Бұл – тілдің негізгі заңы. Астрономия, пилосоп, егемоние... деп екі сөздің бірінде негізгі заңды Нәзірдің өзі бұзып отыр.

Жаңа да 1924-інші жылғы білім иелерінің сиезінде «ұ» дыбысы қазақ тілінде «ы»-ға ауып барады, сөздің ішінде бас буыннан басқа жерде дудемел естілгенде «у» жазылмасын, «ы» жазылсын делініп еді. Нәзір бұл жолды да бұзып отыр. «Үшүн», «қабул», «бұрұн», «ұсұнұп» деп Нәзір шатастырып отыр.

Заң үйретушінің алдымен өзі заңға бағынуы керек. «Білім ордасы Ауру-



па терминдеріне араб-парысқа қарағанда кеңірек жол ашсын» деп Нәзір жазады. Бұған ешкім қарсы емес. Бірақ «сақал бояудың керегі» жоқ. «Тарик» деген сөздің орнына Нәзір «историе» деген сөзді алалық дейді. «Историе оқытушыны истәрік деу жеп-жеңіл» дейді.

«Историе» мен «пизике»-ні алсақ, «истәрік» бен «пизік»-ті алуға болмайды. «Саясат» бен «мәдениет»-ті алып отырып, «саяси», «мәдени» деген секілді бұл тілдің заңына қарсы.

«Ыстан, кер, паз»-ды көтере алмай отырғанда, «ик»-ті мойнымызға мінгізіп не қыламыз. Жана да сіңіп кеткен «тарик»-тың басын ауыртып не керек. Керек сөз көп қой.

Үйірге түскен сәуірік айғыр үйіріндегі тай-тулақты қуып, үйіріне жақындаған бөтен жылқыны тістеп, үйіріне жан жуытпайды. Нәзірде де сәуіріктің мінезі бар. Біреуді «тістемей, шанышпай, найзаламай» сөз жазбайды. Жат сөздер туралы жазып отырып «міржақыптар» мен «ишаналыны» қыстырып қойыпты. Былтырғы жазған «Жаңа әліпбиінде» де талай адамдарға құлағын жымитып ұмтылған еді.

Білім сөзінде мұндай мінез бізге ерсі көрінеді. Осы мінезін жойса, Нәзірдің жазуы «нағыз білім сөзі» болар еді.

Ал енді сөзді қорытқанда: Нәзірдің осы кітабы – қазақ әдебиетіне артықша олжа. Бұ кітап әрбір жазушының, тіл тексерушінің, газет-журнал шығарушының, оқытушының қолында болуы керек.

Нәзірден енді араб-парсының сөзін тізіп, қазақшаға аударып, бір тілмәш жасап бер деп өтіну керек. Сонда қай сөздің қалай жазылатынын біліп алар едік.

Кітаптың басылуы да жақсы, қатасы жоқ.



## Мазмұны

### *Туған тіл - тұғырың*

**Қ. Асыллов.** Рухани жаңғыру – ұлттық жасампаздық бастауы.....3

### *Түбі бір түркі тілі*

**М. Ескеева.** Орхон, Енисей, Талас ескерткіштерінің тілдік рекшеліктері.....6

**Г. Раева.** Түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктері.....12

**Б. Қалиұлы.** Қазақ терминдері қандай болу керек?!.....18

### *Жеріңнің аты – еліңнің хаты*

**Қ. Сапаров. А.Егінбаева.** Сарыарқа топонимдерінің қалыптасу жолдары және этимологиясы.....25

### *Әдістеме аясы*

**К. Жақсылықова.** Мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту мәселесі.....32

**А. Әбдіхалықов.** Ересек азаматтарға қазақ тілін оқыту әдіснамасын стандарттау және жүйелеу мәселесі: ҚАЗТЕСТ тәжірибесі, нәтижелер, статистика.....38

### *Болашаққа бағдар*

**Ә. Жүнісбек.** Төл дыбыс – төл әліпби.....47

**А. Абасилов.** Рухани жаңғырудың бастауы – ұлттық сана, тірегі – тіл.....58

### *Салиқалы сұхбат*

**Ә. Бәкір.** Ұлттық мемлекет – ұлы мақсат.....64

### *Әлемдік ақыл-ойдан*

**Л. Витгенштейн.** Логика-философиялық трактат.....73

### *Маржан сөз*

**Байдалы шешен**.....77

### *Қалтарыста қалған қазына*

**Б.Ысқақов**.....81

### *Алашорда – 100*

**А. Байтұрсынұлы.** Қазақша сөз жазушыларға.....86

**Ғ. Қараш.** Ұлт һәм туған тіл.....91

**Х. Досмұхамедұлы.** Жат сөздер туралы.....94



## РЕДАКЦИЯНЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,  
Орфографиялық хақы сақталады.

Альманах Ш. Шаяхметов атындағы  
тілдерді дамытудың республикалық  
үйлестіру-әдістемелік орталығында  
теріліп, беттелді.

Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған

С. Баубекова

Редактор С. Жұмағұлов

Корректор М. Шіменбаева

### *Редакцияның мекенжайы:*

Қазақстан Республикасы

010000, Астана қаласы,

Сауран көшесі, 7 А,

Тел.: 8 (7172) 40-83-97

Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 18.05.2017 ж.

Басуға қол қойылған күні 19.06.2017 ж.

Пішімі 70x100 1/16. Шартты баспа табағы 8,0

Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс №

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы

"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.